Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында екені даусыз. Қай заманда да қоғамның негізгі қозғаушы күші-кейінгі ұрпақ. Бүгінгі жас тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді орнықтыру басты мәселелердің бірі болып отыр.

Ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Бүгін жұртшылық арасында діннің беделі артуда, діни нанымдар мен діни бірлестіктер саны өсуде. Біз мұндай конфессиялық сан алуандылығымен ерекшеленетін әлемдегі санаулы елдің біріміз. Бірақ бүгінгі таңда алыс-жақын мемлекеттердегіт лаңкестік оқиғалар мен діни экстримизмнің көріністері, жастарымыздың өзге дінге оту көріністері мен эктирмистік парақшалардың көптеп таратылуы жап-жақын назарм аударуды қажет ететін мәселеге айналып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына арналған жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр», деп атап өткен болатын. Біздің зерттеу атап өткен болатын. Біздің зерттеу жұмысымыз жасөспірімдердің діни қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбына арналады. Бұл тақырып өзекті, себебі: елімізге қаптап келіп, қоғамдық ұйымдар ретінде тіркеліп алып «компьютер, ағылшын тілін үйретеміз» іспетті; түрлі

алдау-арбау, қулық сұмдықтармен жасөспірімдерді өз қатарына тартып жатқан миссионерлер де бар. Қазақстандағы діни пансионаттар мен медреселердегі діни тәлім-тәрбиелерде бүгінгі таңда көп күмән туғызады. Бір мысал келтіретін болсақ негізгі қауіпті құбылыс «уаххатилік» ағымның артынан еріп кетушілердің саны көбейіп «сәләфи» ағымын кеңінен насихатталуы көңілге үлкен қорқыныш ұялатады. 2007 жылы еліміздегі жастардың 15% осы ағымға ере бастаған. 2014-2015 жылдары бұл көрсеткіш 30% жеткен, оның ішінде 75% 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар. Дәлел келтіретін болсақ: Шымкент қыздар пансионатында 8-15 жастағы қыздардың арасында исламдық фанатизмге тәрбиелеу жұмыстары жүргізілген. Ал оны тоқтатын құқық тетіктері болмай шыққан. Ал 2014 жылы « Таблиғи Жамат» ағымның мүшелері ислам атын жамылып жасөспірімдерді алдап өз қатарларына шақыру әрекеттері әшкереленді. Олар 16-17 жастағы жасөспірімдерді Пакистанға, Бангладешқа тегін оқуға жібереміз деп үгіт – насихаттарын жүргізген. Өкінішке орай ағым мүшелері ешқандай құқықтық жазаға тартылмады. Бұл оқиғадан жасөспірімдердің діни қауіпсіздігін сақтау қаншалықты өзекті екенін көреміз. Жалпы өркениетте 60 елде дінбұзарлыққа тыйым салынған, 40 елде дінбұзарлық шектелген. Семей қаласында әртүрлі діни ағымдар мен қозғалыстар заң бұзушылыққа баратын көрінеді. Біздің сұрауымыз бойынша прокуратура бөлімі 2016 жылы орын алған заң бұзушылықтар туралы мәлімет береді. Бұл мәліметтерге жүгінетін болсақ 2015 жылы Семейде бірнеше заң бұзушылық болып, 6 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған екен. Ислам атын жамылған "Да Гуатшылар" ұйымы мен Елемесова көшесінде орын тепкен Евангалистік-Христиандық баптистер ағым ешқандай да тіркеусіз, яғни заңсыз миссионерлік қызметтермен айналысқандары үшін жауапқа тартылған. Ал Ислам Пакистан Республикасының азаматтары Хан Мұхамед Джалис, Мұхаммед Юнис, Мұхаммед Сабир Семей қаласына "Қазақстан нарығын зерттеуге келдік" деген сылтауратып, іс-жүзінде рұқсатсыз дәстүрлі емес діндерді насихаттағаны үшін жауапқа тартылып, өз елдеріне қайтарылған. Көріп отырғанымыздай дінбұзақылық бізде де баршылық. Семей қаласында бүгінгі таңда дәстүрлі діни орталықтармен қатар 40 діни ұйымдар арнайы тіркелген екен. Деректерге сүйенетін болсақ 10 бірлестік Ислам бағытандағы ұйымдар, оның 5 қалада, ал қалған 5 қала шетіндегі ауылдарда екен. Қалған 30 христиандық, евангалия, лютеран, йегова, благодать сияқты ұйымдар сонымен қатар қалада арнайы тіркелмеген көптеген діни ағымдар мен ұйымдар бар. Сондықтан да менің зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Көп конфессиялық қоғамдағы жасөспірімдердің діни қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәні мен маңызын ашып көрсету. Діни қауіпсіздікті қамтамасыз ету іс-шараларының заңдылықтары мен практикасын әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау. Зерттеу жұмысымыздың міндеттері:

- Қазақстан Республикасының дін саясатының әлеуметтік-құқықтық сипаттамасына шолу жасау;
- Қазақстанда жасөспірімдердің ар-ождан бостандығын жүзеге асыру негіздеріне тоқталу;
- Көп конфессиялық қоғамда жасөспірімдердің діни қауіпсіздігінің сақталуы жағдайын зерделеу;
- Жасөспірімдер арасында сауалнама өткізу нәтижелерін саралау;
- Діни экстремизмнің пайда болуының алдын алуға бағытталған іс-шараларға ұсыныстар жасау;

А. Ибраева

«Бақыршық орта мектебі» КММ, ШҚО, Жарма ауданы, Әуезов кенті
Ғылыми жетекшісі – Солумбаева А.М

АЛАШ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫ

Еліміз тәуелсіздігін алып, жеке демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде дамып келе жатқанына биыл 25 жыл толып отыр. Өзінің ұлттық тарихын жете біліп, бағаламаған халық ешқашанда дамудың дұрыс жолына түсе алмайды. Сондықтан бүгінгі күні біздің тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуының сара жолын салып берген Алаш Орда қайраткерлерінің озық ойлары біз үшін табылмайтын мол қазына болып табылады. XX ғасырдың басындағы қалыптасқан қазақ зиялы қауым өкілдерінің өмірі мен қазақ қоғамын дамытуға қосқан үлесі кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Алаш қайраткерлері қазақ елін тәуелсіздікке жеткізу жолында құрбан болды. Бірақ артында осы кезге дейін маңыздылығын жоймаған өте құнды Алаш

партиясының бағдарламасын қалтырып кетті. Алаш партиясы мен Алашорда өкіметі бағдарламасы белгілі дәрежеде қазақ жұртына большевиктер ұсынған кеңестік даму жолымен бір мезгілде өмірге келген балама өркендеу жолы болатын. Сол тарихи кезеңде қазақ қоғамын терең дағдарыстан өркендетті даму жолына шығару үшін, тарихи тәжірибе көрсетіп бергендей большевиктер ұсынған бағдарламаға қарағанда Алаш қайраткерлері ұсынған жол анағұрлым тиімді еді. Өйткені Алаш зиялылары ұсынған балама жол қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен өзгертуде емес, қайта оларды эволюциялық жолмен басқа өркендетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып одан әрі жетілдіре түсуді көздеді.

Алаш партиясы бағдарламасының тарихи маңызы зор екенін біз осы күні көріп отырмыз. Бағдарламаның бөлімдеріне талдау жасасак:

I. Мемлекеттік қалпы. Мұнда Ресейдің демократиялық, федеративтік республика болып құрылуын қарастырады.

«Демократия-халық билігі деген мағынаны білдіреді. Ал, «Федерация» мағынасына жалпы сипаттама берсек, әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болды. Әр мемлекет өз билігін өзі тәуелсіз жүргізеді. Осы бапқа қарасак, Алаш қайраткерлері құғынға ұшырап құрбан болмағанда, сол кездің өзінде тәуелсіз, демократиялық мемлекет құруы мүмкін еді. Олардың асқақ мұраттары қазіргі кезде іске асып отыр. Мысалы, біздің Конституция бойынша адам құқығын шектеу халықаралық және еуропалық стандарттарға сәйкестендірілген. «Адам мен азамат құқығына және бостандығына тек қана заң шеңберінде, конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тыныштықты сақтау мақсатында, адам құқығы мен бостандығына қауіп төнген жадайда ғана шектеу қойылуы мүмкін. Демократиялық мемлекеттердің конституциясы оның орнықтылығымен, тұрақтылығымен және өміршеңдігімен бағаланатынын айтуға болады. Осындағы тең, іргесі бөлек және өз тізгіні өзінде дегенде бағдарлама авторлары тәуелсіз мемлекетті мензеп отыр. Ал тәуелсіздік сол елдің байырғы тұрғын халқының ұлттық мүддесіне қатысты екені белгілі. Осы бөлімнің қазіргі кездегі өзектілігі күмән тудырмайды.

II. Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей федерациясының бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлес болу, реті келсе бірден-ақ өз алдына жеке болу

Қазақстанның тәуелсіздігі Қазақ елінің, қазақ жұртының ғана бостандығы емес, осы жердің иесімен бірге өмір сүріп отырған 100-ден астам этностардың да бостандығы. Қазақстан территориясында унитарлы мемлекет ретінде бір Конституция, заң шығарудың біртекті жүйесі, бір азаматтылық орын алған. Қазақстан Республикасының құрамдас бөліктері (облыстары) өзіндік мемлекеттік егемендікке ие емес. Қазақстан Республикасында біртекті қарулы күштер өзінің мемлекеттік нышандары бар. Республикалық әкімшілік территориялық құрылымы, оның астанасының беделі мен орналасуы арнайы заңдармен анықталады. Мемлекеттік тәртіп кең мағынада барлық мемлекет өмірінің әдістерімен, формаларымен тығыз байланыста болады. Өйткені, тәуелсіздіктен кейін еліміздегі ұлыстар өз халқының мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін түлетіп, тарихын тануға, өз дініне оралуына, сену еркіндігіне ие болды.

III. Негізгі. Құқық. Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиналыс жасауға, қауым ашуға жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік: хұқмет қызметкерлері, иесінен рұқсатсыз һәм кім табалдырығын аттаушылық, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық, қылмысты болған адам судья бар жерде 24-сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жабу. Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу. Бұдан бағдарламаны жазған адамдардың құқықтық білімдерінің жоғары деңгейде болғанын көреміз. Сонымен қатар әділеттілікке негізделіп, барлық ұлттардың мүдделерін тең ескеруі мықты талдау. Біздің республикамыздың да құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы осы ұлт көсемдерінің озық ойларынан туындағаны сөзсіз. Дербестік жолға түскен Қазақстан құқықтық мемлекет идеясын бірден қабылдады.. Конституцияның 1-бабы Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетті бекіту жолына түскенін, мемлекет құру жолына түскенін білдіреді. Қазақстан халқы алдына жоғарғы мақсат қойды – құқықтық мемлекет құру. Міне Алаш арыстарының құқықтық нормалары қазіргі кездегі тәуелсіз еліміздің заң жүйесінде өзінің орнын нақты тауып отыр деп айтуға болады. Біздің конституциямыз өз бастауын осы Алаш бағдарламасынан алғанын байқауға болады.

Келесі: IV. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болады. Дін біткенге тең құқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болады. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою

сияқты істер молдада болу, жесір дауы сотта қаралады. Бұдан Алаш қайраткерлерінің сол кездің өзінде қазақ жерін мекендеген өзге дін өкілдеріне құрметпен қарағаны көрінеді. Ал қазір біздің мемлекетіміз зайырлы мемлекет. Жесір дауын сотта қарауы да әділеттілікке жатады. Қазіргі кездеде жаназаны жергілікті жерлердегі молдалар шығарады. Ал дін ісіне келетін болсақ, Алаш қайраткерлерінің дінге байланысты ұстанымдары Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуынан көрініс табады.

Еліміздегі дәстүрлі исламның бірден-бір мойындалған құрылымы - Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. Діни қатынастарды реттейтін жақында қабылданған заңда мемлекет халқымыздың рухани өмірінде исламның ханафи бағытының орны мен ролін мойындайтыны атап көрсетілді. Бұл өте дұрыс. Қазақстан - зайырлы мемлекет. Сондықтан біздің дін саласындағы саясатымыз конфессияаралық татулық пен толеранттылықты нығайтуға бағытталған.

Келесі: V. Билік және сот. Әр жұртқа билік пен сот тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би және судья жергілікті жұрттың тілін білу керек. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі мен үкімі жергілікті жұрттың тілін білу керек. Аралас жерде соттың тергеуі – тексеруі мен үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би мен судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік және сот жүзінде жұрт біткен тең болады; құдайдан соңғы күшті би мен судья болып, кімде болса, олардың үкіметіне мойын ұсынады. Айтылған үкім тез орнына келуі керек. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралады. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болады. Присяжный қазақтан алады. Қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт қалаған ереже жолымен атқарылады. Міне бұл ұсыныстарда қазіргі Қазақстан Республикасының сот жүйесінде жүзеге асырылып отыр.

Негізінен Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы мен судьялар мәртебесі, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және басқа да заң актілерімен белгіленеді. Бағдарламада Би мен судья орнынан тергеусіз түспеу керек деп көрсетіледі. Қазіргі кезде билер болмағымен судьялардың құқықтары заңмен қорғалған. Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Судьяға тиіспеушілік оның жеке басына, меншігіне, ол тұратын тұрғын үй және қызметтік үй-жайларға, ол пайдаланатын жеке және қызметтік көлік құралдарына, оған тиесілі құжаттарға, бағажына және өзге де мүліктеріне тиіспеушілікті қамтиды.

Ал, бағдарламадағы ауыр жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралады деген ұсыныстарда қазіргі кезде алқа билердің ауыр қылмысты істерді қарауда сотқа қатысуымен дәлме-дәл келіп отыр. Елімізде алқаби-лердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мақсатында 2006 жылдың 16 қаңтарында «Алқабилер тура-лы» Заң қабылданған еді. Бірақ бағдарламадағы өзгешелік присяжный қазақтан алады делінген. Қазір бізде алқа билерді әр ұлттың өкілінен ала береді, бірақ ол мемлекеттік тілді білуі тиіс. Өйткені менде алқа би ретінде сот істеріне қатысып, онда алқа билерге қойылатын талаптармен жақсы таныс болдым. Бұл әрине сот істерінің әділ жүруіне септігін тигізеді.

VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы тиіс. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету керек. Әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндеттерін қазақ атты милиция түрінде атқару.

Бағдарламаның бұл бөлімінде қазіргі кезде өзекті болып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін біздің әскери қорғаныс ісінде жаңа сатыға көтерілді. Әскери қауіпсіздік жүйесін құрудағы шешуші құқықтық акт - «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін құру туралы» Президенттің 1992 жылғы 7 мамырдағы Қаулысы болды. Бұл құжатта Қазақстан аймағында орналасқан Қарулы Күштер және оның мүліктері республикасының юрисдикциясына өтетіні айтылған. Алғашқы күннен бастап ақ Жоғарғы Бас Қолбасшы еліміздің әскери әлеуетін нығайтуға ғана емес, сонымен бірге басқа мемлекеттермен бірлесіп ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шешімдер қабылдады. Президент ұлттық әскери ғылыми базаны дайындау және дамыту үшін әскери мамандарды дайындау мәселесіне барынша назар аударды. Қарулы Күштерді білікті мамандармен қамтамасыз ететін жоғарғы әскери оқу орындары ашылды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері толықтыру жүйесінің жауынгерлік дайындығын жоғарылату және жетілдіру мақсатында 2004 жылдан бастап келісім-шарт бойынша әскери

қызметкерлерді қабылдау артты. Әскери дайындық интенсивтілігі өсті. «Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті болып табылады.

VII. Салық мәселесі. Салық мал-ауқат, табысқа қарай, байға-байша, кедейге-кедейше әділ жолмен таратылуы керек.

Бағдарламаның бұл бөлімінде -салық мал-ауқат, табысқа қарай, байға-байша, кедейге-кедейше әділ жолмен таратылуы керек делінген. Қазіргі кезде елімізде 2013 жылы қарашада қабылданған салық кодексі бойынша зәулім үйлері бар, үлкен машиналары бар адамдар көбірек салық төлейтін болды. Бірақ бұл мәселе 2014 жылдан бастап сатып алынған машиналардан жиналады деп қайтадан өзгертілді. Бұл жерденде ортақ ұқсастықтарды байқауға болады.

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық және ақылсыз болады. Жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау мен қойылуы, ел ішінде кітапханалар ашылуы керек.

Бағдарламадағы көрсетілген талаптар қазіргі кезде толығымен іске асырылып отыр. Осының ішіндегі оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы керек деген жолға келсек, бұл мәселеде жақында еліміздегі білім беру саласында көрініс табатын болады. Үкімет отырысындағы Білім және ғылым министрлігінің баяндамасында жоғары оқу орындарына дербестік беруді көздейтін автономия туралы хабарланды. Автономдық мәртебесін алған жоғары оқу орны білім беру сапасы үшін, өз студенттерінің жұмыспен толық қамтамасыз етілуі үшін жауапкершілік көтереді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоспарына сәйкес, жеке даму бағдарламасын әзірлеп, басқарудың алқалық түрін енгізген, Қамқоршылық кеңес құра алған және жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдай алатын жоғары оқу орындарына ғана автономия беріледі. Бұл ретте, мемлекет тарапынан бақылау мен қолдау, қаржыландыру сақталады. Жергілікті атқарушы органдар, бизнес пен қоғам жоғары оқу орнын басқаруға қатысады. Бұл жоғары оқу орындарының ашықтығын көтеріп, қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес, жоғары білім беру саласына инвестициялар тарту үшін тиімді шарттар қалыптастырады.

X. Жер мәселесі. Төтенше жиналыс негізгі заң жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі, бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі, сыбаға өлшеу – норма жерлердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалуы; сыбағадан артылған жер земство қолында болуы тиіс; Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі. Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі жерді қазақ үйі басына иленбей ауыл-аймақ туысқан табына меншіктеп алу, өзара әділдік жолымен пайдалануы керек. Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалануы керек. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынаныкі болып, билігі земство қолында болу. Аса зор ағаш, өзендер мемлекеттік болып, аз ағаш және көл байлықтары земство мүлкіне саналуы керек.

Міне, осы Алаш партиясының тарихи бағдарламасының мәтіні осылай еді. Көлемі жағынан шағын, мазмұны жағынан терең осы бағдарлама жобасы. Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл бағдарлама жайында «Алаш партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Сондықтан да олардың ұлттық бағдарламасы сол тұста өлкеде тұрған барша халықтың бас біріктіруіне жағдай туғызды. Бір сөзбен айтқанда, олар елді өркендетудің демократиялық жолын ұсынды. Алаш қайраткерлерінің озық ойларын қазіргі демократиялық қоғамда тиімді қолдана білсек, біздің еліміз дамыған мемлекеттердің қатарына көтерілері сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті//21 қараша, 1917.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы.,1995
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- А.:Санат, 1995 .-3 б.
4. Құл-Мұхаммед М. Алаш-бағдарламасы. А:Атамұра, 2000.-8 б.
5. Қасым Токтаров // Алаш қайраткерлерінің ұстанған Ата Заңы, www.bnews.kz

СЕКЦИЯ № 4: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

СЕКЦИЯ: ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

А.А. Рапилбекова

«Бақыршық орта мектебі» КММ, ШҚО, Жарма ауданы, Әуезов кенті
Ғылыми жетекшісі – А.М. Солумбаева, тарих пәні мұғалімі

АЛАШ ОРДАШЫЛАРДЫҢ ТІЛ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*«Алаш» туы астында
Қуә болсын Арымыз!
Көркейтуге Алашты
Құрбандық біздің жанымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын
Сұлтанмахмұт Торайғыров*

Ұлттың ұлық мұраты – тәуелсіздіктің таңы атқалы бері ел тарихына ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға және халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға баға бере бастады. Негізгі мақсат – бүгінгінің мұратын айқындап, болашақтың бейнесін жасау үшін кешегінің ақиқатын анықтау болса керек.

Озық ойлы қазақ зиялылары отандастарының ұлт болып топтасуында, олардың бойында өздерінің сан ғасырлық тарихы, өзіндік ерекше мәдениеті, әдебиеті, тілі үшін ұлттық мақтаныш сезімін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды. Тәуелсіздікке қол жеткізген бостандық алу отаршылдық езгіден азат болу, ғылым мен әдебиет жетістіктерінің көмегімен өркениетті, ізгілікті қоғам орнату «Алаш» партиясының негізгі мақсаты болды.

Жаңадан құрылып жатқан «Алашорда» үкіметі алғашқы сағатынан бастап ұрпақ тәрбиесіне, біліміне, ұрпақ болашағына зор көңіл бөлген. Жас ұрпақтың туған тіліне деген сауаттылығын арттыру үшін, ана тіліндегі оқулықтарды жасауға кіріскен. Бала тәрбиесіне, оқуына осындай қиын заманда жаңаша бетбұрыс, бұл болашаққа деген сенім еді. Білімді жастар, еліне салауатты да сауатты қызмет етеріне деген үміт болатын. Елінің еркіндігі мен халқының азаттығы үшін барша ғұмырларын арнаған Алаш қайраткерлерін еске түсіру, оларды өмірі мен шығармашылық мұрасынан тағлым алу, оны өскелен ұрпақтың санасына сіңіру – баршамыздың парызымыз. Бұл Алаш қайраткерлеріне көрсетілген тағзым. Алаш рухын асқақтату, алаш қайраткерлерінің мұраларын зерттеу бізге және келешек ұрпаққа керек ұлттық намысызды жетілдіретін игі іс. [1,18]

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Алаш қайраткерлерінің қызметіне зор баға беріп: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасиетті болды. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зияларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаттық һәм адамгершілік деңгейімен де осы за манмен үндес... Алаштың басты мақсаты – қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғырту, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді» - деп жазған еді. . [2,5]

Сол кездегі қазақ интеллигенциясы ғылыми жұмыстармен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қарекетімен де, көркем творчествомен де айналысқанын көруге болады. «Алаш» партиясы бағдарламасының тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде:

оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы, бастауыш мектептер ана тілінде оқылады, қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға, оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы, үкімет оқу ісіне кіріспеуі, мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы, ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік – деп көрсетілген. [3,36]

Міржақып Дулатовтың баяндамасында ұлт мектебін көркейтуге алдымен қазақ тілінде бастауыш және орта мектепте оқытатын оқу құралдарын дайындау үшін білікті адамдардан айрықша оқу комиссиясын құруды мәселесі айтылды.

Алашордашылыр соңғы демі қалғанша елінің болашағын ойлап өткен деуге толық негіз бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Алаш мұраты және мемлекеттік тіл., Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, - Өскемен-Семей, 2011- 281,282б
2. Назарбаев Н. Алашорда және оның мұрасы // Алаштану . Ғылыми-танымдық журнал № 1, 2008 5б
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –А.,1995.-119 б.
4. Алаш көсемдері 10 «Мәдени мұра» Құрастырған М. Әшінбаев А: «Өнер» 2011, 53б

З.А. Муканова

КГУ «Новопокровская средняя школа», Бородулихинский район
Научный руководитель – А.Ш. Муканов, учитель истории

ВЕЛИКАЯ ПОБЕДА. ВКЛАД МОЕЙ СЕМЬИ

Вторая Мировая Война – это война, являющаяся символом доблести, мужества, стойкости людей всего мира. Она началась 1 сентября 1939 года и закончилась в сентябре 1945 года. Но это была ещё и одна из самых трагических страниц не только отечественной, но и мировой истории, в которой погибло более 27 миллионов человек.

Одним из основных этапов Второй Мировой войны является Великая Отечественная Война 1941 – 1945 годов, которая длилась 1418 дней [1].

Свой вклад в Победу внесли члены моей семьи: мой прадедушка Муканов Аким и брат моего дедушки Байгулунов Аусагит.

Одним из участников битвы за Ленинград стал мой прадед Муканов Аким.

Аким родился в 1915 году в ауле №11 Кургальджинского района. Он не оканчивал школу, работал простым скотоводом. На тот момент, когда началась война, ему было 26 лет. Был призван в армию 25 мая 1942 года и пропал без вести в феврале 1944 года. К сожалению, до сих пор мы не знаем место его захоронения, о его пропаже свидетельствует только список, полученный из архива Атбасарского горвоенкомата Акмолинской области.

Вместе с прадедушкой ушел на фронт и брат моего дедушки Байгулунов Аусагит, они были призваны в один день. Аусагит родился в 1923 году, и когда ушел воевать, ему было 19 лет. Он служил в 167 стрелковом гвардейском полку 1 мотострелковой гвардейской дивизии. Долгое время мы не знали его место гибели. Но вот во время поисковой работы по подготовке Книги памяти нашего села, на сайте «Мемориал» мой папа Муканов Арман Шамшиденович, случайно нашел листок из списка погибших 167 полка с 6 по 10 февраля 1945 года. В списке значилось всего три погибших бойца, среди которых оказалась и фамилия Аусагита, мы узнали, что он был снайпером и погиб 6 февраля 1945 года в боях за деревню Оттилинхоф, Кенигсберской провинции, Восточная Пруссия. С этого начались долгие поиски могилы, где он был похоронен, так как сейчас Кенигсберг это Калининград, Россия и деревни с таким названием уже нет. Тогда мой папа нашел в интернете сайт «Пруссия 39», на котором были опубликованы фотографии всех обелисков по Калининградской области и списки деревень с немецкими названиями и куда были перенесены захоронения с этих сел. Оказалось, что все погибшие в деревне Оттилинхоф, были похоронены в поселке Цветково, Гурьевского района, Калининградской области. На обелиске, когда мы присмотрелись, не оказалось фамилии Аусагита. Папе пришлось официально обратиться в Министерство Обороны РФ в Комитет по увековечению памяти погибших при защите Отечества. Оттуда пришел официальный ответ от начальника Комитета А.Фомичева, который сообщал, наш запрос был принят и направлен в Калининградский облвоенкомат военкому А.Мильковичу[2]. Наша поисковая работа была не напрасной, в честь 70-летия Победы в Калининградской области, были проведены работы по увековечению памяти погибших советских воинов. Все найденные останки наших бойцов были преданы земле на территории Мемориального комплекса «Курган Славы», в том числе и Байгулунова Аусагита. На этом поисковая работа была закончена, и мы сумели узнать место

захоронения нашего родственника бойца Красной Армии Байгулунова Аусагита[4]. Я очень надеюсь, что мы поколение детей, которые не знают что такое война, будут помнить не только своих родственников, но и всех кто отдал жизнь за нашу свободу, за то чтобы мы жили мирно.

Победа в войне досталась нам очень, дорогой ценой. Судьбы тысяч людей так и осталась невыясненными. До сих пор продолжаются поиски мест захоронений погибших воинов. Проходят десятилетия, сменяются поколения, но Великая Победа - символ национального единства, воинской славы и доблести – навечно вписана в историю нашего народа[3].

Список литературы:

1. Алексеев М. А. Первые в логове врага. — М.: Воениздат, 1969. — 96 с. — (Героическое прошлое нашей Родины).
2. Письмо Начальника Управления по увековечению памяти погибших при защите Отечества МО России Фомичева А.
3. Падение прусской цитадели // Военно-исторический журнал. — 2004. — Апрель (№ 4)
4. Письмо от Управления культуры, туризма и спорту администрации Гурьевского городского округа Калининградской области.

А.Д. Бетцольд

КГКП «Электротехнический колледж» г.Семей

Научный руководитель – Н.Л. Гидулян, преподаватель общественных дисциплин

АРХИТЕКТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ СЕМЕЯ

В 2018 году наш город будет отмечать 300-летие со дня основания, и в связи с этой знаменательной датой мы еще раз обращаемся к истории и культуре нашего города, который богат различными историческими достопримечательностями и архитектурными памятниками.

Целью нашей работы является привлечение интереса и внимания горожан к историческим памятникам, находящимся на территории Семей.

Исследовательский компонент заключается в изучении исторических источников, материалов местных архивов, музеев города.

Описание исторических памятников Семипалатинска следует начать с одного из древнейших, давшего имя городу - средневекового джунгарского монастыря, который был построен на рубеже 16-17 вв. и состоял из семи палат.

Более сохранный представлена архитектура Восточного Казахстана 19 века. Из административных зданий построенных в XIX веке, одним из интересных является дом губернатора, построенное предположительно в 1856 году.

Также к архитектурным памятникам относится здание насосной станции (1910г.), построенной на средства купца Плещеева. Это был первый в Казахстане водопровод.

В Семипалатинске возводились не только административные здания, но и строились школы. В 1873 году было построено здание для четырехклассной женской гимназии. Во время Великой Отечественной войны здесь размещался госпиталь. В 1894 году открывается мужская гимназия, здание которой является одним из старейших памятников архитектуры города

В Восточный Казахстан проникают и распространяются с древности целый ряд мировых религиозных учений.

В 1840 году в Заречной слободе строится и поныне действующая деревянная мечеть. Двухминаретная мечеть была построена на деньги семипалатинских купцов Сулейменова, Рафикова, Халитова. одноминаретная мечеть была построена по проекту стамбульского архитектора Габдуллы Эфенди.

Во второй половине 19 века строится Воскресенский православный собор. В 1890 году на средства купца Плещеева закладывается церковь во имя Александра Невского, чуть позже был построен Никольский храм.

Семипалатинск издавна сложился как торговый центр, его украшали магазины семипалатинских купцов Плещеева, Ершова, растянувшиеся на целые кварталы. Строили магазины не только местные купцы. В Семипалатинске строятся не только магазины, но и предприятия, в частности, крупнейшая на Иртыше мельница Мусина.

Первым каменным жилым домом в Семипалатинске стал дом золотопромышленника Степанова. Сейчас в этом здании находится музей изобразительных искусств имени семьи Невзоровых.

Воспитание патриотизма, гражданственности, любви к родине у молодого поколения должно осуществляться через знакомство с памятниками истории и культуры родного края.

Список литературы:

1. Абрамов Н. Областной город Семипалатинск – записки РГО. – 1861, кн.1..
2. Бралинова Д.И., Зарифова М.А., Каримов М.К., Мусабалина Г.Т., Восточный Казахстан с древнейших времен до конца XIX века., г.Семей-2012г.
3. Записки Русского Географического общества. Выпуск VI. – Семипалатинск 1912.
4. Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917г.). – Семипалатинск – 1927.
5. Обзор Семипалатинской области за 1897 г.
Свод архитектурных и монументальных памятников Восточно-Казахстанской области. - Усть-Каменогорск, 2005.

А. Есенкелді

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – Г.А.Мавлитаева

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙТАЛАНБАС ҚАЙСАР ҰЛЫ

Білімнің қара шаңырағы – М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің тарихында қазақ елінің озық зиялылары ұшқаны өздеріңізге мәлім. Олардың ішінде Мұхтар Әуезов, Әлке Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, Шәкен Айманов сияқты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері шықты. Сондай қоғам қайраткерлерінің бірі Шырақбек Қабылбаев туралы баяндамақпыз.

Шырақбек Қабылбаев (1908-1991) - Алаштың аяулы азаматы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Ішкі істер министрі. Ол бұрынғы Семей облысы, Абыралы ауданындағы Қайнар ауылында дүниеге келген. 1925 жылы Семей қаласындағы педтехникумға түсіп, білім алды.

Педагогтар дайындайтын техникумда ол қазақ зиялыларының бай мәдени мұраларын оқып, зерделей жүріп орыс тілі мен әдебиетін де жете меңгеруге мүмкіндік алып, заман талабына сай маман болып шығуға тырысты. Жігерлі жастың бұл еңбегі зая кеткен жоқ, техникум қабырғасында жүргенде алған білімі мен тәрбиесі оның кейін түрлі қызмет баспалдақтарынан сүрінбей өтуіне зор көмек жасады.

Семейдің педтехникумын 1931 жылы ойдағыдай бітіріп, қызмет жолын бастады. 1932 жылы әскер қатарына шақырылып, Алматы қаласына орналасқан қазақ ұлттық атты әскер полкінің құрамында жауынгерлік дайындықтан өтті.

1934-1938 жылдары Ішкі істер халық комиссариатының және қауіпсіздік органдарының түрлі басқармаларында әртүрлі қызметтер атқарды.

1938-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің құрамында партиялық қызметте болды.

Өзінің қызмет жолын Ішкі істер халық комиссариатының қауіпсіздік жүйесінде қызмет істеуден бастап, кейін ұзақ жылдар бойы ККП Орталық Комитетінде әртүрлі жауапты жұмыстар атқарып, көптеген тәжірибе жинақтаған Ш.Қабылбаевты Үкімет 1954 жылы тамыз айында Қазақ КСР Ішкі істер министрі етіп тағайындайды. Теміртау оқиғасына байланысты жазықсыз айыпталып, арада біраз жыл өткеннен кейін, 1967 жылдың 12 сәуірінде ол бұл қызметке екінші рет тағайындалды. Ішкі істер қызметінің генерал-лейтенант атағы берілді [1].

Ел алдындағы Ш.Қ.Қабылбаевтың қызметін және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесін ескере отырып, 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен және ол жөнінде мәңгі есте

қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасы ИМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың құрметті есімі берілді [3].

Тоталитарлық жүйе мен коммунистік идеологияның барлық шектеулеріне қарамастан еліне адал қызмет етіп, халықтың мұң-мұқтажына назар аударып білген Шырақбек Қабылбаев сияқты ұлағатты адамның іс-тәжірибесі қазіргі жаңа заманның түлектері үшін де үлгі-өнеге екенін ұмытпаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Т.Балақаев, Ә.Исабаев, «Шырақбек Қабылбаев», Алматы, 2004 ж.
2. Сақшы, №4, 1998ж.
3. http://kostacademy.kz/kabylbaev_biografija_kaz

Ж. Мухаметжар

«Бақыршық орта мектебі» КММ, ШҚО, Жарма ауданы, Әуезов кенті
Жетекшісі – Д.Б.Шаяхметов, тарих пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН ЖАНЫН ҚҰРБАН ҚЫЛҒАН КЕЙКІ БАТЫР

Биылғы жыл біздің елүшін тарихи оқиғаларға толы жыл болып отыр. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығымен қатар бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірген 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына 100 жыл толмақ. Осы мерейтой қарсаңында қарсаңында қолбасшы әрі батырымыздың бірі мерген - Кейкі батырдың бас сүйегі бір ғасырдан кейін елге қайтарылды. Қазақ халқы үшін бұдан өтке қуаныш бар ма? 1916 жылғы патша жарлығы қазақ халқының басына ашық күнде түскен жайдай болған еді. Патша үкіметі қазақ азаматтарын майданға соғысқа емес, қара жұмысқа алуы ұлан-ғайыр кең байтақ қазақ даласының барлық жерлерінде қарсылық ереуілдер, тіпті, ірі көтерілістерді туындатты. Соның ең ірісі - Торғай даласындағы Амангелді Иманов бастаған көтеріліс болатын. Торғай көтерілісінің ерекшелігі – бұқаралық сипатта ең ұзаққа созылған, ең табанды және бір орталыққа бағынған ұйымдасқан түрде жүргізілгендігі еді. [1; 643]

Архивтік құжаттар дәлелдейтіндей, көтерілістің ең шырқау тұсында оған қатысушы жасақтарда 50 мыңдай адам болған. Ондаған мың ұйымдаспаған көтерілісшілерден А.Иманов ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлінген жүйелі әрі тәртіпті әскери организм құрды. Әрбір бөлімшенің басынатиісінше онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы қойылды. Арнайы мергендер бөлімшесі құрылды. Мергендердің басында даңқты қолбасшыларының бірі, атақты мерген Кейкі батыр Көкембайұлы тұрған еді.

Кейкі Көкембайұлы 1877 жылы Торғай уезі, Қайдауыл болысында өмірге келген (қазіргі Қостанай обл., Аманкелді ауд., Тасты ауылы). Азан шақырып қойған аты Нұрмағанбет, руы Құллан Қыпшақ. Көп кісіге қосылмай кейкі жүретін болғандықтан жеңгелері «Кейкі» атап кеткен. Сөйтіп, ел арасына «Кейкі» атымен танылған. Шежіреге зер салсақ Кейкі бес ағайынды болған: Көкембайдан Оспан, Қосжан, Омар, Кейкі және Шұбар. Осылардың ішінде бүгінде тек Қосшанның ғана ұрпағы бар. Кеңес дәуірінде Көкембайдың кіндігінен тараған ұрпақтары «банды», «басымашының» туыстары деп айыпталып, билік басындағылардан тепірешті көп көрді.

Тұрмыс тапшылығын ерте көрген Кейкі Жыланшық болысының алпауыты Р. Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған.

Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерден-ақ белсене араласып, оның негізгі қарулы күші — мергендер жасағын басқарды, көтеріліс штабының, ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрды. [2; 130]

Қазақ даласын тұтастай шарпыған Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусым жарлығы түрткі болған азаттық жолындағы күресте Кейкінің батырлығымен қатар құралайды көзге атқан мергендігі кең танылды. Сол көтеріліс кезінде ол Торғай даласында құрылған Қыпшақ хандығының мергендер мыңдығын басқарды.

Кейкі батыр Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс — Доғал шайқасында асқан мергендігімен, ержүректігімен көзге түсті, яғни көтерілістің даңқты қаһарманына айналды, ерлігі аңыз болып тарады.

Оның көтерілісшілерге келіп қосылуынан хабар беретін алғашқы құжат 1916 жылғы 30 желтоқсандағы Торғай уезі, Қайдауыл болысы С.Бектасовтың уезд басшылығына жазған жеделхатындағы «...№11 ауылдан 10 адаммен Кейкі Көкембаев қосылды» деген мәліметі[3;65]

1916 жылғы 9 шілде көтерілістің орталығына айналған Батпақарада Ә.Жанбосынов басқарған сарбаздардың арасында Аманкелдімен бірге Кейкіде жүрді. 24 - шілдеде Торғай уезді бастығының хабарлауына Торғай және Ырғыз қазақтарының қырға көшуі, онда қарулы сарбаз құру туралы хабарланған болатын .

Сол жылдың қазан айында 7 мыңдай қарулы сарбаздар Ақтүбек деген жерге жиналып, Торғай қаласына шабуыл жасау, әскери гарнизонды басып алу мәселесін талқыға салды. Әсіресе, Кейкі батырдың алғаш сынға түсуі 1916 ж. 21 қазанда Татыр көлі маңында патшаның жазалаушы әскерімен болған ашық шайқаста өтті. Ол басқарған мергендер мыңдығы жазлаушылардың шабуылына тойтарыс беруде асқан ерлік танытты. 6 қарашада Ә.Жанбосынов пен О.Шолақовтың біріккен қолы Торғай қаласына шабуыл жасады. Осы қаланы басып алу жолындағы күресте Кейкі бастаған мергендер нысанаға алғанын баудай түсіріп отырды.

1917 ж. 16 ақпанында Торғай көтерілісшілерінің тобын жою үшін полковник Тургеневтің Орынборлық 13 атты казак полкі Батпақараға бет түзеді. Жазалаушылардың қалың қолына көтерісшілер 20 ақпанда Құмкешуде, 23 ақпанда Доғал-Үрпек бойында шабуыл жасап, патша әскерін едәуір шығынға ұшыратты. Осы шайқаста Кейкі батырдың тапқырлығы, соғысу тәсілдерін меңгерген шеберлігі, нысанаға алғанын мүлт жібермей, жауына жасындай тиген ерлігі ел аузына ілгіп, даңқы асты. Сол шайқастардың куәгері ақын Ф.Сатыбалдыұлының: "100 жігіт жетіп келді Қапар ханға, Мен мұңдалап аттары аталғанда. Кейкі менен Өменді басшы қылып, елуден аттандырды Тышқантамға. Қолынан бір Кейкінің 40-ы өлген, Тұрған соң шама барма аруағы асып" - деп батыр ерлігін жырға қосты.

Тапсырманы орындай алмаған полковник Тургеневтің Торғайға қарай шегіне қашқан жазалаушы әскерінің соңынан екі күндей қуып Кейкі бастаған мергендер тобы 50 әскердің көзін жойды

Қыстың түсуіне қарамастан көтерілісшілер күресін жалғастыра берді. 1917 жылдың 13 қаңтарында көтерілген халықты сабасына түсіруді мақсат етіп ел ішіне шыққан Кислов басқарған Қостанай жазалаушы әскеріне Аманкелді мен Кейкі басқарған 1500 сарбаз Шошқалы қопасында тұтқиылдан шабуыл жасады. Күштің тең болмау салдарынан шегіне жүріп ұрыс салған қазақ сарбаздары жазалаушы әскерге Күйік қопасында қайта ұрыс салды. Нәтижесінде жазалаушы әскердің мақсаты орындалмай кері шегінді.[4;165 б.].

Кейкі батырдың бейнесі халқымен бірге жасап, өміршеңдік танытса да кеңес дәуірінде партиялық саясаттың ызғарымен ғылыми зерттеулерден оның аты алынып тасталды. Соған қарамастан, батырдың бейнесі кеңестік әдеби шығармаларда кең көрініс тауып, майталман жазушыларымыздың шығармаларында берілді. Атап айтсақ, Ғ.Мүсіреповтың «Аманкелді» пьесасы, М.Қаратаевтың «Даладағы дауыл», Қ.Сәрсекеевтің «Қызыл жалау», А.Нұрмановтың «Құланның ажалы» романдары және т.б.. Тағы бір еске аларлығы М.Қаратаев, Қ.Сәрсекеев, А.Нұрманов сынды жазушыларымыз сол Торғай өлкесінің тумалары ретінде және батыр жайлы естеліктерді жастайынан бойларына сіңіріп өскендіктен тарихи ақиқаттан алыс кетпеген десек, ал, заңғар жазушы Ғ.Мүсірепов XX ғ. 30 жылдары Аманкелді Имановқа қатысты материалдар жинау үшін Торғай өңірін аралаған, 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі шайқас болған жерлерді көзі көреген, батырдың жарымен кездескен, көнекөз қариялардың естеліктерін тындап қағазға түсірген адам және осы сапарында Кейкіге қатысты да әңгімелерге қаныққан.[5;].

Орталық Ресейде 1917 ж. ақпанда патша тақтан құлап, уақытша үкімет орнаған тұста Торғай жеріндегі көтерілісшілер әскерлерін таратпай, істің ақырын күтті. Өйткені, қазақ даласындағы билік үшін жүріп жатқан ақ пен қызылдың тартысы, шыны керек қарапайым қазаққа түсініксіз қалыпта өрбіді. Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына келген большевиктер билігі уақыт өткен сайын нығая түсті. Торғай жеріне жаңа биліктің өкілі ретінде облыстық комиссар болып келген Ә.Жәнкелдиннің үгіт-насихатымен А.Иманов пен Кейкі Көкембаев бастаған 1916 жылғы көтерілістің сарбаздары большевиктер жағына шықты. Сол күндерде «Сен ақ жағындасың ба, әлде қызылдарға қарайсың ба?» - деп сұраса, «Мен Аманкелді қай жақта болса сол жақтамын» - деп жауап қататын Кейкі

батыр 1918 ж. 18 наурызда А.Имановпен бірге Орынборда өткен бірінші жалпы қазақ сиезіне қатысады. «Бұл сиезде Ә.Жәнкелдинде болды. Сиезден кейін ол жақтан Аманкелді мен Кейкі жаңа әскери киімде оралды. Бұл киімде олар нағыз үлкен командирлерге ұқсайтын» деп жазады, өз естелігінде сол күндердің куәсі А.Ерходжаев[6].

Аталған жиыннан оралсымен Ә.Жәнкелдиннің тапсырмасымен А.Иманов пен Кейкі батыр Торғай уезінде большевиктердің жергілікті билік органын және қызыл армияның отрядтарын құруға кіріседі. Бірақ, 1919 жылғы сәуір айындағы А.Имановтың және Қыпшақ хандығының ханы Ә.Жанбосыновтың жұмбақ жағдайдағы өлімдері деректерге қарағанда батыр өміріндегі үлкен бетбұрыстың басы болды. Кейін кеңес өкіметінің Алаш қайраткерлеріне қарсы қудалау науқанын бастап, жүргізгенде Аманкелдінің өліміне кінәлілер ретінде алаштықтар ілікті және сол жұмбақ өлім айып болып тағылды. Кейкі бастаған қарулы сарбаздар қос ерінің өлімінен кейін сендей соғылысқанымен, іргелерін ыдыратпады. Билік басындағылардан әзірге еш қайран болмасын түсінген олар қаруларын тастамады. Бұған 1919 жылы қазан айында Торғайға ат басын бұрған Ә.Жәнкелдинде (Ә.Жәнкелдин. Докум. мен мат., А., 1975, 67 б.), Өлкелік әскери комиссариаттың инспекция төрағасы да Торғай уезіндегі халықтың қаруларын әлі де тастамағандығын атап өткен[7;92].

1919 ж. 13 мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады.

Ақыры, 1922 жылдың көктемінде комиссар Александр Токаревті атып кеткен Кейкіні 29 наурызда қызыл әскерлер айуандықпен өлтірді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алып, басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық аланына сырыққа шаншып қойды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға, ал 1926 ж. республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургке алып кеткен. Ол қазір Санкт-Петербургтегі антропологиялық қордың кунсткамерасында сақтады[8;123].

1995 ж. 24 наурызда Мәскеуден ҚР ИМ – не жіберілген хатта: «МИД РФ свидетельствует свое уважение Посольству РК в Москве и ответ на ноту МИД РК № 19/63 от 13.01.95 г. имея честь сообщить следующие: Череп К.Кокембаева действительно хранится в антропологическом фонде кунсткамеры г. С.-Петербурга» деп көрсетілуі сөзіміздің айғағы[9;3] болады.

Сонымен бірге, 2000 жылы қазақ халқының ХІХ ғ. ұлт азаттық қозғалысының жетекшісі Кенесары Қасымұлының басын арнайы С.Петербургке іздеп барған экспедиция мүшелеріде газет бетінде жариялаған мақалаларында Кейкі батырдың басы сақталған қорапты көргендерін жазды [10].

Атамыздың басы заң бойынша, Ресейдің ұлттық байлығы екен. Осы антропология мен этнография мұражайының директоры Ю.К.Чистовтан: «Атамыздың басы ғой, елге апарып, туған топырағына тапсырайық. Беріңіздер!» – деп сұрағанымда, ол шімірікпестен: «Бұл – бас сүйек сендердің аталарыңның басы болғанымен, біздің мұражайдың экспонаты, Ресейдің ұлттық байлығы», – деп жауап берді. Сөйтсек, Ресейдің «Мәдениет туралы» заңы бойынша, ел мұражайларындағы зат-бұйымдардың барлығы Ресейдің ұлттық байлығы деп есептеледі екен.[11].

6 қазан күні Кейкі батырдың бас сүйегі Ресейден Қазақстанға жеткізілді. Ол 93 жыл бойы Санкт-Петербург қаласындағы Кунсткамерада сақталып келді.

1 қараша күні ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің батыры – Кейкі батырдың сүйегін жерлеу мәселелері жөнінде кезекті жұмыс кеңесін өткізді. Бұл ретте, вице-премьер тұтас бір ұлттың намысын арқалаған ақберен қолбасшы Кейкі батырдың бас сүйегінің елге қайтарылуы елдігіміз бен ерлігімізді паш еткен игілікті іс екенін баса айтты. Батырдың аты мен ерлігін барынша дәріптеп, оның денесін салт-дәстүрімізбен арулап жерлеу қабырғалы халық, іргелі ел екендігіміздің көрінісі. Сондықтан, Иманғали Тасмағамбетов Кейкі батырдың денесін жерлеу рәсімін ұйымдастыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспарын құру маңызды екенін атады.

Айта кетейік, бұған дейін ҚР Премьер-министрінің орынбасары құзырлы органдарға Қостанай облысының аумағында батыр бабамыздың денесі жерленген орынды табу мақсатында археологиялық зерттеулер жүргізу үшін рұқсат қағазын рәсімдеуді тапсырған еді.

Қазіргі уақытта Мәдениет және спорт министрлігі Венгрияның жаратылыстану ғылымдары Музейінің мамандарымен бірлесіп Кейкі батырдың бас сүйегіне антропологиялық сараптама жасауда. Оның аясында батырдың келбеті қалпына келтіріліп, заманауи технологияны қолдану арқылы ДНК сараптамасы жүргізіледі.

«Біз бүгін тағы да бас қосып, қазақтың көзмерген батыры Кейкі батырдың денесі көмілген орынды іздеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін археологтар мен ғылыми қызметкерлер тобын құру мәселесін талқылап отырмыз. Тарихи тұлғаларымыздың атын дәріптеу және олардың мұрасын сақтау еліміздің абырой-беделін арттырып, ұлттық рухымызды өсіреді. Бұл ретте, алда жоспарланған іс-шараларды мұқият пысықтап, осынау тарихи маңызы зор келелі іске бір кісідей жұмыла кірісуіміз керек» – деді Иманғали Тасмағамбетов.

Әрине, толыққанды әрі сапалы зерттеу жүргізу үшін біршама уақыт керек. Сондықтан, шығармашылық зиялы қауым өкілдері, тарихшы ғалымдар және батыр ұрпақтарының пікірін ескере келе, батырдың денесі көмілген орынды іздестіру, оны анықтау және жерлеу рәсіміне дайындықты келесі жылғы жаздың соңына дейін жүргізу қажет деп шешілді.

«Еліміздің зиялы қауым өкілдерінен құралған комиссияның шешімі – Кейкі батырдың бас сүйегін арулап қоюды асықпай жасау. Ең бастысы елімізге батырдың бас сүйегі келді. Бұл егемендігіміздің, еліміздің, Елбасының беделінің арқасында орындалды. Мұны халық түсініп отыр. Ал енді қою мәселесі қыстың көзі қырауда, апарып жай көме салатын бас емес, ол халық батыры. Елдің батыры, сол себепті арулап, тиісті мемлекеттік деңгейде жерлеу осы комиссияда шешілді» – деді кеңес отырысында сөз алған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Серік Ақылбай.

Кейкі батырдың бас сүйегін елге әкелу және оны зерттеу жұмыстарының басы-қасында жүрген ҚР Орталық мемлекеттік музейінің директоры Нұрсан Әлімбаев да бұл шешімді қолдайтындығын атады. «Бүгінгі шешімді қабылдаған еліміздің көрнекті азаматтары. Бұл шешімге мен толықтай қосыламын. Расында да келер жылы күз айында жерленгені дұрыс болады. Өйткені, оған дейін міндетті түрде көптеген мәселелер атқалылуы тиіс» – деп атап өтті Нұрсан Әлімбаев [12].

Кеңес барысында Иманғали Тасмағамбетов Мәдениет және спорт министрлігіне Қостанай облысының әкімдігімен бірлесіп Кейкі батырдың кесенесін жобалау және одан әрі құрылысын жүргізу үшін қажетті барлық шараларды қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Осылайша ғасырға жуық басы өзге елдің мұражайында экспонат ретінде сақталған батырдың басы елге оралып, арулап жерленетін болды.

Ендігі Кейкі батыр жайлы мәліметтер мектеп оқулықтарына енгізілсе екен деген тілек бар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы 3 том. 643б
2. Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и Материалы. А., 1977. 130б.
3. А.Иманов. Мақалалар, материалдар, докумендер. А., 1975 ж., 65 б.
4. Мырзағалиұлы М. 1916-1917 ж. Торғай қазақтарының көтерілісі.-А., 2005, 162 б
5. Қасымбаев Ж. 1916 ж. июнь жарлығы заңсыздық.// Егемен Қазақстан, 1196 10 сәуір
6. А.Ерходжаев ҚРПМ, 811-қор, т-б, іс-204. 3 б.
7. «20 ғ. басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының мәселелері» ғылыми –тәжірибелік конференциясының жинағы 92 б.
8. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, IV том
9. Торғай, 1998 ж., 27.03., 3 б.
10. <http://www.aikyn.kz> Шолпан Құрманбай, 2006 жыл
11. http://www.inform.kz/kz/keyki-batyr_a2192469
12. Ұлт порталы «Қазақ үні» интернет порталы

Н.А. Токтаргазиева

«Бақыршық орта мектебі» КММ, ШҚО, Жарма ауданы, Өуезов кенті
Жетекшісі – Ш.М.Темирханова, тарих пәнінің мұғалімі

«XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ ТАРИХЫ»

В своём выступлении на съезде молодежного крыла «Жас Отан» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев важнейшей задачей молодежной политики определил воспитание самодостаточной и конкурентоспособной личности - «казахстанца будущего». «Каждый ... обязательно станет конкурентоспособным, если будет усердно учиться, набираться новых знаний, при этом учиться и заниматься саморазвитием непрерывно всю жизнь... Казахстанец будущего - это высококлассный специалист, владеет казахским, русским и английским языками, он социально активен, мобилен, не боится перемен» [2].

Работая над этой темой, мы решили провести анкетирование среди учителей и учащихся 2-11 классов нашей школы. Анкетирование было направлено на выявление готовности и желания учащихся к внедрению полиязычия в школе и в дальнейшей жизни. В анкетировании приняли участие 15 учителей и 144 учащихся.

На вопрос №1, является ли актуальным внедрение полиязычия в нашей школе, положительно ответили – 125 учащихся (86%), отрицательно- 19 учащихся (13%).

На вопрос №2, нравится ли вам использование казахского, русского и английского языков на уроках и внеклассных мероприятиях, положительно ответили – 107 учащихся (74%), отрицательно – 37 учащихся (26%).

На вопрос №3, хотели ли бы вы, чтобы преподавание велось на иностранном языке, положительно ответили – 77 учащихся (53%), отрицательно – 67 учащихся (46 %).

На вопрос №4, хотели ли бы вы изучать второй иностранный язык дополнительно, положительно ответили – 83 учащихся (57%), отрицательно -61 учащихся (42%). Наиболее востребованными языками ученики называют следующие: английский, китайский, французский, немецкий и испанский.

Анкетирование среди учителей нашей школы показали следующие результаты:

- на вопрос №1, является ли актуальным внедрение системы полиязычия положительно ответили 11 человек (73%), отрицательно – 4 человека (27%);

- на вопрос №2, знаете ли вы, на каких нормативных документах основано внедрение полиязычия: «нет» - 3 человека(20%), «да» -12 человек (80%). Многие учителя указывают «Послание -2050», приказ МОН РК, Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы;

- на вопрос №4, владеете ли вы иностранными языками: «да» -10 (67%), «нет» - 5 человек (33%). Указывали английский и немецкий языки в разной степени владения.

-на вопрос №5, каким образом вы готовы внедрять полиязычие в своей педагогической практике, 12 учителей (80%) указали, что готовы использовать на уроках, внеклассных мероприятиях, в изучении терминологии и физминутках.

Изучая данные анкетирования, мы пришли к следующему выводу, что подрастающее поколение и педагогический коллектив школы понимают актуальность данного вопроса, учителя готовы внедрять и использовать трехязычие на уроках и во внеклассных мероприятиях, а учащиеся готовы изучать и использовать свои знания в дальнейшей жизни.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.
2. Назарбаев Н.А. Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда» от 15.05.2008 г., №101-102 стр. 2-3

Ә. Ерікқызы

КГУ «Жезкентская средняя школа» Бородулихинского района, ВКО
Научные руководители – Г.К.Оспанова, учитель русского языка и литературы,
Кистаубаев С.К., учитель ИЗО

ЛИТЕРАТУРНЫЕ ОБРАЗЫ ГЛАЗАМИ МОИХ ОДНОКЛАССНИКОВ

Цель: показать, что иллюстрирование как вид искусства имеет большое значение в раскрытии идейных замыслов, так как иллюстрация будет способствовать более глубокому толкованию текста, помогать его правильному пониманию и хорошему запоминанию.

Задачи исследования: изучить литературу на заданную тему, проиллюстрировать ряд произведений, помочь юному читателю ориентироваться в соответствующей эпохе.

Объект: читательская аудитория.

Предмет исследования: учебные пособия по литературе для 5, 6, 7 классов, иллюстрации как средства идейного и эстетического содержания

Гипотеза: для восприятия юных читателей ближе и понятнее иллюстрации, подготовленные не маститыми художниками, а той аудиторией, на которую ориентированы художественные тексты.

Этапы: выбор и определение темы, подбор и изучение литературы, создание иллюстраций к пособию, собственно исследование.

Процедура исследования: изучение литературы, иллюстрирование и подготовка пособия и презентации к проекту.


Методика эксперимента: диагностирование, анкетирование, собственно исследование, отбор иллюстраций, демонстрация иллюстраций.

Новизна исследования: не обнаружила в изученных источниках обращения к данной проблеме.

Степень самостоятельности: выдвинула идею, изучила материалы по проблеме, подготовила иллюстрации к ряду произведений.

Результаты работы и выводы: создала презентацию, подготовила пособие в помощь учителю. Достоинство состоит в том, что я глубоко осознала роль иллюстрации в восприятии художественного произведения. Недостатки - проиллюстрировано немного произведений.

Области практического использования результатов: педагогическая практика учителей – словесников.



Список литературы:

1. «Иллюстрирование художественной литературы» / <http://dtp.obzor.com.ua/book.-design/footnote.html> с. 1-3.
2. Козлова М.М. Редакторская подготовка литературно-художественных изданий Учебное пособие для студентов специальности «Издательское дело и редактирование» Ульяновск: УлГТУ, 2000. с.31-35
3. «Художественный образ» / <http://www.bukinistu.ru/hudozhestvennyiy-obraz.html> с. 1
4. Гаврилова Ю.И. "Иллюстрация как элемент дизайна"
Реферат по предмету "Технология редакционно - издательского процесса"-

А.Э. Карымсакова

Электротехнический колледж г. Семей

Научный руководитель – Ю.Ю. Стацышина, преподаватель английского языка

OUR FRAGILE PLANET: HOW CAN WE SAVE IT?

Humans have been a major cause of environmental problems since we began creating our cities. Our impact has gone beyond pollution to altering the functioning of many natural systems. The effects have been universal ranging from ourselves to just every other living organism on this planet. There is a possibility for improvement if we start correcting things now.

The main solutions to all of these problems are alternate energy sources, more effective ways of waste disposal, with emphasis on recycling. It doesn't sound impossible, but it involves changing people's lifestyles, which is the hardest thing to do. If it doesn't affect that it is much easier to implement a change, but it is also more difficult to think of "solutions".

Increase in business activity associated with the exploration, production, processing and transportation of mineral resources inevitably leads to the intensification of negative impact on atmospheric air, surface water, groundwater, flora, fauna and on human health.

East-Kazakhstan is one of the most disadvantaged regions in the country. The main enterprises of mining-metallurgical complex located in the area of the most dense river network. All pollutants and gaseous, liquid and solid waste from industrial enterprises will inevitably fall into the river, the soil, causing environmental damage, as the communities and population of the area.

The scale of industrial production, the imperfection of technology and equipment, imbalances in the distribution of production forces has led to sustainable changes in the surrounding environment, violation of environmental balance. All this makes the solution of environmental problems the first priority, as the pollution and destruction of the natural environment does not recognize the existing state borders, overcoming these destructive processes is possible only through the joint efforts of experts-environmentalists, scientists, public.

In the immediate future we need continue to prevent some of these emissions by modifying combustion processes. We must understand that although these problems may be presented separately they are all linked; air pollution cannot be considered separately from water pollution because air pollutants wash out of the air in rainfall, polluting water.

The realization that human societies have a severe and pervasive effect on the environment must come soon, and if we are to avoid catastrophe, everyone needs to learn to operate in a manner that our environment can sustain.

The research paper also provides ways of improving the ecological situation on Earth.

І. Ерзатқызы

«№30 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Ғылыми жетекші – Д.Е.Қайрашова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында ұсынған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктерінің толымды қорын жасау міндетін айқындап берді. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Жат тілді игеруде салғастырмалы-типологиялық ізденістердің нәтижелері үлкен лингводидактикалық қызмет атқарады.

Morphological structure of adjectives (Сын есімнің морфологиялық құрылымы) **Ағылшын** тілінде сын есімдер құрылымына қарай **simple** (негізгі), **derivative** (туынды) және **compound** (күрделі) болып бөлінсе, **қазақ** тілінде **дара** (негізгі, туынды түбір) және **күрделі** болып бөлінеді:

а) **Simple** (негізгі) **сын есімдер** (түбір сын есімдерге ешқандай қосымшалар жалғанбайды): **Ағылшын тілі:** *red – қызыл, white – ақ, blue – көк, big – үлкен, old – кәрі.* **Қазақ тілі:** *сұр – grey, тарт – tight, биік – tall.*

ә) **Derivative** (туынды) **сын есімдер:** **ағылшын тілінде түбірге префикстер, жұрнақтар** жалғану арқылы жасалса, **қазақ тілінде тек жұрнақтар** жалғану арқылы жасалады. **Ағылшын тілі:** *acceptable – қолайлы, мүмді, unable – қабілетсіз, uncountable – саналмайтын, groundless – тиянақсыз, fixed – тұрақты* **Қазақ тілі:** *бойшаң, алғыр, білгір, өткір.*

б) **Compound** (күрделі) **сын есімдер** екі тілде де екі немесе одан да көп сөзден құралады. Мысалы: *Ice – cold – матай суық ; Snow – white – қардай апақ ; Dark – grey – қошқыл сұр* Сын есімдер екі тілде де семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді:

1) **Сапалық** (Qualitative) **сын есімдер;** 2) **Қатыстық** (Relative) **2.3. Degrees of comparison of adjectives** (Сын есімнің шырай категориясы)

а) **Positive Degree (Жай шырай).** Екі тілде де жай шырай түбір күйінде басқа шырай формаларына негіз болады. Мысалы: *short – қысқа, кең – wide, fat – толық жеңіл – easy, happy – бақытты, ұзын – tall*

Comparative Degree (Салыстырмалы шырай) заттың бір тектес сапасы мен белгісінің арасындағы сәл кем немесе сәл артығырақ екенін білдіреді. Салыстырмалы шырай **ағылшын тілінде** жай шырайға – **er** жалғаулығы мен *more* сөзінің қолданылуы арқылы жасалса, **қазақ тілінде -рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу, -қыл, -шіл т.с.с.** жұрнақтар арқылы жасалады. **Ағылшын тілі:** *shorter – қысқарақ, fatter – толығырақ, happier – бақыттырақ.*

б) **Superlative Degree (күшейтпелі шырай)** екі тілде де заттың алғашқы қалпын, сапасын тым асыра, көтере немесе кеміте көрсету үшін қолданылады. Мысалы: *the happiest – ең бақытты, the longest – ең ұзын;* **Ағылшын тілінде** күшейтпелі шырай *-est, -st* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Күшейтпелі шырайдағы сын есімнің алдында міндетті түрде *the* белгілі артиклі тұрады. Ал **қазақ тілінде** сын есімнің бастапқы буынының қысқарып, оған *-п* дыбысының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *қып-қызыл, үп-үлкен.* **Асырмалы шырай** сын есімге *өте, тым, аса, әбден, орасан, нағыз, нақ, шымқай* күшейткіш үстеулерінің тіркесуінен жасалады: *тым үлкен, аса бай.*

Ағылшын тілінде сын есім анықтауыш, баяндауыштың есім бөлігінің қызметін атқарады. Мысалы: *The large box is on the table.* – Үлкен қорап үстелдің үстінде тұр (**анықтауыш**). *The box is large.* – Қорап үлкен (**баяндауыштың есім бөлігі**)

Ал **қазақ тілінде** сын есімдер 5 түрлі қызмет атқарады. Олар: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш

- Ол – үлкен. Үлкендер үйге келді. Үлкен қорап бар. Үлкендермен сөйлесу. Олар үлкендерше істейді.

Ағылшын тіліндегі сын есімдердің етістіктерге жақындастыратын тағы бір спецификалық ерекшелігі бар. Предикаттың заттар арасында байланыс орната алатын қабілеті әдетте етістіктерге, әсіресе ауыспалы етістіктерге тән. Алайда кейбір зерттеушілердің, соның ішінде М.Хэллидейдің еңбектерінде етістіктердің бұл қасиеті сын есімдерде де байқалатыны жазылған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Баданбекқызы З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы «Бастау», 2010. 57-69б
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
3. Рысбаева Г.К. Ағылшын тілі грамматикасы. – Алматы «Өлке», 2006. 36-45б.

СЕКЦИЯ № 7: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

СЕКЦИЯ: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК, ЛИТЕРАТУРА И ЖУРНАЛИСТИКА

О.Қ. Рафиков

«№8 жалпы орта білім беретін көркемдік - эстетикалық
білім және тәрбие беру мектеп - кешені» КММ, Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі – О.Ж.Жұмағалиев, тарих пәнінің мұғалімі

АЛАШ АРЫСЫ ӘЛИХАН

Ел дегенде езіле, жұрт дегенде жұмыла қызмет еткен алаш арыстарының ұранымен баяндамамды бастасам,

Біз қазақ еліміз

Алаш туы астында

Өлсек бірге өлеміз

Не жақсылық, не қайғы

Көрсек бірге көреміз.

Алаш туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз

Енді алаштықтарды ешкімнің

Қорлығына бермейміз деп, Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай тарихты білмей бүгінгі күрү, болашақты болжау мүмкін емес.

Өзектілігі: Өткен ғасырдың түрлі саяси оқиғаларының зардабынан қуғын көріп, жазықсыз жазаланған алаш қайраткері Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы. Осы тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдар мен тарихшылардың мағұлматтарына сыни көзбен қарап оларды бір ізге түсіріп реттеу. Сонымен қатар қазақ елі біле бермейтін ақпарат, құжат және деректермен бөлісе отырып Бөкейханов Әлихан туралы тың деректерді көпшіліктің назарына ұсынып насхаттау.

Мақсаты: Алаш арыстарының төрағасы Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы туралы жан - жақты мағұлмат жинақтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, патриоттық сезім ұялату, Әлихан Бөкейхановтың бейнесін ашу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», - деп атап көрсеткен .

Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес – утопияға, демократияға емес – авторитаризмге негізделген болшевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң- мұқтажын қорғауды мақсат еткен Алаш партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы – «Алашорда» үкіметін құрып, ұлттық- аймақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады [1,5 б].

Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған ХХ ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге объект бола алмады. Оларсыз қазақ тарихы – тұл, алтын дегені – күл еді. «Алаш» партиясынсыз саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясынсыз» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихын жасау, мемлекеттік тіліміздің тарихын қалыптастыру мүмкін емес. Тарихты халық

жасағанымен, қоғамның тарихи даму заңдылықтарын реттеп отыратын заңдар мен құқықтық құжаттарды, саяси-құқықтық доктриналарды нақты тұлғалар жүзеге асыратыны белгілі, осы салада мемлекеттік тілдің де атқарар қызметі зор [2,11 б].

Қазақ қоғамының осы бір қасіретін халықтың озық ойлы, көзі ашық өкілдері аңғара бастады. Олар халықты саяси күрес додасына бастап шықты. Бұған себеп болған 1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс еді. Патша үкіметінің тақтан құлауы саяси күресті одан әрі қыздыра түсті. Қазақ зиялылары саяси қызметтің қатерлі жолына жалтақтамай, жанқиярлықпен күрескен көрнекті тұлғалар шықты.

Алашорда үкіметіне сайланғандарға жеке-жеке тоқталғанда алдымен ауызға алынатындардың арасында, әрине, съез сайлаған оның төрағасы – Әлихан Бөкейханов болып табылады. Замандастары мен халқы қадірлеп «Әлекен» деп атап кеткен Әлихан Бөкейханов – бүкіл саналы өмірін қазақ халқының ұлттық саяси бостандығы мен дербестігі үшін арнаған аяулы ұлы тұлғамыз. Ата тегі жағынан төрелер тұқымынан екені мәлім. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. 1866 жылы 5 наурызда (өзінің тергеуде берген жауабынан) бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында туған. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш сыныптық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады [3,29 б].

Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған мүмкіндік жасайды. Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 ж. Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургға барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (*Халық бостандығы*) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді [4,48 б].

1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905 ж. Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды. 1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самардан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды. Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. 19 ғ. соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол 1896 ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс жағрапиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынаскан. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласа бастайды. 1911-14 жж. Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. Қазақ даласының қонысының жер жағдайын зерттеген, яғни өкіметтің қазақтың «артық жерін» заң жүзінде негіздеу үшін құрылған Ф.А.Щербина экспедициясының құрамында болып, қазақты жерге орналастыру мәселесімен түбегейлі танысып, зерттейді. Әлекең қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтатады. Қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады. Абайды алғаш рет орыс оқырмандарына таныстырады, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын бағамдайды [5,9 б].

Алаш Орда тізімі: Танашев Уәлитхан, Досмұхамедов Халел, Тұрлыбаев Айдархан, Бірімжанов Ахмет, Ғаббасов Халел, Аманжолов Садық, Шоқаев Мұстафа, Бөкейханов Әлихан, Досмұхамедов Жанша, Ермеков Әлімхан, Тынышбаев Мұхаметжан, Құлманов Бақтыкерей, Ақбаев Жақып, Мәметов Базарбай, Әлжанов Отыншы, Байтұрсынов Ахмет, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Сәрсенов Бидахмет, Шонанов Телжан, Танашев Уәлитхан [6,55 б].

Әлекеңнің саяси өмірге белсене араласуы осы кезден басталады. Орыс баспасөзінде қазақ даласындағы патша өкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелейтін мақалалар жариялайды. Әр түрлі саяси жиналыстарға белсене қатысып, қазақ кадет партиясын құруды көздейді.

Міне, Әлихан Бөкейхановтың осындай белсенді саяси қимылдары патша өкіметін сескендіріп, оны қазақ даласынан аластап, Самара қаласына жер аударады. Әлекең, онда 1908-1917 жылдары тұрып, қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен қол үзбей «Қазақ» газетіне «Қыр баласы» деген атпен ел тіршілігінің өткір де түйткіл мәселелеріне ден қойған мақалалар жазады.

Ақпан төңкерісінен соң, оңтайлы саяси ахуалды қалт жібермей пайдаланып қазақ елдігінің дербестігі үшін белсене қимылдайды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінің жеңісі күллі қазақ деген ұлт зиялыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір- мамыр айларында көптеген облыс- уезд орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Олардың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді [7,4 б].

Орал облыстық қазақтардың I-ші съезі 1917 жылы 19- 22 сәуір аралығында Орал қаласында өтті. Съез төрт күнге созылды, съездің соңғы төртінші күні облыстағы оқу- ағарту, мәдениет және т.б. мәселелер қаралды. Съез делегаттары Орал облысында қазақтар арасында бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі қанағаттанғысыз деп тауып, төмендегі шешімдерді қабылдады:

- мұғалімдер съезін шақыру қажет;

- Орал қаласында уақытша орта оқу орнын ашу қажет, ерлер гимназиясының бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы кәсіптік мектептің үйіне орналастыру жөн деп табылсын;

- қазақ тілінде газет, брошюралар шығару қажет деп табылсын;

Съезде бұдан басқа да мәселелер қаралды, басқа қаралған мәселелерді қосқанда саны 23-ке жеткен. Орал съезінің қарарында облыс орталығында орта мектеп ашу және кәсіби мамандардың қатысуымен халық ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру қажеттілігі көрсетілді. «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін білетін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», деп өз ойларынын білдірді. Алашордашылардың жалынды сөзінде мемлекеттің саяси құрылысы мен оның мемлекеттік тілі, оның қолдану аясы ашық түрде айқын айтылғанын біздер ұғынуымыз керек. XX ғасырдың басындағы алаш ардақтылары халықты ұлттаралық бірлікке шақырды, олар ұлтшылдықты арқау еткен жоқ, керісінше ұлтын сүйген ұлтжанды азаматтар екенін танытты. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, жаңадан құрылып жатқан «Алашорда» үкіметі алғашқы сағатынан бастап ұрпақ тәрбиесіне, ұрпақ болашағына зор көңіл бөлген. Жас ұрпақтың туған тіліне деген сауаттылығын арттыру үшін, ана тіліндегі оқулықтарды жасауға кіріскен. Бала тәрбиесіне, оқуына осындай қиын заманда жаңаша бетбұрыс, бұл болашаққа деген сенім еді. Білімді жастар, еліне салауатты да сауатты қызмет етеріне деген үміт болатынды [8,37 б].

Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін еш уақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді. Ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 ж. екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ә. Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 ж. тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына жазасына кеседі. 1989 ж. мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Ә. Бөкейханов — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс - бар қазақтан,

Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі, – деп С.Торайғыров айтқандай, Әлекең әрқашан да қазақ жүрегінде жеке дара тұлға болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев Қазақстан халықтарына арнаған жолдауы. Алматы, 2005.
2. М.Шахановтың өлеңдері // Қазақ тарихы. 2005. №5
3. Құл-Мұхамед. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. Алматы: Атамұра, 1998.
4. Д.Сүлейменова. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. Алматы, 2004.
5. Ж.Ақбаев. Жанша. Орал, 1994.
6. Н.Мартыненко. Алашорда сборник документов. Алматы, 1992.
7. «Қазақ» газеті//21 караша, 1917.
1. 8.Н.Нұрпейіс. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
8. Қазақстан тарихы // әдістемелік журнал, 2006, №3
9. Р.Сыздықова. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.
10. Қазақ тарихы // журналы, 1997, №5.
11. К.Нұрпейіс, М.Құлкенов, А.Мектепов, Б.Хабижанов. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Санат, 1996.
12. Р.Сыздықова. Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990.

Г.Б. Нағашыбай
Құқық және бизнес колледжі, Семей қаласы
Ғылыми жетекші – М.Қ.Рақымбаев

АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ АҚЫНДАРДЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ СӨЗ САПТАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі биіктен төл әдебиетіміздің тарихына көз тоқтатар болсақ, уақыт сілемі алыстаған сайын асқақатай түсер ұлы тұлғалар бейнесі төбе-төбе болып көзге шалынады.

Тарихымызды тыңнан толғап, туған әдебиет төрінен бүгінгі биіктен қарасақ, ұлттық болмысы мен мәдени түбірлі өзгерістерге толы екі ғасыр тоғысында өмір сүрген, ұлы Абайдай поэзия Алатауының асқаралы шәкірттерінің бірі, қазақ әдебиеті тарихының өзіндік бірі биігі –Мұқағали Мақатаев мұрасы жаңаша пайымдаулар тұрғысынан жан-жақты,терең зерттеуді қажетсінді.

Енді екі ақынның шығармаларына қысқаша шолу жасасақ

Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты

Өнерге салар бар күшін.

Жүректің ақыл суаты,

Махаббат қылса тәңірі үшін-деген өлеңде Абай алдымен «Алла» дегенге сәл-пәл, жеңіл қараудан сақтандырған. Алла тек ауызбен айтылған ақиқат емес, ол жүрекпен қабылданатын шындық.

Мұқағали ақын

“Алла – Ақиқат. Аллаға сеніп өтем,

Адалдық пен Ақиқат серігі екен.

Адаспаймын, Аллама сеніп өтем,

Арамдыққа баспаймын жолы бөтен”, – дейді ақын. Екі ақын да «Алланы Ақиқат» деп таниды.

Екеуі де Алланы жүрекпен түсініп мойындайды. Ақын өлеңдерінде Аллаға тәуекел етудің терең мағынасы жатыр.

Достық туыстық, жолдастық, сүйіспеніш сыйластық сезімдерге жақын, кей жағынан ұқсас бола отырып, өзіндік өзгешіліктерге ие. Достық, дос туралы ақын Мұқағали былай деп жырлаған екен.

Досым, саған сенемін, Сеніп өтем!

Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.

Достық деген-адамның көрігі екен,

Достық деген адалдың серігі екен. (Атамұра баспасы, Аманат 158 бет)- деген екен Мұқғалаи.

Абай ата көрсеткендей,“Достыққа достық –қарыз іс”екенін жадыда ұстаған жөн.

Достыққа достық-қарыз іс,

Дұшпаңына әділ бол.

Асығыс түбі-өкініш,

Ойланып алмақ сабыр сол-деген екен. Осы өлеңдерде екі ақынның ойы бір жерден шығатындығын көреміз. Абай “Адам баласына –адам баласының бәрі дос”,- дер ме еді. Осы даналық дәстүрді басшылыққа алып, халықтар арасындағы татулық, достық үрдісті алға қарай жалғасытыра беру – бүгінгі өміріміздің көкейтесті талабы. Жастық шақ адам өміріндегі ең қызықты, махаббатқа, сүйіспеншілікке толы кездердің бірі. Әр адам өз жастық шағын үлкен сағынышпен еске алады емес пе? Мұқағали өзінің «Жастық шақ» деген өлеңінде:

Ойланшы, не берді жастық маған?

Үйрет деп асау берді бастықпаған.

Жастық маған от берді жалындат деп,

Жастық маған от берді жауынды ат деп.

Жастық мені жалтартпай шыңға айдады,

Жастық менің жаныма жыр байлады.

Жастық мені шындады, шынықтырды,

Жастық, шіркін, өмірді шын ұқтырды.

(«Атамұра» баспасы, «Аманат» 67 бет)-деп жырлаған екен Мұқағали. Бұл өлеңде Мұқағалидың жастық шағында көпті үйреніп, жастық оған ақыл-ой, сана бергенің айтса, Абай өзінің «Жастық» деген өлеңінде:

Жастықтың оты жалындап.

Жас жүрекке жанған шақ,

Талаптың аты арындап.

Әр қиынға салған шақ.

Уайым-аз, үміт көп,

Ет ауырмас бейнетке,

Бүгін-ертең жетем деп

Көңілге алған дәулетке.

(«Жалын» баспасы, «Өлеңдер» жинағынан 62 бет) деп жырлаған.

А.Т. Ақашова

Құқық және бизнес колледжі, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі - Б.А.Матенова, кәсіби шетел тілі пән мұғалімі

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

Тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі.

Қазіргі Қазақстанда тіл мәселесіне көп мән беріледі. Әсіресе, үш тұғырлы тіл туралы айта кеткен жөн. Елбасымыз «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, 2007 жылғы жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең- кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.

Көп тіл білу-заман талабы.Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі –жаңа Қазақстан» атты жолдауында : «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі.Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Әрине, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бұл мәселеге ерекше назар аударады. Ол өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін, сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады».Енді келесі кезекте біздің республикамызда мемлекеттік тілмен бірдей дәрежеде қолданылатын орыс тіліне тоқталамыз. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Бұл жайлы қазақтың біртуар ақыны ұлы Абай да айтып өткен болатын. Ақын «Орысша оқу керек, хикметте, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор», «сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады» дейді. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас пен интеграциялық қызметтердің діңгегі. Сондай-ақ, әлемдік алты ресми тілдің қатарына кіретін орыс тілін меңгеруге бәсекеге қабілетті ұлттың кез-келген өкілі ұмтылуы тиіс деген отандық ғалым Н. Кекілбекованың пікірімен келісуге болады. «Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру – ғаламдық ақпараттар мен инновациялық технологиялардың ағынына кіру деген сөз. Ағылшын тілі – дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі – бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан тілдердің қатарына жатады. Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады.

Білім мен ғылымның, инновацияның, жалпы Қазақстанның дамыған жағдайында Елбасы біздің алдымызға үш тілді меңгеру қажеттігін қойды. Қазақстан азаматтарының, яғни, біздің парызымыз – «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей, мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, шет тілдерді де білу деп ойлаймын. Сонымен, біз көрсеткендей тілдердің үштұғырлылығы – уақыт талабы. Үш тілді білу жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. «Үш тұғырлы тіл» идеясы – жарқын болашақтың кепілі. Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасында көрсетілгендей «қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі». Біз осы істің тек жанашыры ғана емес, орындаушылары болуымыз керек. «Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді. Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

А. Мейірханова

«№30 ЖОББМ» КММ

Ғылыми жетекші – Д.Е.Қайрашова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТОТЕМДІК ҰҒЫМ

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі-Ағаштың фольклорлық сипатын сан түрлі тұрғыдан көруге болады. Мәселен, М.Мағауиннің «Қисық ағаш», «Қос ағаш», Р. Отарбаевтың «Бәйтерек», Н. Ораз «Теріс ағаш», әңгімелері бір қарағанда экологиялық тақырыпқа арналған сияқты. Ал шығарманың түпкі идеясына терең үңілсек, ежелден келе жатқан «ағаш-дүние тірегі» дейтін ұғым жаңғырған.

«Тотем»-нің мағынасы-«төркіндік белгі» немесе таным тарихына қысқаша барлау мәдениетінен шамандықтың, тіпті, одан да ежелгі, алғашқы діндердің таңбалары мен мұнда лап тұрады. Сол алғашқы діндік құбылыстардың бірі-тотем. Тотемге табыну-діннің ең ертедегі түрі. Романдардағы тағы бір баянды ерекшелік-жансыз нәрсені сөйлету, жыртқыштардың тіршілігін суреттеу арқылы шығармаға романтикалық, символикалық бояу беру. Осы тұстары романның қызық, әрі дәлдікпен жазылған көркем жерлеріне қосылады.

М.Мағауиннің «Қисық ағаш» [4, 247б] әңгімесі «... Міне қызық. Оң қанат- аллеяның парк жақ беті, сымбатты қарағай. Самсай тізіліп тұр. Сол қанат-Держинский көшесіне қараған беті - қиқы-жиқы, қисық-қыңыр қара ағаш» деп авторлық пайымын осы бір көшенің екі жақ бетінде өскен ағаштардың екі бөлектігін суреттеу арқылы, бір елдің басынан өткерген екі түрлі бір-біріне кереғар екі өмірін алып көрсеткендей. Бірі қазіргі түзу жолдың бойындағы сымдай тартыла самсаған қарағай тәрізді тәуелсіздік алып, еңсесі биіктей түскен елдің рәмізін білдірсе керек. Ал, екіншісіне өкінішті өткені бұлыңғыр елеске айналса да көлеңке құсап арыла алмай келе жатқан кеңестік солақай саясат ізіне-қиқы-жиқы, қисық-қыңыр қара ағашты алып отыр. Қазақта жолың оңынан болсын, оң тілек, айың оңынан тусын деген ақ тілектері бар. Ал керісінше қисық, теріс-қағыс деген сөздерге де аса мән берген. Мәселен Қуандық Түменбайдың «Адамның тууы» атты әңгімесінде де осы мәселе сөз болды.

«Сен өзің теріс дегенді түсінесің бе? Адам анасынан теріс шығады. Теріс шықса ұрпақсыз қалады» [4, 246-247бб]. Жарық дүниеге келген адамның басымен шығып, ал өмірден озып, ақтық сапарға аяғымен шалқалап шығатыны бәрімізге мәлім. Қасым Аманжоловтың «Шалқалап әкем шықты үйден» демекші, не нәрсе болса да бұл дүниеде өзінің ретімен, Алланың жаратқан табиғи болмысы, жаратылысы бұзылмай берілгенге не жетсін дейді автолық таным. Адам болашағының кілті осы оң мен теріс келудің өзінде екен. Атам қазақтың «ісің оңынан болсын», «оң аяғыңмен атта», «айың оңынан тусын» деп тілек тілеп, бата беруінде де үлкен мән жатыр екен. Қуандық Түменбай өз шығармасында, теріс келген адамның ісінің бәрі терісінен келіп, оңбайды десе, ал М.Мағауин қисық өскен ағашты сол о баста теріс келген бала тәрізді басынан оңбай қыңыр келген заманның рәмізі деп түйіндейді. Екі жазушы екі түрлі тақырыпты жаза отырып, бір-ақ өзекті мәселені қозғап тұр. Бәрі оңынан, түзу болсын деген тілекпен туындаған мөлтек сыр ғана.

Автордың суреттеп отырған ағашы –ағаш болғанда қисық біткен ағаш. Жоғарыда атап өткендей қисық өскен ағаш арқылы суреткер өзінің барлық айтпақ ойын осы «қисықтыққа» әкеліп тіреп, үлкен салмақ салып отыр. Табиғаттың жаратылысын бұзып, жоғарыға,көкке ұмтылатын ағаш көлденеңінен келіп тұр. Қазақта кесе –көлденең тұрма, көлденең келді деген сөздер мәні осы әңгімені оқу барысында ашылады. Автордың айтпағы түзу емес қисық біткен нәрсе әрқашан да көзге қораш көрінері анық. Егер өсіп тұрған қисық ағаш көрсеңіз, ондай жердің де жақсы орын болмағаны. Соны білетін диқаншылар экономикалық шығынға ұшырамас үшін ондай жерге егін екпеген. Жазушы осы қисық ағаштан қандай қауып-қатер нендей қиындық көрерін бейнелеуде тағы да градация әдісіне сүйенеді.

Төбесін ойып ала жаздады ----- бет аузы талқан болар еді--- оңбай сүрінген----төрт тағандай жығылған ---- екі тізесі қақсап барады--- екі алақаны қатарынан талқан болыпты.---- құдай сақтады

---- Сүйек аман екен.-деп автор кейіпкерінің басын көлденең ағашқа соққызуы арқылы қыңыр заманнан зәбір көрген адамның бейнесін көруге болады.

М.Мағауиннің «Қисық ағаш» әңгімесі басынан аяқ тұнып тұрған астарлы мағынада символдық рәмізбен жазылған туынды деп қорытуға толық негіз бар. М.Мағауиннің “Қисық ағаш” әңгімесіндегі өзекті ой Н.Ораздың “Теріс ағаш” әңгімесінен өз жалғасын тапқандай.“Ол біздің ауылдың шетіндегі тоғайда өсіп тұрған теріс ағаш. Жұрт оны көптен бері солай атайды. Сырттай қарағанда айналасындағы басқа ағаштан ешқандай айырмашылығы жоқ” [6,127]-деп автор осы теріс ағаш оқиғасына шегініс жасау арқылы әңгімесін аяқтайды. Авторлық таным жас шыбық пен жеткіншек баланы психологиялық параллелизммен қатарластыра алып отыр. Негізгі өзекті ой "терісінен" қадалып отырғызылуында деп түйіндейді. Ағаш теріс отырғызылғанымен, өсіп-өніп, зәулім қарағашқа айналып отыр. Теріс те болса ағаштың шын ниетпен, таза көңілмен отырғызылуында деп пайымдайды автор.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ғ.Мүсірепов «Әдебиет-кәсіп емес,өнер», Алматы,1985жыл
2. М.Мағауин Шығармалар жинағы 7-том, Алматы,454-бет
3. Қ.Түменбай «Қобыз мұңы», Алматы, 2008 жыл

А. Амангельдиева
«№30 ЖОББМ» КММ

Ғылыми жетекші – Д.Е.Қайрашова,қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

БАҚАНАС САПАРЫ НЕМЕСЕ ШӘКӘРІМНІҢ ІЗІМЕН

Шәкәрімнің қилы заман қатпарларындағы тағдырына шолу жасау үшін Шыңғыстың ішінде бойлай отырып, Бақанас тарихына көз жібертелік.

Бақанас – Шәкәрім қажының өмірінің соңғы кезеңі өткен, қапыда қаза тапқан жері.Аласапыран кезде сол кездегі өкіметтің солақай саясатына қарсылық білдірген Шыңғыстау өңірінің жұртының наразылығы өршіп,аяғы қарулы қақтығысқа ұласқаны белгілі. «Асыра сілтеу болмасын,аша тұяқ қалмасын» деген шолақ белсенділердің әңгүдік саясаты сол кезде үстем болып, қанды қырғынның себепкерлерінің заң алдында жауап бермей кеткені де рас. Халқымен бірге болғаны үшін де «халық жауы» атанып, атылып кеткен Шәкәрім қажының талай жыл атаусыз көмілген «Құркұдық» та осында.

Ары қарай «Керегетас»... бұл жердің де «Бақанас» өңіріндегі аты әйгілі. Неге десеңіз, қызыл өкіметтің баскесерлерінің қолынан қаза тапқан Шәкәрімнің паналаған жері. Шәкәрім атылған жер «Қызыл биік», жасырынған «Қыз әулие» үңгірі де осы жерде. Үңгір тарихын жақсы білетін Серікқазы ақсақалды сөзге тарттық, көнекөз қарт білгендерін жайып салды:- Қазақтың басынан талай аласапыран заман өтті ғой. 1931 жылы Шыңғыстау өңірінде халықтың көтерілісі басталып, Кеңес өкіметінің аямай жаныштап басқаны белгілі.Арты аштыққа ұласқан кеңестік шолақ белсенді саясат нысанасына маңдайымызға біткен арыстарымызды ең бірінші алды емес пе... Дүрліккен елдің аты Қытайға өтсе,ұлгермегендері жанталасып шекараның маңына тоғысты... Бізге теріс оқытып, қарапайым бұқара «бандылар тобыры» деген қара таңба, Шәкәрім бабамыздың атына қара күйе жақты. Бұның бәрі өтірік, қып-қызыл жала. Мәңгүрттердің қолынан қаза тапқан ақынның соңғы мекені... Жасырынған жанға таптырмайтын жер. Ішінде тау өзені ме, әлде бұлақ па, су жиналған. Үңгірдің кіре берісіндегі зәулім

ағаш анықтап қарамаған адамға бұл жерде үңгір барын байқатпайды. «Қыз әулие» үңгірінде Шәкәрім тарихи деректерге сүйенсек, 1931 жылдың 2 қазанында бой тасалайды. Қасында Қытайға кетпек болып бекінген Берлеш, Сәдуақас, Зият сынды азаматтар бар. Келесі күні шекара аспақшы болып келіседі. Бірақ...Шәкәрім қажы туған жерінен алысқа кеткісі келмейді. Туып-өскен, кіндік қаны тамған қасиетті жерден амалсыз ығысу қайбір оңай дейсіз...

Қасындағыларға: «бара беріндер, мылтық бір рет атылса тоқтаңдар. Егер екі атылса тоқтамаңдар, маған қарайламай жөнеле беріндер,» - деген екен.

Аңыз бен ақиқатқа толы Ақын тағдыры, өмірінің соңғы кездерінің дау-дамайлы тұсы болуы да мүмкін, бірақ...мен нақты деректерге және көнекөз қариялардан естіп-білгенімді ғана айтып жүрмін. Ұлы тұлғалардың ұлағатты тағдырымен ойнауға, жалған сөйлеуге болмайды. Тарихи деректерге сүйенсек, Шәкәрімнің ГПУ-дің баскесерлерінің қолынан қаза тапқаны ақиқат. Абзал Қарасартов бастаған отряд Қытайға өтпекші болып бекінген халықтың алдын алу үшін қырғын ұйымдастырудан да тайынбағаны белгілі. Шәкәрім қажы туған жерінен алысқа кеткісі келмей, Шыңғыста қалмақшы болып шешеді. Ағайын- жұртты қалдырмақшы болып үгіттейді, амал не, қызылдардан әбден үмітін үзген халық үдеріле көшпекке бекінеді. Шаш ал десе, бас алатын баскесерлерден жасақталған отряд кімді болсын аямайтын ұсқында еді. Олардың басты мақсаты – Шәкәрімді өлтіру. Қазақты артына ертіп әкетеді деген арам ой кеңестік жандайшаптардың мазасын алған болатын. Анығында, Шәкәрім қажы үкіметке қарсы шықпаған. Ұлы ойшыл азғындардың қолынан ажал құшамын деп ойламаған. Әу баста ақыннан құтылмаққа асыққан ГПУ-ліктер қажыны атып өлтіріп, ешқандай ақіретсіз айдаладағы «Құркұдыққа» апарып тастайды. Кеңес үкіметіне қарсы «контра», «халық жауы» деген жалған айыптар тағылып, талай жыл ақталмай, артына қалдырған мол мұрасы архивтерде тығылулы қалады. Заман өткінші, өтірікпен құрылған Қызыл империя келмеске кетті. Шәкәрім бабамыз толық ақталды.

Ұлы Абайдың қасына ақ жауып, шарифат жолымен жыр кіндігі Жидебайда жерленді. Бұның бәрі- тарихи деректерге сүйеніп жазылған жайттар. Ақынның ұлы Ахат Шәкірімұлының әкесінің сүйегін қайта жерлеп, ұлы мекенге қайта оралуына еңбегі зор. Туған жердің әрбір тасы мен әр түп жусаны барлығымызға ыстық. Туған жердің тарихын білу, ұлыларды ұлықтау-барлығымыздың қасиетті парызымыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Шәкірімұлы «Менің әкем-халық ұлы Шәкәрім», Жұлдыз №11 1992 жыл
2. Т. Ибрагимов «Азалы жылдар сырлары», «Абай» журналы №3 1997 жыл
3. М. Әрқамқызы «Шәкәрім сүйегі Жидебайға қалай жерленді?» «Үш анық» 1998 жыл

А.К. Даулетқалиева

«Шақаман ЖОББМ» КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Л. Б. Бижанова, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

«Фразеология» терминінің мағынасы өте кең. Мағынасы белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін бірлік болып, қолданылуы дәстүрге айналған сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологизмдер деп атайды.

Стиль терминінің мазмұны әр түрлі жағдайда айтылады, мәселен, латынша *stylos*, қазақша «жазу құралы» деп келген, кейіннен «стиль» сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Жазба тілде де, ауызекі сөйлеу тілінде де стиль талаптары сақталады. Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипатта ажар беретін айырықша құрал. Тұрақты сөз тіркестері (қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомдар) аз сөз бен көп мағынаны білдіреді, тілдің стильдік сапасын арттырады. Бірақ олардың қолданулары әр түрлі, мысалы, идиомаларды алатын болсақ, олар жеке сөздердің орнына жұмсала береді. Өйткені, идиомдар жеке сөздермен синонимдес болып келеді. */Тез-қас пен көздің арасында/* Ал мақалдар өзара синоним бола алады. */Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар/* Мақалдардың тағы бір ерекшелігі, идиомдар сияқты жеке сөздердің орнына жұмсалмайды. Мақалда тиянақты қорытынды ой болғандықтан көбіне сөйлем түрінде келеді. *Шебердің*

қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ. Сондықтан мақалдар тырнақшаға алынып, көркем цитат ретінде пайдаланылады.

Мақал-мәтел-астарлап, кестелеп айтатын ойдың бейнелі көрінісі. Мақал көбінесе тиянақталған қорытынды ой ретінде, сөйлем түрінде келеді. Мысалы: *Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.*

Мәтел формасы жағынан бейнелеп сөйлеудің бөлшегі сияқты. Онда ой аяқталмай келте қайырылады. *Ұзын арқау, кең тұсау. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен.* Сөз өнерінің асылы мақал-мәтелдер ақын-жазушылардың стилінің қалыптасуына ықпал жасайды. Мақалдардағы ойды басқа оймен жанастыру үшін мақал мен басқа сөздердің арасында көбіне «де» етістігін қойып айтамыз... «де» етістігі арқылы екі негізгі ойды құрап, сөйлем мен сөйлемді жалғастыру – мақал тәрізді тізбектердің қалыпын өзгерту керектігін көрсетеді. Ал идиомалық сөздердің морфологиялық тиянақтылығы басым. Идиома ішіндегі сөздердің тұлғасын өзгертіп бір жалғаудың орнына екінші жалғауды қоюға болады.

Фразеологизмдер-сөйлеу тілінде де, жазба тілде де көп қолданылады. Ал бейнелегіштік сипаты, әсіресе көркем және публицистикалық шығармаларда айқын кездеседі. Ал ғылыми шығамалар мен ресми құжаттарда фразеологизм мұндай мәнерлілік қызмет атқара алмайды. Өйткені, олар көбінесе терминдік сипатта болып келеді және белгілі бір заттың не ұғымның аты ретінде ғана жұмсалады. Бірақ бұл стильдерде фразеологизмдердің қолданылу тәсілі бірдей емес. Стильдің бір түрінде тұрақты сөз тіркестері жалпы халықтық тәсілде пайдаланылса, екінші бір түрінде олар кейбір өзгеріспен жаңа экспрессивті стильдік сипатта қолданылады. Мәселен, сөйлеу тілінде көбінесе жалпы халықтық форма өзгертілмей сақталады. Көркем шығарма мен публицистикадан фразеологизмдерді қолданудың екі түрін кездестіруге болады.

1. Фразеологизмдердің жалпы халықтық формада қолданылуы.

2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы.

Фразеологизмді жалпы халықтық формада қолдану-жалпыға танылған белгілі тәсіл. Мұнда айтылып не жазылып жеткізілетін ойға көркемдік сипат беру мақсаты көзделеді.

Әр халықтың өзінің дәстүрлі тіл өнері болады. Жалпы халықтық тіл қолдану мен жазушылардың тілді қолдану тәсілі бір-бірімен тығыз байланысты. Көркем шығарма тілі жалпы халықтық тіл өнерінің жалғасы ретінде дамып жетіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Б. Адамбаев. «Шешендік сөздер». Алматы, 1993

2. Г. М. Адамбаева. «Қазақ тілінің стилистикасы». Тапсырмалар жинағы.

3. М. Балақаев, Т. Сауранбаев. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы. 2003ж

Д. Елтай

Құқық және бизнес колледжі

Ғылыми жетекші – Макаева Алтынгүл Сапарбекқызы

ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНЫҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ

Әрбір кәсіптің өз мамандығы болатыны секілді, журналист мамандығы да өз саласы бойынша пайда болған. Ал қандай мамандық болса да өз ерекшелігімен көрінетіні белгілі. Демек, журналист басқаға ұқсамайтын, өзгелерден айырмашылығы бар мамандық. Ол өз шығармашылығы арқылы қоғамға, адамға қызмет етеді. Әрбір мамандық сияқты, журналистің де өзіне қатысты білім, іс-тәжірибесі болатыны анық. Жалпы журналист қандай дәрежеде жұмыс істесе де, қоғамдық-ақпараттық саланың қызметкері болып есептеледі. Ол әркез жаңаны жақтаушы, бар жақсылықты қолдаушы болып табылады. Сөйтіп, газет-журнал немесе радио-теледидениенің жұмысын атқарып, шығармашылық қызмет жасайды. Ол редакция жұмысында бірінші – ұйымдастырушылық, екінші - әдеби өңдеу, үшінші – шығармашылықпен айналысады. Бұл үшін оған білім мен қабілет керек. Оған қоса өмірдегі құбылыстардың мәнін түсіне білу де үлкен қасиет болып саналады. Қандай оқиғаны болсын тапқырлықпен, сенімді түрде, көз жеткізіп жазатын болуы керек. Жұртқа өмір жайлы толғап айта білу де үлкен өнер. Ол үшін тіл, сөз байлығын қолдану қажет. Тағы бір айтарлық жайт, журналист қоғамдық қайраткер бола алса, тіпті жақсы. Ол уақыт, заман ағымын жақсы түсінуі тиіс. Әсіресе, идеяға толы

материалдар жазып, жұрттың назарын аударып білгені жөн. Журналистің тағы бір қасиеті – оның саяси-әлеуметтік қызметінде, дүниеге деген көзқарасына, өмірлік ұстанымына байланысты. Бұл – жан-жақты білімділік пен саяси-азаматтық тұрғыдан өсу, кемшіліктерге төзбеу, өз өмірін халық ісі үшін арнауға келіп тіреледі. Әрбір журналист өз елінің шын патриоты болумен бірге, сол мемлекеттегі және жер жүзіндегі оқиға-құбылыстарға сергектікпен қарап, жедел жариялап отыруы міндет. Журналист өз ісіне адал берілген маман болуы тиіс. Журналистің өз қызметін жемісті атқаруы үшін интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетін толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, әділ, батыл қасиетімен де танылуы тиіс. Ал ақыл-ой, эрудиция бірінші орында тұруы керек. Сондай-ақ, журналистің жеке бас мәдениеті көп нәрсені аңғартады. Өсіресе, журналистің мәселені терең білушілігі аса қажет. Онсыз журналистің табысты жұмыс істеуі екіталай. Өмірде журналист әртүрлі жағдайға кездесуі мүмкін. Соның бәрінде жан-жақты хабардарлық, білімділік болмаса кей нәрсенің анық-қанығына жету, ақ-қарасын ашу оңай емес. Оқиға, фактіге жеңіл-желпі қарамай, оның түпкі мәніне, себеп-салдарына назар аударып білу керек. Ол үшін сол саладағы арнайы мамандармен кеңесу артық емес. Жаңа мәліметтерді салыстырып қарау жөн. Бәрі анық болғанда ғана журналист мақала жазу керек. Бұл орайда жақсы дайындық, жана мәселелерді тез аңғару, проблеманы байқай білу шарт. Сөйтіп ашық түрде өз көзқарасын да білдірген жөн. Сондықтан журналист әрқашан өз білімін теориялық тұрғыдан толықтырып, тәжірибелік тұрғыдан ізденіп, еңбек ете білгені дұрыс. Журналист болу үшін рухани және өмірлік дайындықтар болуы керек. өзіңді журналистік мамандыққа арнап, таңдағаннан кейін, сол жолда аянбай қызмет етуі ләзім. Ол принципті түрде, қайсарлықпен, бұқаралық ақпарат құралдары алдындағы өзінің міндетін, борышын бар күш-қайратын салып орындайтын маман. Бұл ретте журналист өзінің ұстамды мінезімен, қиындыққа қарсы тұратын күрескерлігімен, тапқырлығымен, ой ұшқырлығымен, тез арада шешімдер жасай білумен ерекшеленеді. Ол қай істе болсын нәтижеге жетуге тырысуы керек. Бұған қоса журналист кең пейілді, жаны жомарт, жақсылыққа құштар, мейірімді, жақсы дос, қиналғанда қол ұшын беретін жан болуы да үлкен қасиет. Ол менмендіктен аулақ болуы қажет, өзін-өзі ұстауы мен іс-әрекеті арқылы өзгелерге үлгі-өнеге бола білгені ғанибет. Журналист жұртпен тіл табысқыш болса, тіпті жақсы. Ол қашанда жинақы, қиын жағдайдың өзінде жұмыс істей алатын, аңғарымпаз және сезгіш болуы керек. Оған есте сақтағыш қабілет те өте қажет. Тез ойлап, тез жазу да жақсы нышан. Журналистің өз жұмыс істеу тәсілі, өз ерекшелігі болуы заңды. әркімнің, сондай-ақ өзі қалайтын тақырыбы да болуы мүмкін. Журналистің стиль қалыптастыруы да үлкен жетістік. Ал жалпы кәсіби және шығармашылық қасиет пен ерекшелік бір-бірімен ұштасқанда нағыз журналист қалыптаспақ. Журналист өз қызметінде тек қана шындықты жазып, барлық мәселені объективті түрде қарау керек. Нағыз журналист өнегелі болуы тиіс. Журналистің жұмысы халықтың сынына түседі, оған халық төрелік етеді. Сондықтан журналист өз мамандығының, қызметінің халыққа керек екенін терең сезініп, жуапкершілігін, борышын адал атқаруы міндет. Этика – деген адамгершілік келбетті айқындайтын моральді тәртіпті талап ететін ғылым салаларының мінез – құлқы мен олардың сана – сезім ерекшеліктерімен, қоғамдағы ережелері, заңдары, талаптары орындау өзгешелігімен, сондай – ақ қоғам пікірімен айқындалады. Журналистік этика қазіргі кездегі журналистік маманды игерген әрбір азаматқа өзіндік кәсіби талап-тілектерді қояды. Этика – грек тілінен енген термин сөз. Зерттеу объектісі – мораль қазақша баламалары әбептілік, инабаттылық, имандылық, адамгершілік, ізгілік, сыпайылық. Ал осы журналистің кәсіби моральдық, этикалық принциптері деген қалай талданады. Ол үшін а) халықтығы, ә) бұқаралығы, б) шыншылдық, объективтілік. Яғни, журналистің жеке басының этикасы жалпы принципінен туындайды екен. «Принцип» латын сөзі – негіз, қағида, ереже немесе бір нәрсенің бастауы деген мағнаны білдіреді. Принциптер – журналистік қызметтің теориялық-методологиялық негізі. Шыншылдық пен объективтілік – баспасөзге қойылатын жаңа талаптар кезеңіндегі негізгі принциптер. Журналистикадағы жалпы адамзаттық принциптер: халықтығы, интернационализм, гуманизм.

Сонымен журналистика саласының болашағы айқын, келешегі кемел болсын десек, бүгінгі білім нәрімен сусындап жатқан жастарымыз, терең білім мен өнегелі, өнерлі, білімді де білікті маман болуы үшін аянбай еңбек етсе, журналистика саласының да болашағы жарқын болмақ.

І.Д. Мұхамдиева

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – З.С.Алканова, педагогика пәнінің оқытушысы

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА АЛАТЫН ОРНЫ

Қайтадан қайырылып қауымға келмейсің,
Барыңды, нәрінді тірлікте бергейсің.
Гибрат алар артыңа із қалдырсаң,
Шын бақыт-осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің!
Шәкәрім

Зерттеудің мақсаты- ақын шығармаларының мектеп бағдарламасынан алатын орны, мектеп бағдарламасына әр жылдары кіру тарихын зерделеу.

Зерттеудің өзектілігі: Әлемдік өркениетке қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызды.

1990 жылдан бастап Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін мектептің әдебиет пәні бағдарламасына Шәкәрім шығармаларын оқытуды міндеттеді. 1991 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мектептің оқу-әдістемелік негіздерін қалауға бағытталып, өзінің тілі, ұлттық рәміздері бар егеменді ел болуымызға байланысты ұлттық рухани қазынамызға оралу, жаңаша ойлау тұрғысынан пәннің бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін түбірлі жаңарту мәселесі қолға алынды. Халқымызға қайта оралған көптеген асыл қазыналарымыз, соның ішінде М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов шығармалары толықтай қарастырылып, оларды әдеби білім мазмұнына іріктеп алу ісі жүзеге асырылды.

1991-1992 оқу жылына арналған әдебиет пәнінің бағдарламасына Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығы алғаш рет енгізілді. Әдеби білім мазмұны жаңаша қайта қаралып жатқан кезең болғанымен бағдарлама авторлары Шәкәрімнің әр сыныпқа лайықтап, көркемдік қуаты жоғары, оқушының жас ерекшелігіне сай келетін лирикалық шығармаларын саралай отырып, тандап ала білген. Жалпы білім беретін орта мектептерде Ш.Құдайбердіұлының шығармалары бастауыш сыныптан бастап оқытыла бастайды. 2-сыныптың ана тілінде «Сен ғылымға», 3-сыныпта «Бостандық таңы атты», «Бір кесе меруерт» әңгімесі, 4-сыныпта «Жас келер», 5-сыныпта «Еріншек», 6- «Жолама қулар маңайға», «Адамдық борышың» өлеңі берілсе, YIII сыныпта «Жолама қулар маңайға», «Жасымнан жетік білдім» өлеңдері, X сыныпта «Жастарға», «Дүние мен өмір», «Ашу мен ынсап», «Бай мен кедей», «Бостандық туы жарқырап», «Ажалсыз әскер», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жапанда жалғыз жатып елден безіп» және «Еңлік-Кебек» поэмасы енгізілген. Ш.Құдайбердіұлының шығармаларының жанрлық алуан түрлілігі, тақырыптық ауқымның кеңдігі, идеялық мазмұнының байлығы, көркемдік әсерлігі қарастырыла отырып, «Қалқаман-Мамыр» поэмасы, «Жастарға», «Анық пен танық», «Бай мен қонақ», «Бостандық таңы атты», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» өлеңдері және А.С.Пушкиннен Шәкәрімнің аудармасы «Дубровский», «Бәйшешек бақшасы», «Шын бақыттың айнасы» қара сөздері берілген. Бағдарламаға енгізе отырып оқытудағы мақсат- алдымен өлеңді оқушыға саналы түрде меңгерту болса, сонымен қатар жағымсыз жат қылықтарынан аулақ болуына оқушылардың бой алдырмауына жол сілтеу екені түсінікті. Оқушылардың орта буын сыныптарында алған әдеби білімі жоғарғы сыныптарда күрделене түседі. Мұны X сыныпта арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған тараудан көруге болады. «Тумақ, өлмек – тағдырдың қазасы», «Мен адамның таппаймын өнерлігін», «Біреудің мінін кешірсең», «Ей көп халық, көп халық», «Жасымнан жетік білдім», «Елге көнсем, ақ жолдан адасамын», «Анадан алғаш туғанымда», «Жуандар», «Бай мен қонақ», «Өмір», «Бостандық таңы атты», «Насихат», «Патшалар сансыз шығын қылды» өлеңдері және «Еңлік-Кебек», «Ләйлі- Мәжнүн» поэмалары оқытуға бөлінген бірнеше сағатты қамтиды. Оқушыларға қаншама уақыт халқынан қол үзіп қалған Шәкәрім шығармаларын кеңінен оқытуға байланысты Т.Ақшолақов, Ә.Дайырова, С.Қалиев, Ә. Қанафиндердің 1992 жылы «Қазақ әдебиеті хрестоматиясы» жарық көрді. Біздің нысан Шәкәрім шығармаларын оқыту болғандықтан, Шәкәрімге қатысты тұстарын ғана айтар болсам, «Жастарға», «Ашу мен ынсап», «Шын сырым», «Бай мен кедей», «Бостандық таңы атты», «Бұл

ән бұрынғы әннен өзгерек», «Ажалсыз әскер», «Сен ғылымға», «Ақындарға», «Жасымнан жетік білдім», «Қазақтың жаманы болмас», «Мал жимақ», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» шығармалары енгізілгендігі біз үшін Шәкәрім мұрасын насихаттап, оқушы бойына сіңіру мүмкіндігінің ашылуы. Мысалы, 7 сыныптың қазақ әдебиетінде «Жастарға» өлеңінде:

Адамдық борыш ар үшін
Барша адамзат қаны үшін
Серт берген еңбек етем деп

Алдағы атар таң үшін - деп Шәкәрімнің ағартушылық нысанасын жария еткен өлеңі екені түсіндіріледі.

Жанр түрі: поэзия (өлең), идеясы: Абай көрсеткен адам болу, азамат болу. Ол өз ортасынан білімді әрі ойшыл ақын, парасатты әділ жан деп Абайды ғана таниды. Содан үйренді, өзіне үлгі етті. Жастарды адалдықты сүйеге, арамдық қулықтан қашуға, үлкеннің ақылын тыңдауға шақырады. Өлең 14 шумақтан тұрады, 56 тармақтан тұрады, 3 бунақтан тұрады, 11 - 12 буыннан тұрады, теңеу - затты басқамен салыстырып айту. Күнде күйлей бермелік (уақытты босқа өткізбеу), эпитет - құбылысты, затты бейнелеп айту үшін қолданылатын сөздер. (арам айла, өшпес өмір) Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні. Зұлымдықтан, жамандықтан, әділетсіздік пен қиянат жасаудан аулақ болуға шақырады, халықтың мүддесін қорғай білуі болашақ ұрпағына деген көрсетер үлкен тәрбие екенін аңғарамыз. Оқушының Шәкәрім шығармаларын мектеп оқулығы көлемінде ғана танып білуі жеткіліксіз. Сондықтан жастарға ақынның суреткерлік құпияларын мәнді де мағыналы, терең меңгеру үшін еңбектерінің құндылығын айта отырып сыныптан тыс жұмыстарда, Абай шығармаларын оқытуда салыстыра отырып түсінуіне, дарынды балаларға зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы ұйымдастыру қажет деп санаймын.

Мамандығым музыка пәнінің мұғалімі болғандықтан кейбір шығармаларының ән нұсқасы да бар екенін айта кетейін. Олар: « Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Шаранамен туып едің», « Бостандық таңы атты» тағы да басқа көптеген өлеңдеріне ән жазылған. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әні жайлы 1979 жылы 17 наурызда магнит таспаға жазылған Ахаттың аузынан алынғаны туралы дерек бар. Онда былай делінген: Ән 8 ауыз өлеңнен тұрады . Баспасөзде 5 ауызы берілген, Зауызы (6,7,8) өлеңі енді ғана жарық көрді Бұл әннің дүниеге келуін Ахат аға 1918 жыл десе, «Аманатта» 1925 жыл деп жазылған. «Шаранамен туып едің» .Бұл нота Ахат ағаның магнит таспасына жазылған дауысынан түсіріліпті. Ән бірқалыпты ,ойнақы , әндете орындалады.Сегіз және жеті буынды , шалыс ұйқасты, төрт жолды сегіз ауыз өлең. Бұл өлең 1988 жылы «Жалын» баспасында шыққан Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» өлең –қисса жинағында бар.«Бостандық таңы атты» өлеңі мен музыкасын Ш.Құдайбердіұлы 1919 жылы Шыңғыстауда Қазақстан Республикасының гимні үшін жазған .Шәкәрімұлы Ахат Құдайбердиевтің айтуы бойынша өлеңі мен музыкасын өз фонетикасынан нотаға түсіріп, баспаға ұсынған жергілікті композитор Арынбек Ахметжанов .Бүгінгі таңда Шәкәрім Құдайбердіұлының 19 әні және 4 поэмасының ноталық тақырыптары музыка зерттеушісі Талиға Бекхожинаның жинақтауымен 1989 жылы «Аманат» деген атпен жарық көргенін айта отырып , осындай қолда бар дүниені шашпай-төкпей жас ұрпақ жүрегіне жеткізу –біздің алға қойған мақсатымыз демекпін.Шәкәрім Құдайбердіұлы әндерінің әлі күнге дейін мектептегі музыка , ән-күй пәнінің бағдарламасына енгізілмеуі қай жағынан болса да көңілге сыйымсыз.Мағынасының тереңдігі, көркемдігі, ойшылдығы тағы басқа жақтарынан дүниежүзілік классикадан кем түспейтін Шәкәрім шығармаларын тек әдебиет пен тіл жағынан ғана оқытып қою сыңаржақтылыққа әкеп соқтырады. Мен болашақта Шәкәрім шығармаларын оқытуда әдебиет пен музыка пәнін байланыстыра отырып, кіріккен сабақ ұйымдастыруды ойластырар едім.Өйткені Шәкәрім өлеңдерінің тақырыптық көркемдік ерекшеліктері туралы айтылар сөз ауқымды.Сонымен Шәкәрім шығармаларын оқыту барысында, соның ішінде әндерін музыка сабағында үйрету барысында мына мәселеге айрықша назар аудару қажет.Шәкәрім реализімі -Абай реализімінің заңды жалғасы.Ақын өз қоғамындағы өзгенің көзіне шалына бермейтін сырларды,жақсылық пен жамандықтың ара жігін ,әділетсіздіктің белгілерін көре білді.Ақын өлең әндерінің тақырыбы тек кемшілікті әшкерелеумен шектелмейді, жақсылықтың өзін жарқырата көрсете білді.Ол жайында күнделікті бағдарламада айтып шығу мүмкін емес . Сол себепті Шәкәрім әндерін тақырыптық идеялық жағынан топтап, мазмұнын саралай отырып, ақынның ағартушылық философиялық лирикасына тереңірек көңіл бөлген жөн .Әр әннің көркемдік кестелеріне,ырғақ, әуен, өрнек- бояуына назар аударып отыру қажет . Оқушылардың ұғымына, түсінігіне жеңілдірек болуы үшін талдау кезінде Абай өлеңдерімен салыстырулар келтіріп

отырса деймін. Шәкәрім шығармашылығын орта мектепте оқытудың педагогикалық-психологиялық әсері де бар. Шәкәрім еңбектеріне бойлаған сайын бүгінгі ұрпақ ұлы ойшылдың білімге шақырған ұранды үнін ғана емес, оның адамзатты тәрбиелеу саласындағы даналық ақылын терең меңгеріп, нұсқаған тағылымдарындағы теориялық ой-пікірлерге қаныға түседі. Оның педагогика ғылымының дидактика саласына қатысты пікірлері де ұшан-теңіз. Шәкәрім шығармаларының ішкі сырларын терең де, жан-жақты білу үшін жалпылама айтумен ғана шектелмей, ол ұсынған ойларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өте байыпты да байсалды аңғара білу қажет. Өйткені, Шәкәрім дидактиканың басты принциптері мен ғылымды меңгеру тәсілдерін және оны игерудің амалдарын даналықпен дәл нұсқап, педагогикалық-психологиялық негіздерін терең аша білген.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Сейсенұлы Д. Шәкәрім. – Астана. Фолиант баспасы, 2008 жыл
2. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар/құраст.: М. Мағауин. - Алматы: Жалын, 1988. - 256 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар/құраст.: Х. Сүйіншалиев. - Алматы: Рауан, 1990. - 208 б.
4. <http://netref.ru/akmanova-galiya-rahmetolinovna.htmlpage>

А. Карасартова

«Шүлбі жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Ғылыми жетекші – Н.Р. Жунусова, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АБАЙ, ШӘКӘРІМ ӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМУЫ

Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі пәнін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың негізгі мақсаты – коммуникативтік, мәдени-танымдық, тілдік, біліктілігі дамыған құзіретті тұлға даярлау. Қазіргі өзім оқып отырған мектепте дәстүрлі білім беру қызметін атқарумен шектелмейді, оның қызметін кеңейтіп отыр. Атап айтқанда, мектепте жеке тұлғаны рухани қалыптастыруға, жоғары басымдылық беріледі.

Қазақ тілін оқыту барысында пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни әрбір адамға керекті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселелерін барынша жауапкершілікпен қарауға міндеттіміз.

Қандай да болмасын тілді мағынасы мен мазмұнына бойламай игеру мүмкін емес. Тілді білу, ұғыну арқылы сол халықтың тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Оқушының өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындауы үшін тиісті деңгейде сөздік қорды меңгеруі қажет.

Басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйренуге оңтайлы жолын қарастыруда және тілдік ортаны жетілдіру мақсатында ой-өріс танымын кеңейтудің, сөйлеу дағдысын орнықтыруда диалогтік қарым-қатынас жасау, сұхбаттар құру, рөлдік ойындар ойнату және басқа да тың тәсілдерді қолдану өте тиімді. Мұның өзі бір-бірлерімен пікірлер алмасуға, ойларын түсінікті етіп жеткізуге дағдыландырады. Сонда ғана тілді үйрену белгілі нәтиже әкеледі.

Тіл – тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады. Тіл үйренушінің тілдік ой-өрісін кеңейту, тілге деген құрметін ояту – басты мәселе. Бірсарындылық қашанда тіл үйренушінің ынтасын жоғалтады. Сондықтан, тіл үйренудің әр кезеңінде барынша түрлендіріп, жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушының бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруға кеңінен жол ашады.

Өзім оқитын сыныпта Абай, Шәкәрім өлеңдерін үйрету қолға алынғаннан бері біздің сынып оқушыларының мемлекеттік тілге деген қызығушылығы артқанын байқадым. Бастапқыда қиын көрінгендей болғанмен ән айтуға құлшынысымыз артты. Бірте-бірте әннің сөзіне назар аудара бастадық, ал сөздік жұмысын ұйымдастыру кезінде сөздік қорымызды молайту мүмкіндігіне ие болдық. Сонымен қатар әнді тек айтып қана қоймай, өлеңнің мәтінін жатқа жазу арқылы грамматикалық сауаттылығымызды да жетілдіріп отырдық. Әннің құрылымына талдау жасау арқылы ұйқас түрлері мен әдеби тіл ерекшеліктеріне де ден қойдық.

Мысалы, Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңін үйрену барысында
Көзімнің қарасы,

Көңілімнің санасы.
Бітпейді іштегі
Ғашықтың жарасы.

Сөздік:

Көз	– глаза	Бітпейді	– неисякает
Қара	– черный	Іштегі	– внутри
Көңіл	– душа	Ғашықтың	– влюбленного
Сана	– разум	Жарасы	– рана

Осы шумақтағы сөздердің тура аудармаларын біліп қана қоймай, өлең шумағында сөздердің түрленуіне және ұйқас түрлеріне қарай құбылуын білгенде ерекше таңданыс пен қызығушылығым да арта түсті.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деген ұлы ақын Абай атамыз өз сөзінде.

Музыка өнері, оның ішінде Абай, Шәкәрім әндері арқылы жастарды эстетикаға тәрбиелеудің маңызы- өлең сөздің мазмұнын музыка немесе ән арқылы байытумен ерекшеленеді. Сонымен бірге ақынның музыкалық мұралары арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруге де мүмкіндік туады.

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жастарды азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдеп-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру міндеттері жөнінде нақты айтылған. Біздің планетада әр түрлі халықтар тұрады. Сол әр халықтың өзінің тілі, діні, әдебиеті сияқты өз тілінің ерекшеліктері болады. Адамның ойын жарыққа шығаратын – тіл. Ал тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ 17.01.2014 Posted on 17.01.2014 | (Leave a comment интернеттен алынды)
2. Р.Халитова “Музыкально-эстетическое воспитания учащихся У-УІ классов средствами киргизской народной инструментальной музыки” дисс. канд. Алматы, 1989
3. Сұлтанова Н.К. Абайдың музыкалық мұрасын оқыту //Қазақстан мектебі. Алматы. № 3, 2010 Б.37-39.

Т.Ж. Қасымова

«№42 жанында интернаты бар ЖОББМ» КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Н.М.Ирбаева, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

**Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨКЕНАЙ
БЕЙНЕСІН ТАРИХИ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТАНИЫҚ**

Кемеңгер ақынның тарихи тақырыпқа жазған поэмаларының ішінде ерекше тағдырмен өзгешеленетін «Қалқаман-Мамыр» поэмасының орны бөлек. Поэмада баяндалатын оқиға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталатын қасіретті кезеңнің қарсаңында, яғни он сегізінші ғасырдың басында, 1722 жылы Сыр бойындағы Тобықты елінде өтеді делінген, ал кейбір дерек көздеріне сүйенсек, негізінде «Қалқаман – Мамыр» оқиғасы 1722 жылдан ертерек, 1712 жылы Сыр бойында болған деген дерек бар. Арада 200 жыл өткенде, 1912 жылы Шәкерім Құдайбердіұлы бұл сюжет бойынша поэма жазғаны белгілі.

Поэманың идеясы – жеті атаға толмай қыз алысып, қыз беру қазақтың әдет-ғұрпына қайшы келер іс екенін келер ұрпаққа таныту. Ал поэма кейіпкерлерінің бірі Көкенай батыр – тарихта өзіндік орны бар тұлға. Ол жайлы Қалихан Алтынбаевтың «Мамай батыр» поэмасында:

Емендей иілмейтін ер Көкенай,
Бүгіліп бара жатты-ау жерге қарай , -

деп суреттеледі. Сол емендей иілмейтін ер Көкенай кім? Ол жайлы не білеміз? – деген сұрақ төңірегінде ой қозғап көрейік.

Тарихқа жүгінер болсақ, Көкенай – Тобықты руының Үмбетей бұтағынан. Шамамен алғанда, 1648-1728 жылдар арасында өмір сүрген. Көкенай – Орта жүзден шыққан әрі батыр, әрі би болған адам. Есімі заманында қалың жұртқа әйгілі болған адам. Ол көптеген жорықтарға қатынасқан, тәуелсіздік жолындағы күресте қас жауларын тітірентіп өткен жау жүрек батыр деп танымыз. 1728 жылдары сексенге аяқ басқан шағында егделігіне қарамай, қан майданға араласып, ауыр жарақаттан дүние салған. Қазір сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі қазақ халқының ел билеген белгілі хандары, билері мен батырлары, игі жақсылары жерленген жерде жатыр. Бұдан біз Көкенай батырдың көптің бірі емес, тарихта өзіндік орны бар тарихи тұлға екенін танымыз.

Сондай-ақ, Айгүл Кемелбаева өзінің «Көкенай мен Қалқаман» атты әңгімесінде: «Үмбетейден Көкенай туған, есімін анасы қалмақша Кукнай қойды, жасыл апиын дегені. Әз-Тәукенің ту ұстаған қолбасшысы, жасында Салқам Жәңгір хан жорықтарында ерлеген Көкенай қамшы бойлы кезінен тақымы атқа мықты, өскенде қыл жалауын бұлғаған ата жау қалмақты аяп қалмаған. Ол ел шетінде айлап, жылдап ұрыс салған, ту қандаған талай қыл көпірден өткен», - деп жазады.

Ал поэмаға келер болсақ, жазушы Мұхтар Мағауин Шәкәрім кітабының «Алғы сөзінде» «Қалқаман-Мамыр» поэмасына байланысты: «Бабаң – ел қамқоры, ағайын панасы. Алайда әдет-ғұрып заңына тоқтау сала алмайды десе, Көкенайды ата салтының, патриархалдық ғұрыптың сақшысы, яғни заман мен жағдай құрбаны» деп сипаттайды. «Ақын Шәкәрім де «Өзі батыр, мінезі қатты кісі» деген, бірақ «қаныпезер еді, қаражүрек еді» демеген деп қорытады.

Жыр негізінен екі жастың оқиғасына арналғанымен, эпизодтық көрініс пен сөз астарынан Көкенайдың да бейнесінің, мінез-құлықтарының кейбір қырлары ашылып, батырға тән қасиеті, өз заманының көшбасшылық қабілеттері хақында біраз мәселелер де аңғарылады. Көпшілік жағдайда жеке адамның іс-әрекетінде жеке бастың мақсаты мен ел мүддесі қатар жүреді. Көкенай батырда , сөз жоқ, қара қылды қақ жарар әділ билікті орындау мақсаты бар, бірақ ол бүкіл қазақ халқына тән ұлттық салт-сананы, генетикалық тазалықты сақтаумен сабақтасып жатты. Біздің ойымызша, бұл арада екі мүддені бөліп, батырдың тек өз қара басының қатыгездігі деп баға беруде абай болған жөн. Мысалы, поэмадағы:

Көкенай – Мәмбетейдің бастаушысы,
Өзі батыр, мінезі қатты кісі,
Сол кісінің алдынан тараушы еді
Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы, -

деген үзіндіден Көкенайдың ел алдында мәртебесінің биік екенін, әрі «тура биде туыс жоқ» дегендей, батырлығымен қоса әділ би екендігі дәріптеліп тұр.

Ол кез қазақта жеті ата арасы айналмай қыз алысуға мүмкін емес деп ұғылатын кез болатын. Онымен қоса мұсылман дінінің қазақ арасында бойлап енген кезі, ал шариятта жақын қандылардың қосылуын кәпірлік іс деп танитын уақыт...

Қалқаман мен Мамырдың үйлесуі осы ұстанған негізгі әдет-ғұрып заңдылығына, бүкіл ел жастарының алдына салынған пәтуасыз жол деп саналатын. Осы себептен де ел жастарына бұл жолдың дұрыс еместігін таныту үшін Әнет баба да, Көкенай да жазалау билігін «Оқ байлау» билігіне сайытпасына болмаған екен...

Поэмада:

Көкенай садақ атты дүрілдетіп,
Қақ жарды ердің қасын оғы жетіп,
Әйтеуір ұлы дене аман қалды,
Оң жақта қара саннан өтіп кетіп, - дейді.

Поэмадағы сөз астарынан да батыр бейнесінің бір қыры – әділдігін байқататын мына бір штрихты көрсете кеткен орынды, яғни Көкенай үшін туыс болса да күнәсіне қарай жазаға бірдей тартылады, темірдей тәртіп алдында бәрі де тең. Халықтың да ел басқару жүйесінен көргісі келетіні де осы –

әділдік. Сонымен қоса, батырдың да жүрегі тас еместігі, құралайды көзге атар Көкенайдың оғы Қалқаманды аяғынан жаралауы, оның іштей психологиялық шиеленісте болғанын байқатады.

Поэмада Көкенай батырға байланысты эпизодтар өте шағын берілген. Мысалы:

Уа, алла! Біз кетеміз қазір ауып,
Менен басқа туысқан алсын тауып!
Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп,-

деген үзіндіден Көкенайдың да осал адам емес екенін танимыз.

Поэмадан ақынның батырға деген ішкі ілтипаты әрі әсірелеп көрсету элементтері де бар деп қорытуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шәкәрім поэмалары, 1991. Алматы.
2. Ә. Исаханұлының «Көкенай – батыр әрі би» еңбегі. «Жұлдыз» журналы, 1974 ж. №10
3. А. Кемелбаева «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесі. writers.kz/journals/

М. Сазанова

Индустриалды-технологиялық колледж КММ

Ғылыми жетекші – Г.К.Андриханова Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ АДАМЫ

«Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек». Н. Ә. Назарбаев.

Кіріспе

Кез- келген халықтың, ұлттың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі, материалдық, рухани мұралары бар. Өткен замандардан жеткен халық мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін тек тарихтың қарапайым куәгері ғана емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры да. Ұлт мәдениеті, дүниенің тілдік бейнесі, ұлттық сөз әдебі және т.б. ұғымдар ұлт өкілдерінің дүниетанымы, ақыл-ойы, дүниені танудағы тілдің рөлі және ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауға зор ықпалын тигізеді.

Тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика(*anthropos* - адам, *опута* - ат)— кісі аттарын, тегін, аты-жөнін, бүркеншік, лақап аттарын зерттейтін ономастиканың бір саласы.Антропонимиканың басты нысаны — тіл тарихындағы, ұлт мәдениетіндегі адамзаттың рөлі. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысынан, қоғамдық-әлеуметтік құрылысы менматериалдық жағдайынан сыр шертеді.

I Бөлім. Қазақ даласындағы атақты адамдар

1.1 Есімдері ұранға айналған тұлғалар

«Түркі мәдени мұрасын «Аталар мирасы» атты ғылыми жоба арқылы жарыққа шығаруды ұсынамын», – дейді елбасы өзінің сөзінде. Елбасы ардақтаған Аталар мирасы қандай? Аталар мұрасын қалай зерттеп, зерделемек керек деген сауал әркімді мазалары хақ. Кейінгі ұрпаққа атадан қалған аманат қандай дегенде жас ұрпақтың есіне бабаларымыздың бізге аманат етіп қалдырған шексіз байлығы - кең байтақ жеріміз бен тіліміз, дініміз бен салт-дәстүрімізбен қатар аталар ерлігі, аталар өнегесі мен өсиеті түсетіні аян. Бүгінде тарих қойнауынан орын тепкен, қазақтық пен қазақылықтың символына айналған қазақ ардақтылары кімдер еді? Қазақ халқы кімдердің есімдерін ұлағаттап, ұранға айналдырған? Ұран сөзі қазақ танымында қасиетті сөз. Сондықтан да, біз елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің белгісі мемлекеттік нышандарымыздың бірін әнұран деп атаймыз. Демек, өскелең ұрпақ үшін осындай қасиетке ие болған ардақты есімдерді біліп қана қоймай, тарих қойнауында жатқан сол есімдер арқалаған сан қилы тарихқа да үңілу - бүгінгі күннің талабы мен міндеті болмақ.

Халқы үшін қасық қаны қалғанша күрескен қайраткерлерін, батырларын қазақ ешқашан ұмытқан емес. Ондай асыл азаматтарды қадірлеп, қастерлеген. Ел басына күн туған, жаугершілік заманда ардақты азаматтарымыздың есімдері ел аузында ұранға айналған. Адам есімінің ұранға айналуы сол адамға деген құрмет қана емес, сол адамға еліктеу, табыну, сол адам есімін ұрандата отырып, өзіне,

жанындағы үзеңгілес, қаруластарына рух берумен қатар, ұранда аты аталған адамның рухы бізді қолдайды, бізге көмектеседі деген сенім. Ұран шақыру арқылы қазақ ата-баба аруағына сыйынады, аруақтардан қолдау күтеді. С.Мұқанов: «Есімі ұранға айналған адамдарды қазақ, әдетте, арғы аталарына санайды. Мысалы, қыпшақтар – *Ойбасты*, керейлер – *Ошыбайды*, уақтар – *Жаубасарды* атайды. Ұранға шыққан әйелдер де бар: «Қырық болыс ел болдық» деген Дулат руларының ұраны – *Домалақана*. Бұл жайында айтылатын аңыз бойынша ол сол рулардың түпкі шешесі [6, 238 б.], - деген құнды пікір айтады.

Әрбір рудың өз ұрандары болған. Жауға шапқанда осы ұранмен атқа мінетін, соғыста осы ұранмен жауға шабатын. Ол ұрандарды естіген ел қай рудың жауынгерлерінің соғысып жатқанын білетін болған.

Мысалы: Ұлы жүз Шымырлардың рулық ұраны – «Қойгелді», Қойгелдіге дейін шымырлардың ұраны «Шымыр» болған, жалпы үйсіндік «Бақтияр» ұранын да қолданған. Есімі ұранға айналған Қойгелді кім?

Қойгелді батыр XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарында жоңғарларға қарсы азаттық үшін күрестің көрнекті өкілі, атақты қолбасшы болған. Ол тарихи деректер бойынша шамамен 1702-1795 жылдары өмір сүрген. Қазақ даласындағы Қойгелді батырдың сіңірген еңбегінің қаншалықты жоғары болғандығын Қазанғаптың:

*Сол күндерде әзірет,
Сарттың Ұлы Қойгелді,
Төледен кейін бастаған,*

Ұлы жүзді сол еді, - деген өлең жолдары да дәлелдеп тұр. Қойгелді батыр ұлы жүздің төбе биі Төле бидің үзеңгілес серігі, сенімді батыры болған. Бірі – батырлығымен, бірі – шешендігімен ел басқарып отырған қос тұлға. Соғыс тәсілін жетік меңгерген Қойгелді батырдың сарбаздарды жеңіске рухтандырған ерен ерліктері ел аузында аңызға айналған. Ел арасында тараған: "*Төле би келмей жүріс жоқ, Қойгелді келмей ұрыс жоқ*" деген нақыл сөз қазақ тарихындағы «мұз жастанып, қар жамылған» аласапыран кезеңдегі Қойгелді батырдың тарихи тұлғасының қаншалықты зор болғандығын көрсетсе керек.

*“Қара қалмақ Барғайдың басын кесіп,
Бақ алған Нұрбай батыр 17-де жекпе-жекте.
Ерлігі үш алашқа мағлұм болып,
Ұранғаатышыққансолсебептен.”*

Нұрбай бабамыздың ерлігі күні бүгінге дейін ел аузында аңыз- жыр болып сақталуда. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде («Қазақ шежіресі», - Алматы. Жалын, 1993.-25-26 б.): Алтайдың ақ сауыты Нұрбайда қалған. Қалмаққа олжаға түсіп кеткен жерінен Нұрбай өзі барып алып келген, ол сауыттың аты Шөжекөз. Сондықтан Нұрбай ұраны «шөжекөз» болған.

Тарихта кез келген батырға Ұран атағын бермеген. Асқан ерлігімен қатар, ел басқарар ақыл парасаты мол, бір туар қолбасшы кемеңгер, жекпе-жекте жеңіске жетіп, артынан ерген сарбаздарына жол бастаған, жаумен жалғыз алысқан жолбарыс жүректі батыр ғана Ұран бола алған. Есімі ұранға айналу мәртебесіне ие болған ұлы жүздің батыры - Райымбек батыр.

Райымбек Түкеұлы Алматы облысында дүниеге келген. Ол 1705-1785 жылдары өмір сүрген. Райымбектің атасы Хангелді XVIII ғасырдың 1-жартысында жоңғарларға қарсы күресте аты шыққан батыр болған. Райымбек 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанған. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Райымбек Түкеұлы батырлығымен ғана емес, кемеңгер қолбасшы ретінде де ел есінде сақталып қалған. Ол көзі тірісінде “көріпкел”, “әулие” атанған тұлға. Райымбек атаның көріпкелдігі туралы ел ішінде көптеген аңыздар сақталған. Жаугершілік заманда өзі бастаған қалың қолдың сусызықтан қаталап, қалжыраған шағында жер жағдайын жақсы білетін Райымбек атаның пайымдай, барлай жүріп, жер астындағы су көзін табуы – оның қара күш иесі ғана емес, асқан ақыл иесі екендігін де көрсетеді. Бүгінде Торайғыр тауы Айырлы асуының маңындағы “Райымбек бастауы” - артындағы ұрпағына қалдырған атамыздың көзі, қаншама мың әскерді шөл құрсауынан сақтап қалған ата ерлігінің куәсі. Райымбектің ерекше еңбегін оның есімінің сол кезде-ақ албан тайпасының ұранына айналғанынан да білуге болады.

Антропонимдердің ұранға айналу тарихы да сан алуан. Мысалы, «Аманжол» ұранының пайда болу тарихына көз жүгіртейік.

«Шақшақ батыр жорыққа он алты - он жеті жас шамасында қатыса бастапты. Бұл тұста қазақ қолы Еділдің бергі бетіне жетіп іркілсе керек, Аржақта бұлардың келуінен бейхабар жау өткелі жатады. Сол сәтте ала тай мінген бала жігіт өткелге бірінші болып қойып кетеді. Онысымен қоймай бұрын-соңды естілмеген ұранды ауызға алады:

- Аманжол, Аманжол!

Жау ығыса бастайды. Жас жігіттің соңынан бәрі ат қояды. Сол жолы бұлар жау жасағының тас-талқанын шығарады. Жеңіс қызығы басыла бастаған тұста ғана манағы жас батыр еске түседі. Беймәлім ұранның иесі кім екенін жұрттың білгісі келеді. Сөйтсе, бұл жігіт кіші Арғыннан тарайтын Ермен әулетінің үшінші ұрпағы - Шақшақ екен. Ал, ол ұран еткен Аманжол - баланың өз әкесі болып шықты. Сол күннен бастап Арғын рулары үшін Аманжол ұранға айналады.

Тарихи деректерде және ауызекі әңгімелерде Қошқарұлы Жәнібек деген тіркес сирек айтылады. Ол Шақшақ Жәнібек деген атпен мәлім. Жәнібек - жеті атасынан батыр болған адам. Түпкі аталары Бөлтірік пен Шағыр ерлікте жұбын жазбай өткен ерен тұлғалар болған. Шағырдан туатын Аманжол, Сомжүрек ел намысын бөрінен биік ұстап өткен жандар. Аманжолдың ортаншы ұлы – Шақшақ. Ол - әйгілі Есім ханның тұсындағы қазақтың бетке ұстар батыры болған.

Қазақ халқы әйелді құрметтеп, қадірлеп, аса қастерлеп отырған. Бір тайпа, бір ру, ел ұранына айналған аналарымыз да баршылық. Мысалы, есімдері ұранға айналған Домалақ ана, Қарқабат, Қызай, Мақпал, Момын, Нурфая, Мөр анамыз.

Жасағына бұл шақырғаны Тобықты ішінде алыстап барып туысатын ағайын. Тобықтыдан бірер ата бері «Қоңыр» деген шеше ұранын шақырғанда барып, мыналармен туысушы еді («Абай жолы» 157-бет.) Жоғарыда берілген мысалдан біз ұранның жаугершілік кезінде сарбаздарға күш-жігер беруімен қатар, ру бірлігін сақтауда да өзіндік рөлі болғандығын аңғарамыз.

Көзі тірісінде-ақ ерлігімен еліне үлгі болып, аты ұранға айналған батырлар да болған. «Алғашқы кезде Кеңесары әскері «Абылайлап» шабады екен. Бір күні орыс әскерімен қырғын соғыс болып, бірінші жауға «Абылайлап» кірген төрелер, екінші топ жаумен «Қабанбайлап», «Бөгенбайлап», «Қарқабаттап» ... сабаласқан қазақ әскері ортақ шегініп оралған екен. Осы кезде жаудың ортасында жүрген Ағыбай батыр «А, Құдайлап», оған ерген әскерлері «Ағыбайлап» жауды екі бөліп қуып жеңген екен. Соғыс біткен соң Кеңесары хан: «Осыдан кейін алаш әскері жауға екі ұранмен, бірінші қатары «Абылайлап», екінші легі «Ағыбайлап» шабатын болсын», - деп бұйрық берген екен. Сонымен Ағыбай батырдың аты, өзі көзі тірісінде қазақ әскеріне ұран болып қалған.

Ертеде болған екен ер Ағыбай.

Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.

Кешегі Кеңесары заманында,

Ерлігін көрсетіпті елге талай.

(«Сарыарқа батырлары». Қарағанды. 2006. Ағыбай батыр туралы аңыздар. Абылай батырдың туғанына – 200 жыл.// Азия Транзит.- Қарағанды, 2002.-№8.-40.

Қазақ даласында өз руларына ғана тән ұрандармен қоса, жалпыхалықтық ұрандар да болған. Ұранға айналған этнонимдер ұлттық рухтың белгісіне, елдіктің символына айналған. Қазақ халқының жоңғар-қалмақ басқыншылары мен патша отаршыларына қарсы ұлт азаттық қозғалысы мен соғыстары кезінде сыртқы жауларға қарсы елдің басын біріктіріп, құрсаудай қалын қол жинап, қаһармандық ерлік көрсетіп, аттары аңыз бен ұранға айналған қазақтың қас батырларының есімдерін бүкіл халық болып қадірлеген, ондай тұлғалардың есімдері жалпыхалықтық ұранға айналған. Жалпыхалықтық ұрандар ел басына күн туған қиын - қыстау сәттерде тек ағайын, туыс үшін ғана емес, бүкіл халық болып жауға қарсы жұмыла күресуге, ел бірлігі мен халқының бостандығы үшін қасық қанын аямауға, халық деген киелі ұғымның күш қуатын сезінуге жігерлендіріп, көптеген ұлы ерліктер жасауға талпындырды. Мыңнан біреу болып шыққан адам ғана жалпыхалықтық ұран болу мәртебесіне ие болған. Біз жалпыхалықтық ұранға айналған тұлғалар қатарына Абылай ханды жатқызамыз.

Абылай хан (шын есімі Әбілмансұр) — XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. Арғы тегі Ақ

Жалпы қазақтың ұраны – Алаш. Бұл әскери ұрандар бір тудың астында он мыңдап, 100 мыңдап атты әскери жасақтар жинақтайтын. Қазақ даласында ұранды айтудың өзіндік салт дәстүрі де кездескен.

Ол тұрғысында қазақтың ертедегі шежіресінен сыр шертетін «Бабурнама» қолжазбасында: *«Хандар да оның жанында беттерін бұрып, қымызды шашырататын. Сол кезде мыс үрмелер ойнап, дабылдар қағып, ал қатардағы батырлар жоғары дауыспен әскери ұрандарды қайталайтын. Осыдан жан-жақта үлкен шу көтеріліп, бір мезетте 3 рет қайталанып, басшылар ат үстіне отырып, 3 рет айналып өтетін»*, - делінген. «Бабурнаманың» авторы Темірланның шөбересі – Әмір Бабур.

Бір ғасырдан астам жоңғар шапқыншылығы мен патша өкіметіне қарсы ұлт азаттық көтерілісте қасық қанын төккен, аты аңыз бен ұранға айналған қазақ хандары, қолбасшылары, батырлары қаншама! Ол ата-бабаларымыздың есімдерін түгелдей саралау біздің кішкентай жұмысымыздың аясына сыймайды. Бұл болашақта жазылар үлкен еңбектердің жемісі болмақ.

II Бөлім. Антропонимдік атаулардың қолданылу ерекшеліктері

2.1. Қазақ есімдерінің тілек, батада көрініс табуы

Бата дегеніміз не? Біздің данагөй бабаларымыз: «Жауынменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», - деп айтып кеткен зой. Бата беру - адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Қазақ батадан рухани қуат алған, ақ бата жақсылыққа жол ашады деп сенген. Сондықтан да қазақ халқы ежелден-ақ қадірлі қариялардан, атақты батыр, билерден, шашасына шаң жұқпайтын шешендер мен арқалы ақындардан бата алуға құштар болған. Қазақ тарихында аузы дуалы көне көз қариялардан «бата алу» дәстүрі әлі де жалғасын табуда. Ұлт- тіл- мәдениет бір- бірімен тығыз байланысып жатқан ұғымдар, ата-баба дәстүрін, рухани құндылықтарды бойына сіңіре отырып, ұрпақтан- ұрпаққа сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан бата беру дәстүрі біздіңаса қымбат құндылығымыз. Бата - қазақтың болмысы мен мәдениеті, тарихы мен қоғамдық өмірі жөнінен аса құнды мағлұмат беретін дереккөз. Дей тұрғанмен батаның 3 түрі болған: ақ бата, теріс бата, серттесу батасы (баталасу).

Ақ бата – ұлтымыз үшін теңдесі жоқ асыл сөз. Ал сөз – бүкіл адамзат тарихындағы құдіретті күш. Өзінің адал жаны, бүкіл рухы, өткен тарихы сөзге тығыз байланысты қазақ халқы ақ батаның ізгі сөздеріне сүттей ұйып, оның құдіретті күшіне шексіз сенеді. Ақ бата – қазақ халқы үшін – адал ой, ақ ниет, тілек, істің жиынтығы, барлық наным-сенімнің бірлігі. Сол себепті, қазақ халқы көне – көк түрік заманынан қазірге дейін өзінің барлық ізгі істерін ақ тілекке толы ақ батамен бастап келеді, келешекте де әр қадамын ақ батамен аттайтын болады. Ақ батаның негізгі мақсаты – ағайынның бір-біріне деген мейірім-шапағатын, сүйіспеншілігін білдіру, бірін-бірі ынтымақ-ырысқа, береке –бірлікке шақыру, үлкен-кішінің жолын ашу, келешекте жүзеге асырылатын мақсат, мүдделерді белгілеу. Ақ бата көбіне жаңа туған нәрестеге, өмір жолын жаңа бастаған ұл-қызға, жас отауға, алыс сапарға аттанушыларға, үлкен бір істі қолға алушыларға, жорық-шеруге аттанушы сарбаз-сардарларға, түрлі жақсылықтарға арнап жасалынған тойларға, аруақтарға арналған асқа, жауын тілеген тасаттыққа, жиналған егінге, садақа, құрбандыққа, қонақасыға, сойылған малға, Наурызға (Наурыз бата), Жаңа жылға, мүшел жасқа, дастарқанға, Ораза ұстағандарға (Жарапазан бата) айтылады.

Теріс бата – қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай батаны әке-шешесі сенімін ақтамай, үлкен ұятқа қалдырып, әулетін, ата-тегін масқаралаған, өздеріне қолы, тілі тиген, дінін, тілін, Отанын сатқан, жауыздық, ауыр қылмыс, кешірілмес күнә жасаған баласына қолдарын теріс жайып тұрып берген. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылады. Теріс бата ұрпақтан-ұрпаққа қара таңба болып қалып отырған. Ата-анасының теріс батасын алғандарды халық та жек көрген, оларға сенім артпаған, қонаққа шақырмаған, қыз беріп, қыз алыспаған, дос болмаған. Теріс батаны қайтару, қайтып алу үшін алқалы жұртты жинап, жаратушыдан теріс батаны өзгертуін сұрап жалбарыну рәсімдері жасалынған. Тірі болса, ата-анасы: «Теріс батамды қайтып алдым», – деп айтқан кезде ғана теріс бата өз күшін жояды деп есептеген. Сондықтан да адамдар қаншама ашуланып, қорланып, намыстанса да, теріс бата беруге асықпаған, теріс бата беруден сақ болған. Сөзді киелі санаған қазақ сөз киесінен қорыққан, «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегенді үнемі жадында ұстаған. Тарихта ауыр жаза саналатын теріс батаны Құнанбай өз немересі Әмір мен Абайға бергені туралы мәлімет бізге М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясы арқылы жеткен:

... Талып жатқан күйінен есін жаңа жиып, екі көзін алартып ашып атасына жаңа қараған Әміреге, Құнанбай қос қолын созып, алақанын сырт қаратып тұр. Намаздағыдай мінажат қимылын, суық тілек қимылын жасады. Әмір мен Абайға қатар созды. Бұл – теріс батаның, қарғыс батаның белгісі. Нұрғаным мен Ызғұтты екеуі екі жақтан ұлардай шулады.

- Я, құдай, қабыл етпе!

- *Жаратқан, елең алма! Не сұмдық! Қарғыс айтқалы жатыр зой, өз балаларына!- десіп үркіп үн салды. Бірақ Құнанбай енді оларды пәруәйіне де ілген жоқ. Жүгініп алып, көлденең жатқан немересінің кеудесінің үстіне теріс батаның алақанын жайып тұр. Абайға да қатал қолдарын жиі нұсқайды.*
- *Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда... Айттым аталық қарғысымды. Менен туған арам қан, бәдбәкітнәсілдерім мынау екеуі. Жаратқан ием, я кәрім алла, менің қолымнан өлтіртпедің, Бендең болған бар тілегім, ақ тілегім со болсын. Ал мынау екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін, жоғалғырлардың!— деп қолының сыртымен теріс батасын етіп салды. («Абай жолы». 449-450-б).*

Серттесу батасы (Баталасу) – құдалықта, серт пен уәдеде, елшілікте ел арасындағы маңызды үлкен шараларда жасалатын жол. Ол – хан, ақсақалдар, билер алдында, аруақ орнында да жасалып, қол алысылып орындалатын әдет-ғұрып. Оны бұзу, яғни, «бата бұзу» – қарғыспен тең. Этнограф-жазушы С. Кенжеахметұлы баталасуға байланысты мынандай бір оқиғаны айтады: «Шақшақ қайтыс болғанда (XVII ғасыр) оның жас әйелі Сомалтынды жақын қайынысы Әйдеркеге қосады. Осы Сомалтынның Шақшақтан туған жас баласы Есназар мен Әйдеркеден туған Жылқыайдар екеуі енелес. Екі бала бірге өсіп, ер жеткеннен кейін елдің басты адамдары жиналып: «Сомалтын қасиетті, өнегелі ана болды. Бұдан былай одан туған Есназар мен Жылқыайдар бір ананың баласы болғандықтан, қаниа ата өтсе де, бір-бірінен қыз алыспасын, өмір бойы туыс болып саналсын», – деп, қол жайып, аруақ атын айтып, баталасыпты. Міне, сол бата арада 400 жылдай уақыт өтіп, арасы 12 атаға толса да, әлі бұзылған жоқ».

Халқына ерекше еңбегі сіңген, ақыл ойымен, адамгершілігімен, өзгеше қасиеттерімен танымал болған жандардың өмірін кейінгі ұрпаққа өнеге ету–ұлттық қасиеттерді сақтау мақсатындағы жауапкершілікті арттыруды көздейді. Атадан балаға келе жатқан осындай дәстүр сабақтастығын халықтың ауызбірлігін және ынтымақтастығын арттырады, ортақ мақсатты орындаудағы жауапкершілігін күшейтеді. Мысалы:

Абайдың басын берсін,

Жамбылдың жасын берсін.

Сәкеннің сәнін берсін,

Күләштің әнін берсін! – деген бата жолдарынбүгінгі күні жиі кездестіреміз. Осы батаның қазақ үшін маңызы қаншалықты? Қазақ жақынына жақсылық тілерде неге Абай, Жамбыл, Сәкен, Күләштай болса екен деп тілеген?Осы батаның түп негізіне көз жүгіртіп көрейікші.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев — қазақ халқының ұлы ақыны, композитор, философ. Абай - өз заманынан оқ бойы артық туған тұлға. Абай – феномен. Абайдың ой толғамдары, сөз саптаулары оқырман үшін әлі де оқыған үстіне оқи берсең таусылмайтын тұңғық дүние, толағай теңіз. «Сөзіннің жылдан-жылға қадыры артты, Оқуға құмар қылды талай жасты»,- деп С.Сейфуллин жырлағандай, Абай шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қоры. Демек, «болмасаң да, ұқсап бақ» дейтін әр қазақ танымы үшін Абай сынды дарын иесі болу – зор құрмет.

ЖамбылЖабаев (1846-1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Жамбыл өмір сүрген дәуір қазақ даласында қым-қуат тарихи кезеңдерге толы болған. Ақын дүниеге келген XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ елі үшін ауыр кезең еді. «Қазаған қар аралас соғып боран, Ел үрей, көк найзалы жау торыған» заманда өмірге келген Жамбыл, шыр етіп дүние есігін ашқанда «суық дәммен» ауыздықтанып, «сары аязға» тоңып, «Алатау қойнындағы зармен» әлдиленіп, «қанды жасты жан» мен«еңіреп босқан аңды» («Менің өмірім») көріп өссе де, мойымады. Ақынның жалынды жырларында туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының аңсар арманы, сан түрлі көңіл-күйі мен жан тебіренісінаса шеберлікпен, үлкен жүрекпен, сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бедерлеп отырды. Жамбыл өз заманындағы ел басына ауыр күн туған әрбір сын сағатта ел рухын жалынды жырларымен көтере білді. Ұлы Отан Соғысы кезіндегі Жамбыл атамыз жырлаған «Ленинградтық өрендерім» жыры елдің рухын көтеріп, халықты батырлық пен батылдыққа жетеледі. Ол турасындаПрокофьев былай деп жазды: «Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты өлеңі жарияланған кезең ауыр кезең еді. Халықтың рухын көтеру үшін бұл жыр радиодан күн сайын оқылып тұрды. Халық бомбадан тығылу орнына Жамбыл өлеңі жазылған газеттерді алу үшін кезекте тұрғанын талай көрдік». Бауыр еті баласы Алғабайын «ел қорға» деп батасын беріп отан қорғауға соғысқа аттандырған ақсақал, ұл орнына қаралы қағазды

құшақтап отырып, қам көңілін «Ата әлдиімен» жұбатта білді, өзін де, елін де жұбатты. Ғасырлық ғұмыр кешкен ақын Жамбыл ата көзінің тірісінде- ақ ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да мерейін үстем еткен. Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған Жамбыл ата жүріп өткен ғасырлық жол кімге болса да үлгі болары хақ. Сондықтан да қазақ жақынына Жамбылдың үлгі мен өнегеге толы жасын тілеуі заңдылық.

Сәкен Сейфуллин– қазақ халқының дүлдүл ақыны, қоғам, мемлекет қайраткері. Айтулы тұлғаның қазақтың көкейінде өшпестей сәнді де, мәнді қалпымен сақталып қалғаны баршаға аян. «Мойныма әжім түседі деп тұтас денесімен бұрылып қарайтын, көйлегінің жағасына кір түсірмейтін, шалбарының қыры сынбайтын, денесінен қымбат иісудың жұпар иісі бұркырап тұратын» (Төлеубай Ермекбаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қарағанды қаласы. Abai.kz) сері Сәкеннің адами келбеті, сырт бейне-пішімі, сұлу да көркем көркіне дейін елдің есінде, жамағатының жадында.

Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

Өлеңнің құшағына сия алмайтын.

Қазақты көргің келсе, дәл осы деп,

Көрсетсе дүниеге ұялмайтын,-

деген ақын Сырбай Мәуленовтің тілімен жырласақ, біз батамызға қосып кейінгі ұрпаққа өнеге етер Сәкен осындай сезім мен сұлулықтың символы іспеттес. Алайда халық Сәкенін тек сыртқы сұлулығы үшін ғана бағаламаса керек! Жаны сұлу жанның, ісі де, халқым деп шырылдаған жүрегі де көркем болатын. Ақынның сұлу сазды ән- жырлары мен поэмаларының шоктығы биік бір төбе десек, ол жүріп өткен өмір жолы бөлек тарих. Ол 1922 жылдың желтоқсан айында Қырғыз (Қазақ) автономиялық республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (Премьер- Министр) болып сайланады. Сол кезде бар болғаны 28 жастағы Сәкен Сейфуллин осы жоғары лауазымды қызметте жүрген кезінде туған халқының өшкен атын жарыққа шығарып, «қырғыз» делініп келген халқын «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деп республикалық «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жазды. Қолына билік тигенде бар мүмкіндікті пайдаланып, «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын, іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін, ол қазақ аудандары мен болыстарында 1924 жылдың 1 қаңтарынан шілдеге дейін жүзеге асын. Ал 1 шілдеден ары қарай қазақ пен орыс аралас отырған жердің барлығында да іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін», - деп тайға таңба басқандай етіп, Декрет шығарып беруі - сол кез үшін ерлік еді (Төлеубай Ермекбаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қарағанды қаласы. Abai.kz).

Атаман Анненковтың азап вагонында талай ауыр бейнетті басынан кешіп, «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен Сәкен Сейфуллинді 1937 жылдың 24 қыркүйегінде «халық жауы» деген жаламен НКВД қамауға жабады. Абақтыдағы адам төзгісіз азаптаулар ақын жанын жаралағанымен, рухын сындыра алмады.

Ақбоз атты құлатқан – жала-керме,

Магаданға мола іздеп бара берме.

Сәкен деген – халқымның рухы гой,

Рухтарды көмбейді қара жерге! - деп Ғалым Жайлыбай жырлағандай, қазақтың маңдайына біткен Сәкен Сейфуллин дәл осындай рухы биік, кісілік келбеті жоғары, жаны сұлу сері адам болатын. Қазақ тарихында атақты тұлғаларға арнайы айтылған бата түрлері де бар. Ондай баталардың осы күнге дейін атадан балаға мұра болып сақталып келе жатқандығының өзі оның өзектілігінің дәлелі болмақ. Мысалы, Шақшақ Жәнібекке 125 жасар Абыздың берген батасы.

Жәнібек би Қошқарұлы - 1693-1752 жылдары өмір сүрген қазақтың атақты биі, батыры. Ол жоңғар шапқыншылығы кезінде ел тәуелсіздігі үшін күрескен, «Ақтабан шұбырындыдан» кейін босқан елдің басын қосып, азаттық күресін ұйымдастырған. Ол тарихта Шақшақ Жәнібек деген атпен танымал. Шақшақ Жәнібек жас кезінде Орта жүздің батагөйі 125 жасар Абызға бата сұрай келген екен..

Қорыта айтқанда халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан тілдің бай саласы мақал- мәтелдер, қанатты сөздер құрамында ұшырасатын мифтік бейнелер мен тарихи тұлғалар атаулары да ұлт мәдениетін дәйектейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Никонов В.А. Имя и общество. –Москва: Наука, 1974 –С. 56.
2. Уәли Н. Бұрынғыдан қалған сөз (қолжазба).
3. Қазақ әдебиетінің сөздік-анықтағышы. Алматы, 2010.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы, 2011. 6-том, 480-б.

5. «Ана тілі» № 6 (1316)11 - 17 ақпан 2016 жыл. ««Атымтай Жомарт» — Амалбек» Ұлттық спорт порталы. Аламан.KZ 14.02. 2016.
6. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2005 – 240б
7. Машимбаева А. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы: филол. ғыл. канд. ...втореф. – Алматы, 2009.
8. Мусабаева Минайым Дуйсековна. "Назывные" антропонимы казахского языка в этнолингвистическом освещении. На соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 1995. 196 стр.
9. Астана Ақшамы www.astana-akshamy.kz. - Сұлу сөздің сұлейі – Сәкен Сері.

СЕКЦИЯ № 8: ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СЕКЦИЯ: ИНФОРМАТИКА И ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Д.А. Сайлаубекова

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – Г.К.Бласпаева, информатика пәнінің оқытушысы

МАШЫҚКЕРДІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Барлық дүние мектептен басталады. Сондықтан әлемдік стандартқа сай жалпы орта білім беретін жүйеге көшіп, педагогтардың кәсіби деңгейі мен жаңа оқулықтар мен білім технологиялардың сапасын арттыруымыз қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі заман талабына сай, әр машықкер, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес деп ойлаймын.

Электрондық оқулық деп өз бетімен немесе мұғалімнің қатысуымен оқу курсы немесе оның бір бөлімін компьютердің көмегімен меңгеруді қамтамасыз ететін программалық - әдістемелік кешенді айтады.

Электронды оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Оқу үрдісін дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу, оқушының пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, оқыту сапасын жетілдіруге, белсенділіктері, ынталары артуына көмектеседі, білім сапалары тереңдейді. Электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп өз бетімен практикалық тапсырмалар орындай отырып, мәселені түсінеді. Электронды оқулық арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тындатып көрсетуге болады. Бұрын мұғалім тақтаға бормен жазып түсіндірсе, қазір электрондық оқулық арқылы оқушыларға әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды электронды оқулық көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген оқушының құштарлығы оянады деп ойлаймыз. Оқушы бұрын алған білімдерін қолданады, түрлі білім көздерінен жаңа білім алады, тұлға баға жетпес тәжірибе жинайды, «мәселелерді шешу» құзыреттілік деңгейі жетіледі.

Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі тексеруге;
- Жұмысты тиянақты түрде орындап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға;

- Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Іс-тәжірибенің мақсаты білім алушылардың алған құзырлығын нығайту, тереңдету және кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында алған теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен іс- тәжірибе жүзінде шыңдау. Оларды таңдаған мамандығы бойынша өз бетінше кәсіби қызмет атқаруға және бәсекеге қабілетті маман дайындау, студенттердің кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында алған теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен бекіту болып табылады.

Осы мақсатта мен, байқау іс-тәжірибесінің оқу практикасыннан өту барысында (36 сағат) информатика пәнінен электронды оқулық құрастырдым.

Мен жобаны жасау барысында Delphi бағдарламалау тілін және AutoPlay Media Studio бағдарламасын пайдаландым.

Delphi ортасы — бұл программалаушының жоғары эффектілі жұмысын қамтамасыз ететін күрделі механизм. Ол көрнекі түрде экранда бір уақытта ашылған бірнеше терезелер арқылы жүзеге асады. Терезелер бірін-бірі толықтай не бөліктей жауып отыра экран бойымен қозғала алады. Әрбір терезенің өзінің атқаратын функциясы бар.

AutoPlay Media Studio бағдарламасында электронды оқулықты, мультимедиалық жобаларды жасау үшін үлкен мүмкіндіктер мен құралдардың бай жиынтығы бар. Жобаға арнайы құралдар арқылы дайындалған графикалық, аудио, видео және анимациялық объектілерді қосуға болады.

Б.Х. Ахатов, Д.С. Очеретянов

КГУ «Средняя общеобразовательная школа №43»

Научные руководители – М.М. Жаманова, Л.С. Сулейменова, учителя информатики

ПРАКТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ MS ACCESS

База данных – это сборник информации об объектах или людях. Структура базы данных образуется полями, в которых хранятся разные виды деформации. Например, ГТС – тоже база данных. Система управления базами данных MS Access позволяет создавать и группировать несколько таблиц вместе и связывать их друг с другом, создавая особый тип данных, которые называются реляционными базами данных. Прежде чем приступить к созданию базы данных, необходимо потратить какое-то время на её проектирование. В пакет MS Office входят часто используемые и знакомые вам программы MS Word, MS Power Point, MS Excel и также сложная программа управления базами данных MS Access, которую мы предлагаем вам изучить [1, 2]. Разработка каждой БД начинается с изучения проблемы, которую она должна разрешить или потребности, которую она должна удовлетворить.

БД встречаются очень часто в нашей повседневной жизни. Например наша школьная жизнь. Очень часто администрации школы требуются бесконечные списки и какая- то информация о своих учениках. Мы предлагаем совместить приятное с полезным: изучить MS Access и воплотить в жизнь проект «База данных учащихся школы», куда должны войти полные сведения о каждом учащемся. Такая база, будучи один раз создана, в дальнейшем может довольно легко поддерживаться секретарем школы и способствовать внедрению новых информационных технологий в школьную жизнь. Запускаем программу MS Access. После проектирования таблицы нужно спроектировать форму [3, 4]. Далее проектируем запросы. С помощью запросов можно быстро и эффективно получить доступ к данным, хранящимся в таблице. Запросы представляют собой важное дополнение к таблицам. При выполнении запросов считываются данные из таблиц, и отображается результат в режиме таблицы. В условии отбора можно ввести запуск диалогового окна. Вопрос должен быть заключен в квадратные скобки. Например, в поле Класс в Условии отбора вводим {Введи класс}. Назовем этот запрос по классам. В результате выполнения этого запроса, мы получим вопрос в диалоговом окне и по ответу на этот вопрос будет формироваться запрос. Следующий запрос, для выборки тех учеников, которые ничем не увлекаются, чтобы предложить им различные кружки. Следующий этап - это разработка отчетов. Отчет – это итоговый документ, создаваемый на основе БД. В отчет могут входить как все данные, так и отдельные избранные данные, содержащиеся в записях. Отчеты можно создавать как на основе таблиц, так и на

основе запросов. Данные выдаваемые отчетом, всегда соответствуют текущему состоянию записей базы данных [3-5]

Программа MS Access обладает огромными возможностями в работе, кроме тех, о которых мы показали. Эти возможности мы предлагаем изучить самостоятельно, получить навыки и почувствовать себя Профессионалом, приобщенным к тайнам информатики. Также мы предлагаем учителям и учащимся проявить собственную фантазию и создать новые формы, спроектировать новые запросы, добавить информационные объекты к рассмотренной предметной области. При освоении БД рекомендуем делать интегрированные проекты, которые в дальнейшем помогли бы в изучении различных школьных дисциплин [4, 5]. Например: по географии – база данных «Страны мира», «Улицы родного города» с указанием транспорта. По ботанике – «Растения моей области», по химии БД «Химические элементы», по истории «Величайшие полководцы». Мы считаем, что такой подход будет способствовать закреплению материала, более осознанному пониманию возможностей технологии и поможет при постановке собственной задачи в конкретной предметной области.

Список литературы:

1. Карпова Т.С. Базы данных: модели, разработка. - СПб: Питер, 2001, 304 с.
2. Петров В.Н. Информационные системы. – СПб: Питер, 2002.
3. Фаронов В.В. Программирование баз данных в Delphi 7: Учебный курс. – СПб.: Питер, 2004 - 464 с.
4. Кренке Д. Теория и практика построения баз данных: [пер.с англ] / Д. Кренке. - 9 - е изд. - СПб.: Питер, 2005. - 858 с.
5. Хомоненко А.Д., Цыганков В.М., Мальцев М.Г. Базы данных: Учебник для высших учебных заведений / Под ред. проф. А.Д. Хомоненко. - СПб: КОРОНА принт, 2000. – 416 с.

Д.Б. Ақанова

Семей қаласының № 37 гимназиясы.

Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Токтыбаева, информатика пәнінің мұғалімі

ИНКЛЮЗИЯ – БІРІҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ОРТА

Инклюзияның негізгі мақсаты - қол жетімді ортаны қалыптастыру. Қол жетімді ортаның тез арада құрылып, іске асуы ақпараттық технологиялар саласында жүзеге асады.

1867 жылы американдық баспагер және саясатшы **Кристофер Шоулз** (Christopher Sholes, 1819-1890) өзінің досы **Карл Глидденмен** бірге кітап беттерін нөмірлеу үшін аппарат ойлап тапқан. Шоулз пернелердің орналасуын өзгерте отырып, бірнеше рет тәжірибе жасап, Ремингтон 1, 2 машиналарын жарыққа шығарды. Пернетақтаның құрылымында талай өзгерістер, жаңалықтар болды. Ал дәл бүгін қолданысқа ие болған QWERTY пернетақтасына барлығы дерлік үйреніп кетті. Онсыз дербес компьютерді елестету мүмкін емес. Gary Varber өзінің «Kill Accessibility» мақаласында: «Кез-келген жаңа техниканы жасап шығармас бұрын, адам мүмкіндіктеріне қарай, яғни көздері көретін және соқыр, құлақтары еститін және саңырау, қозғала алмайтын адамдарға бірдей ыңғайлы етіп ойластыру керек» деген.

Ал біздің қарапайым QWERTY пернетақтамыз барлық адамдардың қабілетіне лайықты ма? Өкінішке орай жоқ. Сондықтан, қазіргі кезде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы пернетақталар жасалып шығарылуда. Резеңкелі пернетақталар ДЦП (сал) ауруымен ауыратын балалар үшін өте ыңғайлы болды. Негізі бастапқыда резеңкелі пернетақталарды су өтпейтін, кез - келген жерде орап алып жүруге ыңғайлы гаджеттер есебінде ойластырған болатын.

Бірақ, ДЦП(сал) ауруымен ауыратын балалардың ата - аналары резеңкелі пернетақталардың өзге де артықшылықтарын байқаған екен. **Біріншіден**, резеңкелі иілгіш пернетақтаны кез - келген жерге орналастыруға, қағып қоюға болады, оған кез келген пішінді беруге болады.

Екіншіден, резеңкелі пернетақта қауіпсіз, пернетақтада жұмыс жасау барысында бала саусақтарын жарақаттап алмайды. **Үшіншіден**, пернетақта өте жұқа, батырмалар арақашықтығы алыстау. Бұл пернетақтаны соққылап ұрсаң да, суға салсаң да, аяқпен таптасаң да, төзімді келеді.

Бұл резеңкелі пернетақтаны АҚШ-та шайнайтын сағыз “Chiclets” атымен *Chiclet keyboard* деп атаған. Норвегияда оны өшіргішке теңеп, *eraser keyboard* деп атайды.

Батырмалары үлкен пернетақталар қозғала алмайтын адамдар, көздері нашар көретін адамдар үшін өте қолайлы. Мәселен, BigKeys LX стандартты пернетақтасы. BigKeys LX пернетақтасы тышқан қызметін де атқарады. Бұл пернетақтада арнайы мүмкіндіктері шектеулі адамдар, ойлау қабілеті төменірек адамдар үшін әріптер пернетақтаның жоғарғы оң бөлігіне, алфавиттік тәсілмен орналасқан. Оның артықшылығы, мұндай тәсілмен орналасқан пернетақтада жұмыс жасау оңай, әріптердің алфавиттік орналасуы ойлау қабілеті төмендеу адамдарға ыңғайлы, жаттанды болып кеткен, әрі мәтін тергенде қол саусақтары көршілес орналасқан батырмаларға тиіп кетпейді. Терең батырмалы пернетақталардың батырмалары үлкен, батырмалар арақашықтығы алыстау. Терең батырмалы пернетақталардың артықшылығы қол саусақтары бір мезетте бірнеше батырмаларға тиіп, басылып кетпейді. Пернетақтаның мұндай модельдері өте аз мөлшерде өндіріледі. Сондықтан, бізге ең тиімді, үнемді шешім ол қарапайым пернетақтаға металдық немесе пластмассалық трафарет орналастыру.

Француз баласы Луи 3 жасында көру мүмкіндігінен айырылады. 1921 жылы 15 жастағы Луи алты нүктелік рельефті - нүктелі тактильді шрифтті ойлап табады. Брайль шрифты соқыр адамдар мен көру мүмкіндігі шектеулі адамдарға жазу және оқу үшін таптырмас құрал ретінде саналып келеді. Бұл пернетақтаның бетіне арнайы жұмсақ жуылатын қабат төселген. Бұл қабат арқылы пернетақтаға ылғал енбейді. Сондай – ақ, көрсетілгендей кейбір пернетақталарды сүртіп, жуып тазалауға болады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған пернетақталар және олардың ерекшелігін зерттей отырып, Семей қаласының №3 көзі нашар көретін балалардың мектеп - интернатында оқитын оқушылардың Брайльдің сегізпернелі пернетақтасын, тифлокомпьютерлермен жұмыс жасайтындығын көріп қуандым. Яғни, Еліміз мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқор болып, компьютерде жұмыс жасауларына мүмкіндік жасап отырғандығы ерекше қуантарлық жағдай. Мұндай жағдайды тек мектептерде ғана емес, еліміз мүмкіндігі шектеулі адамдардың үй жағдайында да қолдануға мүмкіндік жасаса деген тілегім бар. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың да мұндай құрылғыларды қолдана отырып, өз ой пікірлерін айтып, елімізге қосар үлестері көп болар еді.

А. Төлегенова

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі – А.Ж.Канапиянова

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА MS EXCEL БАҒДАРЛАМАСЫН ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы анықтап берген және Қазақстан Республикасының ғылым және білім беру жүйесінің алдында тұрған келешектегі жауапты міндеттердің бірі- еліміздің гүлденуіне, өсіп өркендеуіне өз үлесін қосар жоғары білімді, мәдениетті жастар тәрбиелеу. Білім беруді 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында: «ЮНЕСКО-ның және өзге де зерттеулер оқушылардың білім деңгейлерінің жылдан- жылға төмендеп келе жатқандығын анықтайды»- деп атап көрсетілді.

Бүгінгі күні біздің мемлекетімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім кеңістігіне бағыт алуда. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу- қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адам арасындағы қарым- қатынас құралдарының ғарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Оқыту мен тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағдарлануы- 12 жылдық білім беруге көшуге жаңа бастама болып отыр. Сондықтан мұғалім үшін оқушының қызығушылығы, бейімі, жеке қабілеті және әлеументтік- психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс. Орта мектепте оқытылатын оқу пәндерінің қазіргі өзгерісті кездегі жүзеге асыруға тиісті негізгі мәселесінің бірі- оқушылардың «дұрыс ойлау дағдыларын қалыптастыру». Оқушылардың дұрыс ойлау дағдылары олардың таным белсенділігімен тығыз ұштасып жатады.

Сонымен, *зерттеу тақырыбының көкейкестілігі* информатика сабағында оқушының дұрыс ойлау дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін сабақта арттырудың, өз бетінше еңбектене білуге дағдыландырудың тиімді жолдарын қарастырылумен анықталады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру қазіргі заман педагогикалық теориясы мен практикасының даму кезеңіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқушылардың негізгі әрекеттерінің бірі оқу болғандықтан бұл заңды.

Қоғам жеке оқушыдан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан- жақты болуды талап етеді. Қазіргі кезде ұстаздар алдындағы маңызды міндеттердің бірі – оқушының жеке басының ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттілігін дамыту, оқуға деген қызығушылығы мен іскерлігін қалыптастыру. Ол үшін ең алдымен, оқушылардың танымдық іс - әрекеттерінің маңызды жақтарына көп көңіл аудару қажет.

Оқушылардың оқу үрдісіндегі танымдық жан қуаттарының оянуына түрткі болу- ол мектептегі оқытудың негізгі мәселелері. Оқушылардың белсенділігі мен танымды іс - әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, мектептердің алдында тұрған міндет. **Электрондық кестенің қажеттілігі**

1979 жылы екі экономист студент Дэн Бриклин және Боб Френкстон үй тапсырмасын тез орындауға көмектесетін және уақытты үнемдейтін әдіс ойлап табуды шешті. Олар тарихта бірінші рет электронды кесте бағдарламасын жазып, оны Visible Calculator сөзінен қысқартылған VisiCalc (Көрсеткіш калькулятор) деп атады. Сондықтан барлық электрондық кестелер бағдарламасы, оның ішінде Excel программасы Дэн мен Бобтың арқасында жүзеге асты. 1980 жылы кестелік процессорлардың пайда болуы кестелік құжаттарды компьютердің көмегімен өңдеуге мүмкіндік туғызады. Бірінші болып VisiCalc кестелік процессоры жасалды. Осыдан кейін-ақ электрондық кестелер (ЭК) тұжырымдамасын бірқатар фирмалар іліп алып кетті. Осылай VisiCalc, SuperCalc, Multiplan сияқты кестелік процессорлары пайда болды, содан кейін Lotus 1-2-3 дестесі жасалды. Біздің елімізде Computer Associates, Ins фирмасының SuperCalc-3-4-5 кестелік процессорлары кеңінен таралды. Содан кейін бірқатар орысша бейімделген АБАК, ДРАКОН, ВАРИТАБ-86 дестілері жасалынды. Осы күнге дейін қуаты аз компьютерлерде SuperCals-4.5 нұсқасы қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Информатика негіздері. Ғылыми әдістемелік журнал. 2004/2 36-37-бет. MS Excel программасындағы зертханалық жұмыс
2. Білімдегі жаңалықтар. 2008/4(24) 27-бет. Мектеп тәрбие үрдісінде оқушыларды ғылыми зерттеу ізденісіне баулу
3. Қазақстан мұғалімі. 2006/1-3. 4-б. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері.

Е.А. Әсемғажы

Индустрия – технология колледжі, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі – Толеукасимова А.Б., информатика пәнінің оқытушысы.

БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ғылым мен техниканың дамуы, біздің өміріміздегі атқарылып жатқан жұмыстарымызды әлдеқайда жеңілдетті. Әсіресе, заман талабына сай тұрғызылып жатқан құрылыс саласы, зәулім үйлер, көз тартар ғимараттар салынуына байланысты архитектураның даму бағыты да сан өзгеріп келеді. Асқан шеберлікті қажет ететін сәлет өнері арнайы бағдарламалардың көмегімен оңай және жылдам түрде сызылып, бой көтеруде. Менің бүгінгі жобамның тақырыбы да осы сәулет өнерінде 3D модельдеуді жүзеге асыратын SketchUp бағдарламасының мүмкіншіліктерін зерттеу, мүмкіндігінше бағдарламаны өз тәжірибемде қолданып көру.

Менің қызығушылығымды арттырған бұл бағдарлама кез келген қолданушының пайдалануында өзінің интерфейсінің жеңіл, әрі түсініктілігімен танымал болды. SketchUp бағдарламасы үш өлшемді компьютерлік графика немесе 3d графикаға (3 Dimensional-3 өлшемді) арналған программалардың тобына жатады және шын мәнді өмірдегі немесе ойдан құрастырылған әлемдегі фотографикалық сипат және сапамен көрінетін, сондай-ақ анимация деп аталатын объектілердің қимыл әрекетін көрсететін көріністерді имитациялайтын бөлек-бөлек кескіндерді синтездеуге арналған. Негізінде, бұл үш өлшемді модельдеу және анимация бағдарламасы дүние жүзіндегі үйдегі қолданушылар мен кәсіпқой киноиндустрия мамандарының арасында үлкен сұранысқа ие болды. Авторларының идеялары, практикада керемет іске асырылады. Сәулетшілік ішкі көріністерді және фасадтарды модельдеу, кейіпкерді анимациялау, Internet- ке арналған шындыққа негізделген фотолық 3D сахналар, физикалық

процесстерді визуализациялау- бұлар бағдарлама мүмкіндіктерінің бірі ғана. Сонымен қатар, сіздің пәтеріңізде жиһазды қалай үйлесімді етіп орналастырып қоюды көрсетуге, құттықтауға арналған роликтер құруға, курстық немесе дипломдық проекттер жасауға, бүкіл интернет-сервердің коммерциялық орындауларын немесе ірі компанияның жарнамалық видеобейнесін жасауға болады. Масштабталуы және пакеттің модульдік құрылымына байланысты, 3D- ді өздігінен үйренуші бірнеше сағаттық жұмыстан кейін жақсы нәтижеге жетуіне болады.

SketchUp пакетінің даму тарихы. Бұл бағдарлама қарапайым үш өлшемді модельдерді жасауға арналған бағдарлама. Осы бағдарламаны тауып шығарған американдық @Last Software компаниясы болып келеді. 1999 жылдан бастап 2006 жылға дейін осы компания бағдарламаның бес түрлі нұсқаларын шығарды. Содан кейін 2006 жылы SketchUp бағдарламасын Google корпорациясы сатып алды. Сөйтіп 2007 жылы осы бағдарлама жаңа түрінде жаңа Google SketchUp атымен шығарылды. Google компаниясы бағдарламаның жаңа, тұңғыш 7 нұсқасын шығарды. Ал 2010 жылдың қыркүйек айында қазір қолданып жатқан түрінің тұңғыш 8 нұсқасын жарыққа шығарды.

Қазіргі уақытта бағдарлама екі нұсқада көрсетілген- кәсіби Google SketchUp Pro (оның ішіндегі базасында материалдар мен кітаптар болады) және тегін нұсқасы Google SketchUp бар. SketchUp Make бағдарламасының бір неше нұсқалары бар. Тегін Google SketchUp нұсқаларында файлдардың импорт, экспорт жасауға мүмкіншіліктері шектеулі. Мысалы: көп таралған CAD конструкторлы форматтарына импорт немесе экспорт жасауға мүмкіншілік жоқ. Ал ондай форматтар SketchUp Pro, SketchUp Make де жақсы дамыған.

Әрбір бағдарламаның өзінің артықшылығы мен бірге кемшіліктері де қатар жүреді. Google SketchUp бағдарламасының кемшілігіне келесілерді жатқыза аламыз:

- 3d модельдердің көптігіне байланысты бағдарлама қатып қалады немесе істен шығады;
- Объектіге түс беру кезінде, нүктелі түрде боямен жұмыс істеу қабілеті жоқ;
- анимациялардың қозғалуын толыққанды қамтамасыз ете алмайды.

Бұл кемшіліктерді SketchUp құрастырушылары қазіргі таңда жоюды ұйымдастырып, қызмет етуде.

Қорыта келгенде Google SketchUp бағдарламасының мүмкіндіктерін 3D модельдеуде қолдануды жүзеге асырып, бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалды. Бұл бағдарлама қарапайым болса да түрлі архитектуралық мүмкіндіктерді атқаратынын өз жобамды орындау барысында көрдім.

М.А. Нұрғалиева

КМҚК «Электротехника колледжі» Семей қаласы
Ғылыми жетекші – А.Б Саньязова математика мұғалімі

ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУДЕ ЕСЕПТЕУШІ ТЕХНИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Бүгінгі таңда есептеу техникасының өте жылдам дамып, оны ғылымның кез келген саласына қолданып, одан нақты нәтижелер алуымызға байланысты, біраз компьютерлендіру ғасырына бет бұрып отырмыз.

Математиканы оқытуда есептегіш техникасын пайдалану студенттерді ынталандырып, олардың бойындағы қабілеттерінің дамып, көрінуіне және пәнге, жаңа техникаға деген қызығушылығын арттырады.

22 қыркүйек 1997 жылдың Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін информатикаландыру туралы мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Онда былай делінген : «Қазақстандағы жаңа қоғамдық – саяси және әлеуметтік экономикалық шарттар білім беру саласында принциптік жағынан жаңа жағдайлар жасалды».

Кез-келген есепті ЭЕМ-нің көмегімен шешу үшін, алдымен ол есептің математикалық моделін құру қажет. Есеп шығаруда математикалық модельді құру үшін алдымен:

1. Математикалық модель негізделетін болжамды біліп алу.
2. Алғашқы мәліметтермен нәтижені байланыстыратын математикалық қатынастарды (формула, теңдеу, теңсіздік және т.б.) жазу керек.

Мысалы, $2x^3 + 4x^2 - 3x - 5 = 0$ теңдеуінің [1;2] аралығындағы түбірін кесіндіні қак бөлу әдісін қолданып, $\epsilon=0.01$ дәлдігімен анықтау алгоритмін түзіңіз.

Turbo Pascal тілінде жазылған программасы:

```
Program S5;
label 1;
var a,b,Eps,x,y,z:Real;
begin
  ReadLn(a,b,Eps);
  z:=2*a*a*a+4*sqr(a)-3*a-5;
  repeat
    x:=(a+b)/2;
    y:=2*x*x*x+4*sqr(x)-3*x-5;
    if y=0 then
      goto 1
    else
      if z * y < 0 then
        b:=x
      else
        a:=x;
      until abs(b-a) < Eps;
    x:=(a+b)/2;
  1: WriteLn ("x=", x:9:2);
end.
```

Математика пәнін оқуда компьютерді қолдану мұғалім мен студент қарым-қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгерістерге ұшыратады. Қалыпты білім жүйесінде мұғалім → студент → оқулық түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, мұғалім → студент → компьютер → оқулық жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім алу оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуге талап етеді.

Сондай-ақ, студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамытуға, олардың осы пәндерге қызығушылықтарын арттыруға және олимпиада сайыстарында үлкен нәтижеге жетуге математика мен информатика пәндерінің интеграциялануы нәтижесінде қол жеткізуге болады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ж.Қ. Масанов, Б.А. Бельгибаев, А.С. Бижанова, Қ.Қ. Мақұлов. Turbo Pascal. А.: «Бастау», 2004
2. Семакин И.Г., Шестаков А.П. Основы программирования. Учебник. М.:Мастерство, 2002
3. Лавров С. Программирование. Математические основы. СПб.: Петербург, 2001

СЕКЦИЯ № 9: ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

СЕКЦИЯ: ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

А.С. Мақыпова

Т.Аманов атындағы №16 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қ.
Ғылыми жетекшілері – Г.Б.Тургамбаева, А.С.Амантаева, математика пәні мұғалімдері

ТАБИҒАТТЫҢ ФРАКТАЛДЫ ГЕОМЕТРИЯСЫ

Математика әлемде және табиғатта болып жатқан үдерістерді сипаттайды. Біз табиғатта әртүрлі кескін – келбеттің бірнеше рет өзгеріп қайталануын жиі байқаймыз. Сол сияқты ағаштардың бұтақтары

бар. Бұл бұтақтарда өзінен кіші бұтақшалары бар және т.с.с. Теория жағынан тарамданулар азая отырып шексіз көп қайталаынады. Қорыта келгенде, табиғатта өзіне ұқсастырудың қасиеттері пайда болады. Бұл мәселені 1983 ж Мендельброт өзінің «Табиғаттағы фракталды геометрия» деген кітабында байқап, сосын арқасында жаңа әлем объектілерінің геометриясы – фракталды геометрия әлемі екендігін ашады[1].

Фракталдар – бір жағынан шексіз көп элементтерден, екінші жағынан өте қарапайым заңдардан құралған объектілер. Бұл қасиет нәтижесінде, фракталдар ұтымдылық нәтижесі ретінде үздіксіз және дискретті формасында қалыптасатын табиғи объектілермен көптеген ортақ нәрселерді табады. Бір көңіл бөлетін жағдай, қарастырылып отырған жапырақтар жүйесі табиғаттағы ұтымдылық сапасы фракталды геометрия мен фракталды торлар үйлесімділігі ретінде алдын –ала қарастырылған жоқ[2].

Б.Мендельброттың «Табиғаттың фракталды геометриясы» келесі ұғымдармен басталады:


«Неге әрдайым геометрияны «суық» және «күрғақ» деп атайды? Себептердің бірі – бұлттың, таудың, ағаштың және жағалық сызықтың формасын сипаттай алмауы. Бұлттар сфера болып, таулар конус болып көрінбейді, жағалық сызықты шеңбер көмегімен суреттеуге келмейді, ағаштардың қабығын тегіс деп, ал найзағай жолын түзу сызықты деп айта алмаймыз. Жалпы айтқанда табиғаттың көптеген формалары евклид фигураларымен (евклид фигуралары деп біз қарапайым геометрияға қатыстылардың бәрін айтамыз) салыстырғанда соғұрлым дұрыс емес және бөлшектенген. Табиғат жоғары дәрежелерді ғана емес, сонымен қатар қиындықтардың мүлдем басқаша деңгейін көрсетеді. Қандай да болмасын практикалық тапсырмалар үшін табиғи формадағы әртүрлі масштаб ұзындықтарының санын шексіз деп есептеуге болады»[1].

Фрактал деп масштабының кішіреюі нәтижесінде әрбір бөлігі қайталанатын шексіз бір-біріне ұқсас фигуралардың жиынтығын айтады. Нейрондар, адамның тамыр жүйесі, теңіз бен көл жағасының ирендері, ағаш контурлары, бұлардың бәрі –фракталдар. Фракталдарды бір жасушалы мембрана сияқты өте кішкентай және жұлдызды галактикалар сияқты өте үлкен жерлерден табады. Бұл айтылғандардан қорыта келе, фракталдар ол – хаосты әлемнің болжамсыз қозғалыстары туатын сирек кездесетін объектілері[3].


Фракталдар көптеген топтарға бөлінеді. Олардың ішіндегі ең танымалысы және үлкендері олар:

- геометриялық фракталдар
- алгебралық фракталдар
- стохастикалық фракталдар

Кейбір геометриялық фракталдардың бірі ретінде Кох қисығын келтіруге болады (1-сурет). 1904 жылы ашқан швед математигі Хельги фон Кохтың құрметіне аталған. Бұл фракталды салу үшін көптеген қадамдарды ретімен орындау керек.



2-сурет, Кох қисығының



1-сурет. Кох қисығы

Бастапқы қадам – нөлінші. Кез келген ұзындықтағы кесінді алып (2-сурет, а) және оны тең үш бөлікке бөлеміз. CD орта кесіндісінде CED дұрыс үшбұрышын тұрғызамыз, оның негізі CD –ны кейін ал тастаймыз. Біз барлық буындары тең $ACEDB$ қисығын аламыз (2-сурет,б).

Екінші қадам: AC, CE, ED, DB буындарының әрқайсысын тағы да үш тең бөлікке бөліп, негізін кейін алып тастайтын орта кесіндісіне дұрыс үшбұрыштар

орналастырамыз. Біз жаңа $AMKNCLPFEQRSDTUXB$ сынығын аламыз (2-сурет, в). Екінші қадам аяқталды. Бұл процесті үздіксіз жалғастыра отырып ізделінетін Кох қисығын аламыз. 3-суреттен байқағанымыздай, Кох қисығы қырауға өте ұқсас болғандықтан оны Кох қырауы деп те атайды.

Тағы бір геометриялық фрактал Поляк математигі Вацлав Серпинскийдің (1882-1969) құрметіне аталған Серпинский кілемі келесідей құрылады. Дұрыс үшбұрыш алайық (3-сурет, а). Бұл нөлінші қадамымыз болады. Орта сызықтарын жүргізіп, орта үшбұрышты шығарып тастаймыз (бұл бірінші қадам). Екінші қадамымызда қалған үшбұрыштардың орта сызықтарын жүргізіп, әрқайсысынан орта үшбұрыштарын шығарамыз (3 сурет, в). Процестерді үздіксіз жалғастыра отырып, үшінші, төртінші қадамдарда аналогиялық әрекеттерді қайталап, нәтижесінде аналогиялық суретті аламыз (3, г).


Мұнда өзіндік фракталдың бір қасиеті пайда болады. Егер біз кез келген кескінделген үшбұрышты алып (біз кесіп алғандардан басқасы) және оны үлкейтсек онда толық үшбұрыштың дәл көшірмесін аламыз. Бұл жағдайда біз толық өзіндінен жұмыс жасадық.

Серпинский кілемін қолмен жасаған сияқты компьютермен де құруға болады. Үшінші суреттен Серпинский кілемінен тұратын жұмыстың бағдарламасын көруге болады.

Сонымен, Бенуа Менельброттың «Табиғат геометриясы фракталды!» деп жар салғанына бірнеше ғана онжылдықтар өтсе де, біз қазіргі таңда ашық түрде фракталдар – олар табиғаттағы барлық объектілерді белгілі бір кескін келбетке келтірілуі деп айта аламыз. Фракталдар көптеген ғылым салаларында қолданылатын ерекше бір дүние болып отыр. Бұл жұмыс нәтижесін пайдалана отырып, биология, математиканың қосымша сабақтарында, информатика сабақтарын қызықты өткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мандельброт Б. Фрактальная геометрия природы. – М.-Ижевск: Ижевский институт компьютерных исследований, НИЦ «Регулярная и хаотическая динамика», 2010. –656 с.
2. Федор Е., Фракталы: Пер. с англ. – М.: Мир, 1991. – 254 с.
3. Пайтген, Х.-О. Красота фракталов / Х.-О. Пайтген, П.Х. Рихтер. – М.: Мир, 1993. –176 с.
4. Терминологический словарь (тезаурус). Гуманитарная биология / Под ред. А.В. Олескина. – М.: Изд-во МГУ, 2009. – 386 с.



3-сурет. Серпинский кілемінің құрылуы

Н.С. Маратов, Н.С. Маратов

СОШ-лицей №7

Научный руководитель – А. С. Шукыжанова, учитель математики

ТЕОРЕМА МЕНЕЛЯ И ЕЁ ПРИМЕНЕНИЕ

Цель и задачи:

Изучение темы «Теорема Менеля и ее применение» как универсального метода решения ряда наиболее трудных задач геометрии на нахождение отношений отрезков, площадей и объемов

- 1) Изучить теорему Менеля
- 2) Выявить свойства теоремы
- 3) Показать применение при решении разнообразных задач

Объектом исследования являются треугольник и тетраэдр, как основные геометрические фигуры. Для данных фигур планиметрии и стереометрии, используя теорему Менеля, выведены формулы для нахождения площади треугольника, образованного данными отрезками, отношения площадей треугольников, так же объем частей тетраэдра и отношение объемов частей тетраэдра.




Рис. 1

Теорема Менелая:

Если $\triangle ABC$ пересечен прямой, не параллельной стороне AB и пересекающей две его стороны AC и BC соответственно в точках F и E , а прямую AB в точке D , тогда $\frac{BE}{EC} \times \frac{CF}{FA} \times \frac{AD}{DB} = 1$. (Рис. 1)

Задача на нахождение отношения отрезков

В $\triangle ABC$ биссектриса AD делит сторону BC в отношении 2:1. В каком отношении медиана CE делит эту биссектрису? Найдите $\frac{AO}{DO}$. (Рис. 2)




Рис. 2

Решение 1.

$\triangle AOB$ дополним до параллелограмма $AKBO$.

$$\triangle KBC \sim \triangle ODC. \frac{KB}{DO} = \frac{BC}{DC} \cdot \frac{KB}{BO} = \frac{BD+DC}{DC} = \frac{2DC+DC}{DC} = \frac{3DC}{DC} = \frac{3}{1}, \frac{KB}{DO} = \frac{3}{1}. KB = AO. \frac{AO}{DO} = \frac{3}{1}$$

Решение 2.

Для $\triangle ABD$ применим теорему Менелая, где CE – секущая. $\frac{AE}{EB} \times \frac{BC}{CD} \times \frac{DO}{OA} = 1, \frac{1}{1} \times \frac{3}{1} \times \frac{DO}{OA} = 1, \frac{OA}{DO} = \frac{3}{1}$.

2. Задача на нахождение отношения площадей треугольников (Рис. 3)




Рис. 3

На сторонах $\triangle ABC$ взяты точки A_1, B_1, C_1 , делящие его стороны в отношении $\frac{BA_1}{A_1C} = p, \frac{CB_1}{B_1A} = q, \frac{AC_1}{C_1B} = r$. Зная, что $S_{\triangle ABC} = S$, найти $S_{\triangle PQR}$.

Решение. Применяя теорему Менелая к разным треугольникам и секущим треугольников несколько раз и преобразовывая выражения, мы получили простую и изящную формулу для нахождения площади внутреннего треугольника ($\triangle PQR$), при известных отношениях и площади данного треугольника (ABC).

$$S_{\triangle PQR} = \frac{S(1 - pqr)^2}{(1 + q + qr)(1 + r + rp)(1 + p + qp)}$$

Задача на нахождение отношения объемов пирамид (Рис. 4)

В пирамиде $DABC$ точки K, L, M соответственно лежат на ребрах AD, BD, BC , при этом $\frac{AK}{KD} = k, \frac{DL}{LB} = l, \frac{BM}{MC} = m$, и через точки K, L, M проведена плоскость. В каком отношении плоскость сечения делит объемы частей пирамиды, если объем данной пирамиды равен V ? Найдите $\frac{V_1}{V_2}$




Рис. 4

Решение. Задача решается аналогично задаче №2 с помощью теоремы.

$$\frac{V_1}{V_2} = \frac{1}{m} \times \frac{1+k+kl+mkl+(m+1)l \times (mkl+1)}{1+k+kl+mkl+(m+1)l \times (k^2l+k^2)}$$

К.С. Ракашева

КГУ «Новопокровская средняя школа» с. Новопокровка

Научный руководитель – Ш.Д. Кудайбергенова, учитель математики

МОЯ ГОРДОСТЬ

Зрение человека – это физиологический процесс восприятия окружающего предметного мира, способность человека воспринимать информацию путём преобразования энергии электромагнитного излучения светового диапазона, осуществляемая зрительной системой.

Как же в старину определяли остроту зрения?

Работая над этим вопросом, мы выяснили, что прообразом всех известных таблиц для проверки остроты зрения являются... *звёзды*. А именно созвездие Большой Медведицы. Рядом со средней звездой Мицар в хвосте Большой Медведицы можно увидеть слабую звездочку пятой величины, трудно

различимую на фоне своей яркой соседки, это – Алькор. По звезде Алькор проверяли остроту зрения воинов. Некоторые астрономы считают Мицар и Алькор двойной звездой.

Какие же звёзды называют двойными?

Двойные звёзды называются визуально – двойными, если их двойственность может быть замечена при непосредственных наблюдениях в телескоп. Многие из визуально – двойных звёзд оказываются оптически – двойными, т.е. близость таких звёзд является результатом случайной проекции их на небо. В пространстве они далеки друг от друга. Иногда постепенно выясняется, что более слабая звезда – спутник обращается вокруг более яркой звезды. Систематически меняются расстояния между ними и направление линий, их соединяющей. Такие звёзды называются физическими двойными. [1]

Двойные звёзды удерживаются вместе взаимным тяготением. Обе звезды вращаются по эллиптическим орбитам вокруг некоторой точки, лежащей между ними и называемой центром гравитации этих звёзд. [2]. Если расстояние между партнёрами достаточно велико, орбитальный период может измеряться годами, а иногда целым столетием. Если две звезды образуют тесную систему, что расстояние между звёздами сравнимо с их радиусами, взаимодействие звёзд-партнёров не ограничивается только тем, что они вращаются вокруг общего центра масс. В такой системе возможно перетекание веществ с одной звезды на другую под действием гравитационного притяжения.

Жизнь двойных систем не ограничивается взаимным влиянием светил: в звёздных скоплениях и ядрах галактик двойные звёзды активно взаимодействуют с соседями и заметно влияют на их эволюцию [3].

Какой же вклад внёс Казахстан в изучение двойных звёзд?

Изучая литературу, мы выявили таких казахстанских учёных как, Ж.Ш. Жантаев, Л.М. Чечин, В.Г. Фесенко, Г.А. Тихов и Т.Б. Омаров.

Тукен Бигалиевич Омаров – один из выдающихся астрономов современности, ученый, сформировавший научное направление, лежащее на стыке звёздной динамики и небесной механики.

Всемирного признания доктор физико – математических наук добился благодаря трудам в области динамики галактик, их систем и двойных звёзд. Вся его научная жизнь связана с Астрофизическим институтом им. В.Г. Фесенкова (г. Алматы), где он прошёл путь от старшего лаборанта до директора института.

Т.Б. Омаров – один из ведущих в мировой науке специалистов в области теоретической астрофизики. В результате его деятельности в историю динамической астрономии вошли такие понятия, как «задача Иддиса - Омарова», «элементы Омарова - Хаджидеметриу» и «задача Гельфгата - Омарова» [4]

Т.Б. Омаров родился 12 марта 1935 г. в селе Новопокровка Семипалатинской области. [5]

Я горжусь тем, что я родилась и живу в селе, в котором родился и учился такой знаменитый человек как Т.Б. Омаров и это сподвигло, зажгло во мне желание познать мир звёзд – астрономию!

Если б Солнце не знало вспышек,-

Не издали бы ярких книжек,

Не смогла бы Земля сиять,

В небе чудо не стали бы ждать. [6]

Список литературы:

1. qlobuss24.ru
2. astrolabia.ru
4. old.el.kz
5. nplib.library.kz, Юбилейные даты.
3. В.Г. Сурдин «Где сталкиваются звёзды?», В мире науки. 2003. №3
6. galaxy.astron.kharkov.ua

ИССЛЕДОВАНИЕ НЕНЬЮТОНОВСКОЙ ЖИДКОСТИ

Ни один человек не может уйти от реального материального мира, окружающего его и в котором он сам живёт. Природа, быт, техника и всё то, что нас окружает и в нас самих происходит, подчинено единым законам происхождения и развития – законам ФИЗИКИ. Природа – настоящая физическая лаборатория, в которой человек должен быть активным наблюдателем, творцом, но не рабом природы, неспособным хотя бы приближенно объяснить наблюдаемые им природные явления. [1], [2]

Актуальность проекта

Нас окружает огромное количество жидкостей. Жидкость окружает везде и всегда. Сами люди состоят из жидкости, вода дает нам жизнь, из воды мы вышли и к воде всегда возвращаемся. Мы все время сталкиваемся с использованием жидкостей, пьем чай, моем руки, заливаем бензин в автомобиль, наливаем масло на сковороду. Основным свойством жидкости является, то, что она способна менять свою форму под действием механического воздействия. Но оказалось, что не все жидкости ведут себя привычным образом. Это так называемые неньютоновские жидкости. Мы заинтересовались необычными свойствами таких жидкостей и провели несколько опытов. [4-5]

Гипотеза:

Провести опыты, в которых наглядно можно увидеть некоторые физические свойства неньютоновских жидкостей

Цель проекта:

- получить неньютоновскую жидкость:
- изучить некоторые физические свойства неньютоновской жидкости

Задача проекта:

- собрать теоретический материал о неньютоновской жидкости
- опытным путём изучить некоторые физические свойства неньютоновских жидкостей (плотность, температура кипения, температура кристаллизации)
- узнать область применения неньютоновских жидкостей

Методы исследования:

- Наблюдение
- Изучение теоретических материалов
- Проведение опытов
- Эксперимент №1 «Получение неньютоновской жидкости»
- Эксперимент №2 «Изучение некоторых физических свойств неньютоновских жидкостей»
- Эксперимент №3 «Изучение влияния магнитных полей на неньютоновскую жидкость»
- Эксперимент №4 «Создание игрушки – лизун (slime)» [4-5]
- Анализ.

В результате проделанной работы был проведён обзор теоретических источников информации. Проведена серия экспериментов с неньютоновской жидкостью, рассчитали плотность, определили температуру кипения и кристаллизации неньютоновских жидкостей

По результатам экспериментов можно сделать следующие выводы:

1. если мешаем быстро неньютоновскую жидкость, чувствуется сопротивление, а если медленнее то нет. При быстром движении такая жидкость ведёт себя как твердое тело;
2. при изменении температуры изменяется плотность жидкости

Существует много удивительных вещей вокруг нас, и неньютоновская жидкость яркий этому пример. Мы надеемся, что нам удалось наглядно продемонстрировать ее удивительные свойства. По итогам работы были выполнены все поставленные задачи и сделаны все запланированные опыты. проведенные опыты и презентация проиллюстрировали цель проделанной нами работы.

Список литературы:

Методические материалы:

1. А. В.Перышкин. Физика 7 класс, Дрофа, Москва 2008 г.
2. Зарембо Л.К., Болотовский Б.М., Стаханов И.П. и др. Школьникам о современной физике. Просвещение, 2006г.
3. Кабардин О.Ф., Физика, справочные материалы, Просвещение, 1988

Интернет- ресурсы

4. <http://ru.wikipedia.org>
5. <http://www.google.ru>
6. <http://nglib.ru>
7. <http://ngpedia.ru>

Г.А. Самархан, Н.Е. Орынтаева

Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия, Семей қ.
Ғылыми жетекші – Ж.Н.Нурлыбековна, математика пәні мұғалімі

КОМБИНАТОРИКА – ҒАЖАЙЫП ҒЫЛЫМ

Зерттеудің мақсаты: комбинаторика ғылымының күнделікті өмірдегі пайдасын біліп, комбинаторика жайында мәлімет алу.

Тақырыптың өзектілігі: комбинаторикалық есептеу әдістерін пайдалана отырып, болашақта математикалық білімімізді жетілдіре отырып, адамның ойлау қабілетін дамыту.

Зерттеу міндеттері:

1. Есептерді шешу біліктіліктерін қалыптастыру;
2. Комбинаторикалық тәсілдер бойынша білімімізді қалыптастыру;
3. Есептер шығару барысында комбинаторикалық формулалар бойынша негізгі білімімізді дамыту.

Зерттеу кезеңдері:

1- кезең: Зерттеліп отырған мәселеге қатысты әдебиеттермен таныстық. «ВКонтакте» желісі бойынша мысалға 3 есеп беріп, әр түрлі жауап нұсқасын ұсындық.

2-кезең. Өскемен қаласында өткен «Сыр- сұхбат» бағдарламасында Қазақстанның физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Жұмаділдаевпен болған кездесуде математиканың осы саласының өмірде өте жиі кездесетінін және тиімді екенін естідік .

Зерттеудің жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы: Математиканың бұл саласы соңғы жылдары жедел қарқынмен дамып келеді. Кейінгі жылдары комбинаториканың практикада кең қолданыс табуына электрондық есептегіш техниканың дамуы мен математикалық статистиканың практикалық маңызының күннен-күнге артуы негізгі себеп болып отыр. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер ғылыми-практикалық тұрғыдан алғанда маңызы зор.

Зерттеудің жаңалығы және автордың өзіндік үлесінің дәрежесі: Комбинаторика элементтері мектеп бағдарламасының тек жоғарғы сыныптарында қарастырылса да, орта буын оқушыларының олимпиадалық, конкурстық тапсырмаларында жиі кездеседі. Қазіргі дайындалып жатқан жаңа білім стандартына «комбинаторика» тақырыбын енгізсе, ол біздің де қосқан үлесіміз болушы еді. Осы зерттеу барысында көптеген оқушылар комбинаториканың қандай ғылым екенін біліп қалды.

Жұмыстың нәтижесі және қорытынды: Әрбір адам өз бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға, табиғи қасиеттерін , математикалық білім деңгейін тереңдету үшін өз бетінше білім алуға қадам басып ұмтылу керек. Біздің мақсатымыз комбинаторикалық есептеу әдістеріне шолу жасай отырып математикалық білімімізді арттыру болатын. Осы жобаны 2 жыл көлемінде зерттей отырып біз осы мақсатымызға жеттік

Бүгінгі осы жобамызда келтірген комбинаторикалық есептеу әдістері адам өміріне қажетті және маңызды деп санаймыз.



Т.Т.Сайлаубек

Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия, Семей қ.
Ғылыми жетекші – А.Л.Мамыржановна, физика пән мұғалімі

БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТАДАҒЫ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПРОГРЕССИЯ

Менің басты мақсатым бізді қоршаған ортада практикалық маңызға ие арифметикалық және геометриялық прогрессияға келтірілетін есептерді жинақтап, сол есептердің шешімдерін табу және есептер құрастыру болды.

Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар бізді қоршаған ортаның көбінесе медицина саласында; физикада; геология саласында; экономика саласында кездесетіндігі анықталды.

Зерттеу бөлімінде емделушіге қажет сұйық дәрінің мөлшеріне байланысты есеп, педиатрияда сәби дамуының орташа көрсеткіштерін есептеу есебі, шахта тереңдігін есептеу, автокөліктің тоқтауы туралы, доптың тоқтауы туралы, альпинисттер саяхаты, бактериялардың көбеюі, несие туралы мысалдар қарастырдым.

Бізді қоршаған ортадағы арифметикалық және геометриялық есептерге келтірілетін есептерді қарастырып көрейік:

1.2 Прогрессия «Педиатрияда». Сәби дамуының орташа көрсеткіштерін есептеу формулалары.

1 жастан асқан сәбидің қабылдайтын тәуліктік тағам көлемі мына формуламен есептелінеді:

$1000 + 100 \cdot n$ (мл) мұнда n —баланың жасы.

10 жасқа дейінгі баланың салмағын есептеу формуласы: $m = 10 + 2 \cdot n$, мұнда 10 —бір жасар баланың орташа салмағы, 2 —әр жыл сайын қосып отыратын салмағы, n —баланың жасы.

1 жастан асқан бала бойының ұзындығын есептеу формуласы: $75 + 6n$, мұнда 75 см—бір жасар бала бойының орташа ұзындығы, 6 см—әр жыл сайын бойының өсуінің орташа көрсеткіші, n —баланың жасы.

1 жастан асқан 15 жасқа дейінгі бала ұйқысына кететін уақытты есептеу формуласы: $16 - 12n$, мұнда n —баланың жасы.

Мен осы формулалар арқылы 6 жасар қарындасымның дамуының орташа көрсеткішін зерттеп көрдім:

Баланың жасы	Тағам көлемі (мл)	Салмағы	Бойының ұзындығы	Ұйқы уақыты
$n=6$	$1000 + 100 \cdot 6 = 1600$ (мл)	$m = 10 + 2 \cdot 6 = 22$ кг	$75 + 6n = 75 + 6 \cdot 6 = 87$ см	$16 - \frac{1}{2}n = 16 - \frac{1}{2} \cdot 6 = 13$ сағ

Расында да сәйкес келеді екен.

2. Физикада қолданылысы

2.1 [4, № 614] Шахта тереңдігі. Еркін құлау барысында дене 1 секундта 5 метр, ал әрбір келесі секундта 10 м-ге артық ұзындықта төмен қарай түсті. Егер дене шахтаның түбіне 5 секундта жетсе, шахта тереңдігін табыңдар.

Шешуі: $a_1=5$, $d=10$. $a_5=a_1+4d$; $a_5=45$.

$$S_5 = \frac{a_1+a_5}{2} \cdot 5 = \frac{5+45}{2} \cdot 5 = 125, \text{ яғни шахтаның тереңдігі } 125\text{м болады.}$$

Жауабы: 125 м.

Бұл есеп арифметикалық прогрессияның физикамен тығыз байланысын, тереңдік және т.б. шамаларды өлшеуде қолданылатынын көрсетіп тұр.

3. Биологияда қолданысы

Бактериялардың көбеюі. Өздеріңіз білетіндей, бактериялар мен ұсақ денелер 2 және т.б. бөлініп, жыныссыз жолмен көбейеді. Яғни, бұл жағдайда геометриялық прогрессия қолданылады.

Бактерия тірі ағзаға түскеннен соң қолайлы жағдай туса 20-шы минуттың аяғында екіге бөлінеді және келесі 20 минуттың соңында келесі бактериялар да екіге бөлінеді. Сонда бір күнде бір бактериядан неше бактерия пайда болуы мүмкін?

Шешімі: 1 сағатта 60 минут бар.

1 сағатта 3 “20 минут” бар

$$3 \cdot 24 = 72, b=1, q=2, n=72, S = \frac{(2^{72}-1)}{2-1} = 2^{72} - 1$$

Жауабы: $2^{72} - 1$ бактерия.

Химияда. Температураны арифметикалық прогрессия бойынша өсіретін болсақ, химиялық реакциялардың жылдамдығы геометриялық прогрессия бойынша артады.

Геометрия немес сәулет өнерінде. Қабырғаларының орталары арқылы бірінің ішіне бірі салынған үшбұрыштар геометриялық прогрессияны құрайды.

Физикада. Физикалық процесстерде де осы осы заңдылық кездеседі. Нейтрон уранның ядросын соққан кезде оны екі бөлікке бөледі. Сонда 2 нейтрон пайда болады. Сосын осы екі нейтрон қайтадан ядроға соққы беріп 4-ке бөлінеді.

Биология. Микроорганизмдер екіге бөліну арқылы көбейеді, сондықтан бірдей уақыт аралығында қолайлы жағдай туындаса олар екіге бөлініп отырады.

Экономикада. Банктегі салымдарымыз жай және күрделі пайыздар схемасы бойынша артып отырады. Жай пайыздар салымымыздың арифметикалық прогрессия бойынша өсуін білдірсе, күрделі пайыздар - геометриялық прогрессия бойынша өсуді білдіреді.

Көрсетілген есептер арқылы прогрессия әр түрлі жарыстар өткізу барысында, медицинада, тереңдік және т.б. шамаларды өлшеуде ,

геологияда, популяция және демография саласында, зиянды вирустар мен бактериялардың қанша уақыт аралығында таралатынын анықтауда, тамақ өндірісінде, биология саласында, экономика саласында, пайдалы қазбалардың белгілі бір мөлшерінің сарқылу мерзімін анықтауда, сәтсіздікке ұшырамау үшін бәсекелік келісім шарттарда, спортта және тағы басқа бізді қоршаған ортаның көптеген салаларында прогрессия қолданылады деген қорытындыға келемін. Прогрессияны әдебиетте де кездестіруге болады екен. Прогрессияға келтірілетін есептерді қарастыра отырып мен өз білімімді шыңдадым.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКИХ РАСЧЕТОВ В ПРОФЕССИЯХ СЛУЖАЩИХ ЖЕЗКЕНТСКОГО ГОРНО-ОБОГАТИТЕЛЬНОГО КОМБИНАТА

Цель исследования заключается в изучении специфики работы специалистов Жезкентского ГОКа, связь с предметом математики. Поставленные задачи:

1. Изучить литературу по данной теме.
2. Провести экскурсию по Жезкентскому ГОКу, наблюдать за работой специалистов различных профессий.
3. Провести беседу с работниками данного предприятия.
4. Выявить значимость математики в различных профессиях.

В качестве гипотезы выступает предположение о том, что в каждой профессии используются математические расчеты.

Процедура исследования состояла из следующих этапов:

1. Теоретический анализ проблемы исследования - описание сущности проблемы, ее особенностей, важности в современном мире.
2. История возникновения данного предприятия, статистика профессий.
3. Практическая часть, которая включает в себя наблюдение за специалистами, беседу с ними, описание обязанностей, выявление использования математических расчетов.
4. Создание буклета под названием "Математика в профессиях работников Жезкентского ГОКа" .
5. Ведение дневника исследования.

Проблема и новизна исследования заключается в том, что обучаясь в школе, мы до конца не понимаем важности изучаемых предметов, в частности математики без которой невозможно качественное выполнение своих профессиональных обязанностей служащих в любой сфере деятельности. На основании полученных данных мы пришли к следующим выводам:

1. В Жезкентском Гоке насчитывается более 50 специальностей.
